



«НҰР ОТАН» – НҰРЛЫ БОЛАШАҚ ЖОЛЫНДА

Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының XV съезі өтті. Съезд жұмысына партияның барлық өңірлік бөлімшелерінен 1 мың 194 делегат қатысты.

Сондай-ақ оған Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, қоғамдық және жастар ұйымдарының басшылары, шетелдік дипломатиялық корпус және халықаралық ұйым өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері, ұлттық холдингтер басшылары және басқа да жалпы қарасы мыңнан астам қонақ шақырылыпты.

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаев партияның XV съезінде сөз сөйледі.

Сондай-ақ, съезд барысында Парламент Сенатының депутаты Н.Оразалин, «Алтын жүрек» сыйлығының ұйымдастыру комитетінің төрайымы Ж.Омарбекова, Парламент Мәжілісі комитетінің төрағасы М.Әшімбаев, «Ерке-Нұр» компаниясының президенті Ф.Мерхамитқызы, Қостанай қаласы мәслихатының депутаты Т.Новикова, «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешенінің басшысы К.Төсекбаев, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сунақ ата ауылдық округінің әкімі А.Қыстаубаева сөз сөйледі.

Съезд соңында «Нұр Отан» партиясының көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен және Үкімет мүшелері мен өңірлік филиалдар басшыларының қатысуымен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген Бюро отырысы өтті. Оның барысында партияны жаңартуға, аппарат жұмысының тиімділігін түбегейлі көтеруге байланысты нақты тапсырмалар берілді.

Күрметті съезд делегаттары! Қадірлі қонақтар!

Бүгінгі басқосудың орны айрықша. Өткен 15 жылдың қорытындысын шығару тұрғысынан және болашақ бағдар тұрғысынан да бөлекше күн. Бұл – еліміз «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдағаннан бергі партиямыздың алғашқы басқосуы. Біз алыс болашаққа көз тігіп, алдымызға биік межелер белгіледік. Қандай мақсатқа қай жолмен жететінімізді нақтылап, оны жүзеге асыруға кірістік. Еліміздің ертеңі стратегиясынан қалай іске асыруымыз керек, соны ойластырамыз. Оны мүлтіксіз жүзеге асырып, Қазақ елін дамудың дара жолына бастау елдегі ең қуатты саяси күш – «Нұр Отанға» жүктеліп отыр.

Ең ұлы жолдың өзі шағын ғана қадамнан басталады. Осыдан 14 жыл бұрын партияның алғашқы съезіне небәрі 400-ге жуық делегат қатысқан еді. Аз ғана жылда «Нұр Отан» 250 филиалы, 6300 бастауыш ұйымы бар алып құрылымға айналды. Атқарушы және өкілетті билік тармақтарында тізгінді берік ұстады. Елдік істердің барлығына белсене араласып келеді. Менің бастамаларыма әрдайым қызу қолдау білдіріп, идеяларымды құлшына іске асырып келеді. Осы арқылы телегей тәжірибе жинақталды.

Халық көзделіні ғана емес, көңіл-дегіні де көреді. «Нұр Отан» нақты нәтиженің, ілкімді істің партиясы атанып, елдің көңілінен шыға білді. «Елін қуатты болса, бағың тұрақты болады» дейді халқымыз. Күнмізді шуақты ете түсу үшін елімізді қуатты ету барлығымыздың ортақ парымыз. Елімізді әлемнің ең қуатты 30 елінің қатарына қосу – алдымыздағы үлкен, ұлы мақсат. Бұл «Нұр Отанның» болашаққа жол сілтейтін темірқазығы болуға тиіс. Бүгінгі съезде қабылданатын «Нұр Отанның» жаңа саяси доктринасы да осыны көздейді. Біз қоғамымыздың ерекшеліктерін артықшылыққа айналдыра білдік. Әралуандығымыз – байлығымызға, бірлігіміз – табысымызға айналды. Осыны ұлт зиялылары үнемі есте ұстап, жастарға әрдайым ынтымақтап үлгісін көрсеткені жөн.

Доктринада мемлекеттік тілдің ел



бірлігінің факторы ретінде аталғаны да өте маңызды. Бұл мәселеге аса ден қоятын кез келді. Қазақ тілін білу азаматтық парызды ғана емес, ұлтқа деген құрметті де білдіреді. Отан отбасындағы өнегелі тәрбиенен бастау алады. Осыны әрбір азамат есінде ұстауы тиіс. Биыл тәуелсіздігіміздің 22 жылдығын атап өтейін деп отырмыз. Ол – ата-бабамыздың ансаған арманы. Соның баршасында осы отырған көпшіліктеріңіз, бірге келе жатқан менің серіктестерім, қызметтес достарым, жолдастарым, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, барлық деңгейдегі өкімдер бүкіл халықты ұйымдастырып, оны жеңіске жеткіздік. Сол үшін баршалаңыңа зор ризашылығымды білдіремін.

Күрметті делегаттар мен съезд қонақтары!

Бұл форум Қазақстанның жаңа тарихының бетбұрысты белесінде өтіп отыр. Біздің қоғамымыз 2050 Стратегиясында жария етілген жаңа ұлы мақсатқа сенімді қадам жасады. XXI ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанның тарихи шыңғау шыңы шымыр да жұмыр белгіленген. Нені және қалай істейтінімізді, қандай мақсатқа қол жеткізгіміз келетінін білеміз. Өзінің ыңғайына қарай тарих қашанда үзгеріс алға тартып отырады, тиісінше жағдайлар да өзгереді, соған орай біздің де өзгеруімізге тура келеді. Алайда, алдағы мақсат біз үшін де, келер ұрпақ үшін де нақпа-нақ айқындалған. Мерзімінен бұрын орындалған 2030 Стратегиясын жүзеге асыру барысындағы сияқты, бұл бізді шабыттандырады. Бұл бағдарламаны да біздің орындай алатындығымызға және халқымыздың игілігі мен елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ете білетінімізге мен сенімдімін.

Бағдарламаның өзегі – біздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің бірі болуға тиісті екендігіміз. Мақсатымыздың аса ауқымдылығы айдан анық. Өзінің тарихында біздің халқымыз тап қазіргісіндей экономикалық және әлеуметтік шыңдарды бағындырып көрген емес. Мұны жасау тек қазақстандықтардың қазіргі ұрпағының ғана қолынан келді. Тәуелсіздікті жария етіп, Қазақстанымызды дамыта отырып, біз дамуың шалғай шетінен біржола шығып кеттік. Еуразияның лайықты жаңа мемлекеті болдық. Ендігі жерде қашанда бүкіл әлемдік қоғамдас-тықпен қатар алымдауға тиіспіз.

2050 Стратегиясы – біздің әлемдегі ең танымал ұлттардың шоғырына біржолата қосылуымыз үшін берілген ұлы тарихи мүмкіншілік. Бүгінгі таңда шешілуі экономиканы, қоғам мен мемлекетті дамытудың жаңа белесіне шығуға мүмкіндік беретін нақты міндеттерді пысықтау аяқталып келеді. Алдымызда ауқымды,

күрделі жұмыс тұр. 2050 Стратегиясында мен XXI ғасырдың жаһандық 10 сын-кәтерін нақты бөліп көрсеттім. Өткен жыл бұл болжамның дұрыстығын дәлелдеп берді. Жаһандық дамуың драмалық кернеу күші көзге ұрып-ақ тұр. Жыл басында «Кипр дағдарысының» өрті зорға дегенде өшірілген еді. Бүгінде Еуропа одағының ең төменгі макроқорсеткіштер шегінде тербетіліп тұрған экономикасы күрделі күйде. Әлеуметтік дағдарыс әлі де күшті, жұмыссыздықтың, адамдардың көңілі толмауының деңгейі жоғары. БРИКС-ке мүше елдердің барлығының дерлік экономикалық қарқыны едәуір бәсеңдеп қалды.

Жақында ғана Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун БҰҰ сарапшыларының баяндамасын жария етті, онда 2050 жылға қарай Жер бетіндегі халықтың 50 пайызы судың қатты тапшылығын сезінетіні айтылған. Таяу Шығыс енді «араб антикөктемін» бастан кешіруде. Египет пен Тунисте исламшылар бір жылдан аз ғана астам уақыт билік басында тұрып еді, сол уақыттың өзі ел азаматтарының қалың тобының ондай саясаттың тығырыққа тірмей қоймайтынын түсінуіне жеткілікті болып шықты. Сириядағы азамат соғысының аяғы жаппай қырып-жоятын химиялық қаруды қорғаныссыз әрі ешқандай кінәсіз жандарға қарсы қолданумен тынды.

Менің ішкі түйсігім мен тәжірибем әлемнің таяу болашақтағы даму кезеңі аса күрделі болатынын аңдатады. Осындай жағдайда барлық қазақстандықтар өз Отанымыздағы тұрақтылық пен даму бағдарын болжауға болатындығының бағасын білуге тиіс! Осындай қиындықтар мен дағдарыстар орын алып тұрғанда біздің еліміз биыл тұрақты дамып келеді. Болжамға қарағанда, биылғы жыл ІЖӨ-нің шамамен 6 пайыз өсімімен аяқталады. Бұл өткен жылға қарағанда жоғарырақ көрсеткіш, оған жаһандық нарықтағы құбылмалылыққа қарамастан қол жеткізілгенін қадап айтқым келеді.

Біздің диқанларымыз тамаша астық алды – 20 миллион тонна бидай жинады. Елдің жиынтық алтын валюта резервтері көбейе түсуде. Биыл ол көрсеткіш Ұлттық қор қаржысын қоса есептегенде 90 миллиард доллардан асып түсті. Мұның өзі біздің әлемдік экономикада орын алатын кез келген қиындықтар мен сүргіндерге қарсы қояр кепіліміз, қайтарар жауабымыз болмақ. Отандық дайын өнім әлемнің 11 еліне шығарылууда! Қазақстандық экспорт деңгейіміз аккумуляторлар, трансформаторлар, металл құбырлары, тынайтқыштар, азық-түлік өнімдері сияқты көптеген дайын тауарлар. Бізде экономиканың атымен жаңа салалары пайда болды. Елімізде автомобиль, локомотив,

вагон мен тікұшақтар жасайтын өндірістер ешқашан болған емес.

Индустриялық бағдарлама аясында өнімнің 250-ден астам жаңа түрлері игерілді. Олар – машина құрылысының, фармацевтиканың, химия өнеркәсібінің жоғары технологиялы өнімдері. Мысалы, емдік заттардың 100-ден астам түрлерін шығару игерілген! Қазіргі таңда биылғы жылды барлық негізгі көрсеткіштер бойынша табысты аяқтап шығамыз деп күтуге толық негіз бар. 2050 Стратегиясын жүзеге асыра отырып біздің еліміз түбегейлі жақсаруға тиіс. Ол өзгерістер бәрін де қамтиды, бәрін де тереннен қопарады. Олар біздің қоғамымыз өмірінің барлық қырларына қатысты болады. Бұл аса ауқымды жұмыстың да басында «Нұр Отан» партиясы тұруға тиіс! Бұл съездің түйінді міндеті – XXI ғасырдың орта шеніндегі біздің барша ұлы Мақсаттарымызға қол жеткізудегі «Нұр Отан» партиясының алар орны мен саяси маңызын айқындау.

Күрметті делегаттар!

Бірнеше айдан кейін, келесі жылдың наурызында біздің партиямызға 15 жыл толады! Партия Қазақстан тарихында тұңғыш рет баламалы негізде өткізілген президенттік сайлау қарсаңында менің реформаларының бағытын қолдайтын жалпыхалықтық коалицияның арқауында құрылған болатын. Халықтың қалауына сәйкес басты саяси күшке айналған пікірлестер одағы дәл сол кезде қалыптасқан еді! Біздің жас демократиямыз да дәл сол кезде әулетің айқара ашқан еді! Кезінде басқа ілгері елдердегі – Сингапурдағы, Оңтүстік Кореядағы, Жапониядағы сияқты біздің елде де демократия прогресшіл, көшбасшы партиямен – «Нұр Отанмен» бірге дүниеге келген болатын. «Нұр Отанның» қалыптасу тарихы – демократияның әлемдік тәжірибесінің ажырағысыз бөлігі.

Бірінші съездің қалай өткені жалпымызда біржола жатталып қалды. Ол кезде біздің батыл армандарымыздың өзі қазіргі жетістіктерімізге де ілесе алмай жататын. Қазір осы залда мен өзімнің Бірінші съезде айтқан сөздерімді қайталамақшымын, ол сөздер 15 жыл өткенде де көкей-кестілігін жоймаған: «Менің қымбатты жолдастарым, сіздерге Отан деп соққан жүректіңіз үшін үлкен алғысымды айтамын. Сіздердің халықтың қадір-қасиетін ойлайтын-дарыңыз, мемлекеттілікті сақтау мен нығайту жолында бөріңіз бір үйдің баласындай жұмылғандарыңыз үшін рахмет деймін!».

Мен өзіммен бірге жаңа елді орнатқарған барлық қазақстандықтарға еңбегі мен төзімділігі үшін алғысымды білдіремін! Айрықша алғысымды менімен бірге біздің

партиямызды құрысқан серіктестеріме арнаймын! «Нұр Отан» партиясын өркендетуге үлес қосқандардың бәріне алғыс айтамын! Әуел бастан-ақ партия менің пікірлестерімнің ынта-құлшынысы мен сеніміне арқа сүйеді. Осы залда Сергей Александрович Терещенко, Қайыржан Шайқыұлы Тақуов, тағы басқалар отыр. Олар біздің данқты дәстүрлерімізді сақтай біліп, партия жұмысына өз үлестерін қосуын жалғастырып жатыр.

Біз үшін алғашқы сынақ 1999 жылғы парламенттік сайлау болған еді. Міне, он бес жылға жуық уақыттан бері партия бәсекелесті адал күресте талай рет сайлау науқанының елегінен өтті және әрқашан жеңіске жетіп отырды! Бізді қай кезде де әр сайлау өткен сайын беки түскен халық қолдауы жігерлендіріп жүрді. «Нұр Отан» партиясы қолынан келмейтінді ешқашан уәде еткен емес. Ол әрдайым нақты істер партиясы бола білді. Жүздеген мың нұротандықтардың күш-жігерінің, әрбір қазақстандықтың қажырлы еңбегінің арқасында 2030 Стратегиясы мерзімінен бұрын жүзеге асырылды. Осы залда кең-байтақ Отанымыздың әр киырынан келген сан түрлі ұрпақтың, ұлттар мен кәсіптердің өкілдері – менің серіктестерімді көріп отырмын. Сіздердің әрқайсысыңыз өзінің отбасы мен жақын адамдарының, қаласы мен селосының, ауданы мен бүкіл елдің өміріндегі жаңа жетістіктермен бөлісе алатынына сенімдімін.

Әр отбасының тұрмысын жақсарту жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Жүздеген жаңа кәсіпорындар, жолдар салынды, жүздеген мың жаңа жұмыс орындары пайда болды. Жаңа бала бақшалар мен мектептер, ауруханалар жұмыс істеп тұр. Жаңа университеттер, кітапханалар, театрлар, концерт залдары, стадиондар, спорт алаңдары ашылды. Ең бастысы – халқымыздың Рухы Қайта өрледі.

Бүгінде «Нұр Отанның» қатарында 900 мыңдай партия мүшесі бар. «Нұротандық» депутаттар Парламент Мәжілісінде көпшілікті құрайды. Парламенттік заң шығару ісінде аса қоматты тәжірибе жинақталды. Парламенттің тек бесінші шақырылымы кезінде 140-тан астам заң қабылданған! «Нұр Отанның» фракциясы денсаулық сақтау, аграрлық сектор, мемлекеттік әлеуметтік маңызды қызметтері мәселелері бойынша 12 заң жобасын дайындады. Партия халық мүддесін қорғай білетін парламентшілер мен мәслихаттар депутаттарының тұтас шоғырын тәрбиелеп шығарды. Біздің партиямыз Үкіметті жасақтайды, биліктің барлық тармақтарының іс-қимылының реттілігін қамтамасыз етеді.

Партия жанындағы қоғамдық құрылымдардың – Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі кеңестің, Құқықтық Кеңестің және басқаларының қызметін айрықша атап өткім келеді. «Жас Отан» жастар қанаты белсенділігін арттыра түсуде. Біздің партияның жас мүшелері өздерінің Екінші съезінің шешімдерін құлшына орындауда. «Нұр Отан» басқа парламенттік партиялармен, Кәсіподақтар федерациясымен, Азаматтық альянспен, ардагерлер және әйелдер ұйымдарымен, өзге де үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауда. «Ақ жол» партиясы және Коммунистік партияның парламенттік фракцияларының белсенді әрі жемісті жұмысын айрықша атап өткім келеді, олар қағидатты мәселелерде өздерінің пікірлерін білдіріп, өз ұстанымдарын қорғайды және қарапайым халықтың жақтастары бола біледі.

Біздің партия – «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық демократиялық коалицияның біріктіруші күші. Бүгінде «Нұр Отан» – Қазақстанның XXI ғасырда табысты қадамдар жасауын қамтамасыз ететін саяси көшбасшылықтың басты тетігі! Қазір бізде халқымызды жаңа жеңістерге сенімді жетелеу үшін не қажеттінің бәрі бар. Ең бастысы – барлық қазақстандықтардың зор сенімі мен қолдауы. Бұл – «Нұр Отанның» XXI ғасырдағы саяси көшбасшылығының негізгі бастауы. Қазір партия ресурстарын дұрыс бөлу керек.

«НҰР ОТАН» – НҰРЛЫ БОЛАШАҚ ЖОЛЫНДА

Әр нұротандықтың партиялық жауапкершілігін күшейту қажет. Біз партия жұмысының қуатын үш қайтара еселендіруге тиіспіз.

Құрметті делегаттар!

«Қазақстан-2050» Стратегиясы — біздің партиялық бағдарламаларымыздың негізі. Оны орындау «Нұр Отанның» саяси көшбасшылығымен ғана мүмкін екеніне менің ешқандай күмөнім жоқ. Партия біртұтас саяси ерік-жігердің генераторы, қазақстандықтарды біздің жолымыздағы кез келген бұрылыстардан алып шығар жол бастаушы ретінде іс-қимыл танытуы тиіс. Бұл, бірінші кезекте, біздің еліміз тағдыры үшін ұжымдық жауапкершілігіміз. «Нұр Отан» сан түрлі адамдардың басын біріктіріп отыр. Іс жүзінде, партия біздің бүкіл қоғамымыздың айнасы іспетті. Партия халық мүддесінің бастаушысы болуы үшін депутаттар корпусы тарапынан атқарушы биліктің жұмысын тиімді бақылау қажет етіледі. Бүгінде жүйелі жаңару талап етіліп отыр. Сондықтан біз

жақындастырып, өңіраралық байланыстарды нығайтуы тиіс. Қазір мемлекеттің жаңа өңірлік саясатын қалыптастыру үдерістері жүруде. Бүкіл еліміз бойынша ауылдар мен аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің сайлауы өтіп, жергілікті билік батыл түрде жаңартылды. Орталықтан өңірлерге елеулі өкілеттіліктер берілді. Өңірлерден орталыққа, сондай-ақ, орталықтан өңірлерге кадрлардың ротациясы жүріп жатыр. Тек сіңірген еңбегіне негізделіп, конкурс бойынша жүзеге асырылуы тиіс мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілетудің жүйесі түбегейлі өзгертілді. Басқару органдарында жұмыс істейтіндердің корпусы айтарлықтай жаңарды. Партияға тұрғындардың бір бөлігінің санасындағы өңіршілдіктің көнерген түрін шешімді түрде еңсеріп, жалпықазақстандық мүдделерді біріктіруші күш болуы тиіс.

ҮШІНШІ. «Нұр Отан» қашанда азаматтық қоғамның көшбасшысы болуы қажет.

Партия, біз қашанда аткарып келе жат-

санаймын. Бізде шағын және орта бизнес өнімінің 20 пайыздан сәл ғана астамын өндірсе, біз қатарына қосылуға ұмтылып отырған дамыған елдерде бұл көрсеткіш 60-70 пайызға жетеді. Бізге орта және шағын бизнестің үлесін 50 пайызға дейін жеткізу керек. Сондықтан орта таптың негізін құрайтын кәсіпкерлікке жан-жақты көмектесу қажет.

Мен осыдан бес жыл бұрын тапсырғандай, сән-салтанат заттарына, элиталы жылжымайтын мүлікке, қымбат автомобильдерге жанама салықтар енгізу қажет. Мұның сол сияқты алкоголь мен темекі бұйымдарына да қатысы бар. Бұл азаматтық және патриоттық ұстаным! Үкімет парламентарийлердің пікірлеріне құлақ түруі тиіс. Бір жағынан алғанда, біз бюджетті толықтыру керек екенін және бізде корпоративтік және табыс салығы мөлшерлемелерінің төмен екенін түсінеміз, соның есебінен біз ауқатты азаматтар табын құрдық. Бұл дұрыс. Бұл біздің мақсатымыз еді. Бұл мақсатты бағытталған саясат. Бай адамдар көбірек болуы керек және

да сол қаржыландырудың жоқтығынан ол толыққанды жұмыс жүргізе алмайды. Сөйте тұрса да, ол жергілікті жерлерде демеушілер есебінен табуға болатын және сол сияқты Үкімет те бөле алатын азғантай ғана қаржы. Өңірлерде жастардың ресурстық орталықтарын құру да созылып барады. Бүгінде 10 өңірде 96 орталық қана жұмыс істейді. Астана және Алматы қалаларында, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл жұмысқа тіпті кіріспеген де.

Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде «Жасыл Ел» жобасы жүзеге асырылып жатқанын сіздердің бәріңіз жақсы білесіздер. Біз негізінен шөлейтті және жартылай шөлейтті болып табылатын көлемі бойынша әлемде тоғызыншы аумаққа иеміз, орманды бөлік 10 пайыздан аз жерді алады. Сондықтан елді жасыл желекке бөлеу қоршаған орта мен азаматтарымыздың денсаулығы үшін маңызды, бұл үлкен парасатты іс. Бұл жоба жалғасын табуы керек және партия оған қолдау көрсетуі тиіс. Биыл Қоршаған ортаны қорғау министрлігі желісі бойынша 429 миллионнан астам теңге бөлінді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында жастардың еңбек отрядтарының облыстық штабына ақша тек оқу жылы басталар алдында тамызда ғана келіп түскен! Осының салдарынан студенттердің негізгі бөлігі бағдарламаға қатысудан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл басшылардың кемшілігі. Бұл жерде студенттердің кінәсі жоқ. Менің тапсырмаларымды орындамайтын нақты шенеуніктер кінәлі. Жастар саясатына деген мұндай көзқарасқа жол беруге болмайды. Партия басшылығы мен Үкіметке әкімдермен бірлесіп жағдайды түзетуді және «Жас Отанның» Екінші съезінде мен берген барлық тапсырмаларды орындау жөнінде нақты жұмыстармен айналысуды тапсырамын.

Жастар — біздің алтын қорымыз! Жас қазақстандықтардың партия бағытын қолдауы, олардың Стратегия-2050-ді жүзеге асыруға кенінен атсалысуы зор тарихи және тұрақтандырушы маңызға ие. Мен партия сөзі мінберінен барлық қазақстандық жастарға тағы да сөзімді арнағым келеді. Біздің елімізде жасалғандардың бәрі, ең алдымен, сіздер үшін! Сіздер үшін Қазақстанда барлық есіктер ашық! Халықтың бірлігін сақтаңыздар! Біз үшін осындай Қазақстанды құрып жатқан біздің ата-аналарымыздың, аға буынның еңбегін бағалаңыздар! Біздің Отанымыздың ұлы болашағы үшін қажырлылықпен және лайықты оқып, еңбек етіңіздер! Сіздер — бүкіл Қазақстанның үмітсіздері! Осы шаруаның бәрі жастар үшін, еліміздің тәуелсіздігі ұзағынан болуы үшін және көк туымыз мәңгілік желбіреуі үшін жасалып жатыр. Мәңгілік ел болу үшін жасалады. Келесі ұрпақ ел үшін, жер үшін, өзім үшін деп еңбек етуі керек. Тек қана еңбекпен бақытты боласыз.

ЖЕТІНШІ. «Нұр Отан» біздің мемлекетіміздің басты сыртқы саяси құндылықтарын белсенді жақтап және алға бастыруы керек.

Олар кенінен мәлім. Қазақстанның өсіп келе жатқан халықаралық беделі соларға негізделген. Біз төндестірілген және қауіпсіз, көпполярлы және толерантты әлемді қолдаймыз. Бұл құндылықтарды партия өзге елдердің рухы мен көзқарастары бойынша жақын саяси партияларымен байланыстарды кеңейте отырып, парламентаралық және халықаралық қызметінде алға бастыратын болады. «Нұр Отанның» ХХІ ғасырдағы ұзақ мерзімді көшбасшылығының міндеттері осындай.

Құрметті делегаттар!

Партия съезінің алдында саяси доктрина қабылдау міндеті тұр. Оның жобасы «Нұр Отанда» және қоғамда кенінен талқыланды. «Нұр Отанның» бағдарламалық құжаттары өркесінде де нақтылы болды, сондықтан олар нәтижелі болып келді. Біз ешқашан құрғақ қиялға берілген емеспіз. Біз ешқашан бұлыңғыр міндеттер қойып, бос уәделер берген жоқпыз. Біз әрбір сөзімізді өркесінде де шынайы еңбекпен және нақты істермен айғақтап отырамыз. Мен өркесінде де солай болатынына сенімдімін! Өйткені «Нұр Отан» — көшбасшы партия!

Қымбатты достар, әріптестер!

Біздің басты партиялық брендiмiз — Қазақстан, тек қана алға! Стратегия-2050-ді жүзеге асыруға байланысты ол одан да зор нақты мазмұнға ие болады. АЛҒА — жаңа инновациялық-индустриялық экономикаға! АЛҒА — біртұтас және топтасқан ұлт ретіндегі қазақстандықтардың жаңа өмір сапасына! АЛҒА — ХХІ ғасырдағы ырақты дамушы және жауапты мемлекет ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделінің жаңа шырларына! Бұлар біздің жиырма бірінші жүзжылдықтың ортасына дейінгі іс-қимылымыздың бірегей үш бағыты. Онда партия мен мемлекеттің алдағы жұмыстарының тарихи мәні түйінделген. Бұл біздің ортақ Қазақстан Арманының ең терең мәні.

Қымбатты достар!

Алдымызда биік белестер бар. Олардан алқынбай асу, белестерді барлықпай бағындыру — біздің өз қолымызда. Мызғымас бірлік пен тынымсыз еңбек, жасампаздық пен жанашырлық, жауапкершілік — біздің ең басты құралымыз осылар. Біз өзімізді ұдайы қамшылап, алға ұмтыла білесек қана «Қазақстан 2050» Стратегиясындағы биік мақсаттарға жете аламыз. Партиямыз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын. Мәңгілік елді бірге жасайық! Алға, «Нұр Отан»! Алға, Қазақстан!

Астана, 2013 жылғы 18 қазан.



мұраттарымызды, құндылықтарымыз бен қағидаттарымызды бекітетін Саяси доктрина қабылдаймыз.

Біздің партия қашанда өзгерістердің басында тұрып, табысты партиялық тәжірибенің жаһандық үрдістеріне ілесуі, қоғамға қатысты кез келген тәуекелдер мен сын-қатерлерге жедел және икемді үн қата білуі қажет. Біз қазіргі әлемде табыс тек нақты іс-қимыл стратегиясы бар саяси күштерге ғана жолдас болатынын анық көруге тиіспіз. Тек тұрақты даму мен халқымыз бірлігінің берік кепілі ретінде ұзақ мерзімді саяси көшбасшылық қамтамасыз етілетін жерде ғана табысқа қол жетеді. Осы жолмен тек ырақты дамыған елдер — Түркия, Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Еуропаның бірқатар елдері — Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания жүріп өтті. Сонымен бір мезгілде, тарихтың жауапты кезеңдерінде саяси көшбасшылық өлсіреген жерде қоғам сілкіністер мен жанжалдардың аласапыранына батады. Сондықтан «Нұр Отанның» әрбір мүшесі — министрден қатардағы нұротандыққа дейін — партияның ХХІ ғасырдағы көшбасшылығын нені білдіретінін нақты түйсінуге тиіс.

БІРІНШІ. «Нұр Отан» басты патриоттық күш болуы шарт.

Партияның аса маңызды миссиясы — «2050» Стратегиясында жарияланған Жаңа Қазақстандық Патриотизм қалыптастырудың жалпыұлттық түпқазығы болуы тиіс. Бұл жұмысқа «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар ұйымдары, «Жас Отан» бастаған жастар бірлестіктері, Республикалық Ардагерлер кеңесі, барлық патриоттық БАҚ-тар мен ҰЕҰ-лар қатысуы қажет.

ЕКІНШІ. Партия қашанда жалпыұлттық бірліктің орталық буыны болуы тиіс.

Біріншіден, «Нұр Отан» — халықты топтастырушы партия.

Біз бабаларымыз сан ғасырлар бойы аңсаған арманға қол жеткізгенімізді мақтан ете білуіміз керек. Ұлтымыздың ұлы тарихының жаңа тарауы қуатты да табысты тәуелсіз мемлекеттің шежіресі болып жазылуда. Біздің осы жылдарда ерлік пен бірліктің үлгісін көрсетті. Тәуелсіздіктің қиыншылықпен келгенін, оны ұстап қалу оңай емес екендігін халқымыз білді. Осыны түсініп отырған, бір жұдырықтай жұмылып отырған халқыма шын жүрегімен алғысымды айтамын. Бірте-бірте барлық жағдай түзеледі, барлық мәселе шешіледі. Барлығымыз қолымызға қонған алтын құс — бақытымызды сактай білейік. Бұл — ана тіліміз бен ата дәстүріміздің, ұлттық мәдениетіміздің Мәңгі Жаңғыру Дәуірі. «Нұр Отан» мемлекеттік тілді нығайтуға, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін жаңғыртуға байланысты қоғамдық-саяси жұмыстардың тиімді жүйесін жасауы тиіс.

Екіншіден, партияға біздің көпэтносты халқымыздың бірлігі үшін жоғары жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте түрлі деңгейдегі партия ұйымдары мен Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Нұр Отан» парламенттік фракциясының және Ассамблеядан сайланған Мәжіліс депутаттарының бірлескен іс-қимылының тұтас бір жүйесі қажет. Біздің ұранымыз «Бір ел — бір халық — бір тағдыр» — біз нақты өмірде дәйектілікпен жүзеге асырып келе жатқан аса маңызды қағидат.

Үшіншіден, партия ел өңірлерін

қандай, Азаматтық Альянспен бірлескен жұмысты дамытуы, адамдардың нақты проблемаларын шешуі, оларға көмектесуі және арқа сүйеуші барлық патриоттық ҰЕҰ-лар мүдделерінің жолбасшысы болуы тиіс. «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық коалициясын дәйектілікпен нығайту және кеңейту қажет. Бұл жұмысты босандықта болмайды, өйткені, біздің партия елдің болашаққа қадам басуының ядросы болып табылады.

ТӨРТІНШІ. Партиялық көшбасшылықтың басты мәселелерінің бірі — экономикалық және әлеуметтік инновациялардың жалпыұлттық эпицентрі болуы.

Біздің партиямыз қоғам мен мемлекетті дамыудың батыл, инновациялық идеялармен нәрлендіруі тиіс. Бүгін әлемдік экономика инновациялық кәсіпорындар мен сапалы жұмыс орындарын құру есебінен өсімді қамтамасыз ету бағытында жұмыс істеуде. Сондықтан тиісті мамандар дайындау қажет. Біз индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын дер кезінде қабылдадық және басқа елдер де бізден кейін осындай индустриялық бағдарламалар дайындады. Біз оны еліміздің бүкіл экономикасын дамытудың темірқазығы ретінде пайдалануға тиіспіз.

Осы екі мәселе де инновациялар және ғылыми жаңалықтар негізінде шешілуі керек. ХХІ ғасырда ғылыми жаңалықтар шешімдердің ең бастысы болады. Инновациялардың басты бағыттары биологияның, нанотехнологияның және математиканың түйісінде тоғысады. Болашақтың энергиясын қамдау керек. Олар қазіргі өзінде жұмыс істей бастады. Қуаттың қазірше адамзатқа беймәлім мүлде жаңа түрлерін іздеу жүріп жатыр. ХХІ ғасырда табыстың маңызды шарты креативтілік болып табылатынын атап көрсетемін. Сондықтан «Нұр Отан» креативті партия болуы тиіс. Шығармашыл интеллигенциямен жұмысты айтарлықтай күшейту керек. Нұротандықтар Қазақстанды дамытудың аса маңызды мәселелері бойынша Интернет-дискуссиялардың тұрақты қатысушысы болуы қажет.

БЕСІНШІ. ХХІ ғасырдағы көшбасшы партия — жалпыхалықтық бақылаудың басты құралы.

Берінен бұрын, 2050 Стратегиясының міндеттерін жүзеге асыруда «Нұр Отан» фракциясының парламенттік және қоғамдық бақылау мүмкіндігін кенінен пайдалану маңызды. Тек бесінші шақырылған Мәжілістің жұмысы барысында ғана нұротандық депутаттар партияның Сайлауалды тұғырнаамасын орындаудың барлық қырлары бойынша мемлекеттік органдарға шамамен үш жүздей сауал жолдады. Бұл сауалдар Сайлауалды тұғырнаманың орындалуы туралы халыққа баяндалуы үшін мұқият қарастырылуы қажет, өйткені, ол біздің ортақ ісіміз.

Заң жобасымен жұмыс кезеңінде халықтық бақылаудың маңызды тетігі «Нұр Отанның» парламенттік фракциясы жанындағы консультативті-кенесуші органдардың қызметі болды. Олар маңызды заң жобалары бойынша сарапшылардың басын біріктіреді, қалың жұртшылықтың пікірлерін қаперге алады. «Нұр Отан» фракциясының салық салу мәселелері бойынша қағидатты ұстанымын ерекше атап өткім келеді. Депутат-партияластардың орта тапқа салықтық салмақты ұлғайтуға жол беруге болмайтыны туралы ұстанымын өте дұрыс деп

олар өз байлықтарын олардың осылай жасауына жағдай туғызған елдің дамуына бағыттауы тиіс. Енді, дәулетті адамдар табы ұлғайған кезде, олар әлеуметтік жауапкершілік ісіне өз үлестерін қоса алады және қосуға тиіс. Бүкіл әлемде осылай жасалады. Ал бізде миллионер де, жұмысшы да бірдей 10 пайыздық табыс салығын төлейді. Бұл жөнінде ойлану қажет. Сондықтан мен өз әріптестерім — Мәжіліс депутаттарының бастамасын қолдаймын! Консультативтік-кенесуші органдар жұмысы тәжірибесін ұлғайту, оларды мәслихаттар жұмысында пайдалану маңызды.

«Нұр Отан» — парламенттік партия. Сондықтан «Нұр Отан» жұмысын күшейтудің маңызды бір бағыты — Мәжілістегі Фракция қызметі. Біздің депутаттар бастамашы болған әрбір заң жобасы, әр шешім елдің ұзақ мерзімді мүдделерін айқын түсінуге негізделіп, Доктрина қағидаттарымен келісілуі тиіс. «Нұр Отан» ашық, мөлдір, тиімді және жауапты саяси күштің қандай болатынын өз қызметімен дәлелдеуі керек. Біз ашықпыз және біздің жасыратын ештеңеміз жоқ. Біз адал жұмыс істейміз және халыққа барлық кемшіліктер туралы ашық айтамыз, проблема-лардың әл бар екенін қолдаймыз және түсінеміз. Өркесінде де біздің халқымыздың игілігі үшін еңбек ету қажет. Партия жүйелі негізде өзінің Қоғамдық қабылдауларының жұмысын күшейтуі керек. Тек биылғы жылы ғана Қоғамдық қабылдаулар азаматтардың жүз мыңға тарта өтініштерін өңдеуден өткізді. Сол сияқты таяу күндері біз «Электронды партия» жобасын іске қостық. Енді Интернетке қол жеткізген әрбір азамат үйінен шықпай-ақ «Нұр Отанға» өтініш жасай алады. Азаматтармен тұрақты үнатысу қажет. «Нұр Отанды» халықтық қолдаудың саркыламайтын басты қайнар көзі де міне, осы!

Саяси көшбасшылықтың қағидатты мәселесі — біздің жемқорлыққа қарсы бітіспес стратегиямыз. Партия нұротандықтардың азаматтық ар-ожданының принципті сакшысы болуы керек. Адамдар жергілікті жерлерде жемқорларды түстеп таниды, ал бұл оларды қатардағы нұротандықтар да біледі деген сөз. Олар бірінші болып дабыл қағып, жемқорларды әшкерелеуі керек. Партия мен құқық қорғау құрылымдарының міндеті — жемқорлықпен күресушілерді қорғап, оларға көмектесу. Мемлекеттік қазынаның бір теңгесі де қараусыз қалмауы тиіс. Тек сонда ғана қазынаға қол салушылықпен күрес табысты болмақ!

АЛТЫНШЫ. ХХІ ғасырда көшбасшылыққа тек жастар белсенді қолдау көрсеткен партия ғана ие бола алады.

Сондықтан мен жастар саясатын әлеуметтік жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде белгіледім. «Жас Отан» екі жүз мыңнан астам адамның басын біріктіреді. Бір жыл бұрын «Жас Отанның» Екінші съезінде мен жастармен жұмысты күшейтудің кешенді бағдарламасын ұсындым. Бірақ, ашығын айтайын, менің тапсырмаларымның орындалуы жартықеш жүруде. Мәселен, Үкімет 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті. Бірақ оны жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарында Үкімет қаржыландыру көлемін белгілемеген. Бәрі «бөлінген лимитке сөйкес» әкімшілік бағдарламаларды сатып алуға берілген. Ал бұл лимиттер алушыларға дейін жете ме — мәселе міне сонда.

Басқа бір мысал. Менің тапсырмам бойынша Білім және ғылым министрлігі «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құрған. Бірақ тағы

● ДЕЛЕГАТТАР ЛЕБІЗІ

ТАРИХИ ШЕШІМДЕР
ҚАБЫЛДАНҒАН СЪЕЗД

Кеше Астанада өткен «Нұр Отан» партиясының XV съезі тарихи шешімдер қабылданған келелі басқосу болды. Тәуелсіздік жылдарында қалыптасып, уақытпен сыналған құндылықтарды нығайтуға үндейтін партияның жаңа саяси доктринасы, партияның алдағы онжылдықтағы міндеттері талқыланды.

Партия доктринасы «Нұр Отанның» алдағы миссиясын және «Қазақстан – 2050» стратегиясын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі алар орнын айқындап берді. Тарихи құжатта біздің басты жетістігіміз – ел тәуелсіздігі, басты құндылығымыз – адам, оның қадір-қасиеті, құқы мен мүдделері екені көрсетілген. Отбасын нығайту, ата-баба дәстүрлерін сақтау арқылы мемлекеттілігіміз нығая түспек.

Партия құрылған күннен бастап елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды, экономиканың дамуын әрдайым жақтап келеді. Бизнестің экономиканы дамытудағы орасан зор күш екенін халыққа насихаттап, отандық бизнесті қолдауға дайын екенін іспен дәлелдеуде.

Біздер өмір сүріп отырған жаңалыққа толы әлемде экономикалық даму білім мен инновацияға тәуелді. Доктринада жаңалыққа жаны құштар, ізденуден талмайтын, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол азаматтар зияткер ұлттың негізін құрайтыны көрсетілген. Құжатта «Азаматтарымыздың зияткерлік әлеуетін барынша жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар және инновациялық инфрақұрылым жасау қажет» деп жазылуын жастарға, елдің ертеңіне қызмет етуге талпынушыларға жасалған қамқорлық деп ұғындым.

Сонымен қатар, съезде «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясын «Нұр Отан» партиясы деп қайта атау туралы шешім қабылданды. Бұл партияның «халықтық» деген атауын дәлелдегенін, шын мәнінде жұртшылықпен біте қайнасып жұмыс істегенін білдіреді.

Жаңадан қабылданған партия эмблемасының көтерілген күн, тау шыңы, қар барысы сияқты элементтері де болашақтағы жетістіктер мен жарқын жеңістерді бейнелеп тұрғандай.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің
ректоры, съезд делегаты.

ХАЛЫҚТЫ
ТОПТАСТЫРУШЫ ПАРТИЯ

Бұл жолғы съездің басты мақсаты, Мемлекет басшысы атап өткендей, ұйымның саяси рөлі мен маңызын айқындау еді. Әр аймақтан Астанаға жиналған 1000-нан астам делегаттар партияның саяси доктринасы қабылданған тарихи сәтке куә болды. Доктринаны түзу арқылы «Нұр Отан» негізгі құнды бағыт-бағдарларын бір жүйеге топтастырған. Ондағы көтерілген мәселелер бұрын-соңды түрлі бағдарламаларда, тұғырнамаларда айтылып жүрді. Енді бір құжатқа, идеологиялық мәні зор құжатқа айналды.

«Нұр Отан» жаңа доктринаны қабылдау арқылы мемлекетіміздің негізгі құндылықтарының қорғаушысы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Мені біздің замандастарымыздың жауапты азаматтық қоғам қалыптастырудағы белсенділігі толғандырады. Мүдделес азаматтардың өз бастарындағы мәселелерді шешу үшін бірігуі, сол жолдағы белсенділігі елдің дамуы үшін керек. Доктринада «Нұр Отан» партиясы – азаматтық қоғамның ажырағысыз бөлігі. Сондықтан біз азаматтық бастамаларды дамытуға, қоғамдық бірлестіктер арасында кеңінен үнқатысуға, қоғамдық бақылауды күшейтуге жағдай жасауға тиіспіз», – деп көрсетілгеніне көңіліміз толды. Партияның мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін жауапкершілік алуы осы саладағы шешілмей жатқан мәселелерге қозғау болады деп ойлаймын.

Доктринадағы «Біз еліміздің азаматтары еркін, ынтымақшыл, заңға тақ тұратын, болашаққа ұмтылғыш, дәстүр мен мәдениетті құрметтейтін, отбасы құндылықтарын қастерлейтін және келер күнге құлшынған адамдар болғанын қалаймыз» деген сөздер әрбір қазақстандықтың жүрегіне жетсе, мақсат үдесінен шығатын күн алыс емес.

Нұрмұрат ЕРМАНОВ,
облыстық мәслихат депутаты, съезд делегаты.



Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаевқа

Құрметті Қырымбек Елеуұлы!

Жақында Қызылорда қаласында үш күн бойы Республикалық Ардагерлер кеңесінің семинары өтті. Осы уақыт ішінде ардагерлер өлкедегі және Қызылордадағы ірі өзгерістердің куәсі болдық. Қаланың көшелері жып-жинақы тазартылған, жағажайлар абаттанған, үйлері әдемі бой түзеген, гүлмен көмкерілген гүлзарлар, түні самаладай жарқыраған қаланы көріп бір марқайып қалдық. Жаксы әсерге бөлендік. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың командасындағы қажырлы қайраткердің бірі – Өзіңіздің Сыр еліне келіп нәтижелі жұмыстар атқарып жатқаныңызды көріп қуандық. Бастамаларыңыздың бәрі сәтті болсын дейміз. Сіз Мәскеу, Алматы, Орал, Маңғыстау, Астана сияқты қай өңірде жүрсеңіз де айшықты із қалдырып жүрген азаматсыз. Қонақ күтудің үлгісі боларлық қонақжайлылығыңызға, іскерліктің үлгісі болар шаламдылығыңызға ерекше алғысымды айтамын, ризашылығымды білдіремін.

Семинарға қатысқан ардагерлердің барлығы жоғары деңгейде өткен жиынға ризашылығын жеткізіп, еліміздің белгілі ақсакалы, мемлекет және қоғам қайраткері С.Шаухамановтың ел бірлігі үшін атқарып жатқан қызметтеріне шынайы ықыластарын жолдайды. Лайым қасиетті Сыр өңірінде жағымды жаналықтар, толағай табыстар көбейе берсін.

Құрметпен,
Республикалық Ардагерлер
ұйымы Орталық Кеңесінің төрағасы Ө.ОЗҒАНБАЕВ.

БАНК БАСШЫСЫ АУЫСТЫ

«Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қ.Бишімбаев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрағасы Нұрбибі Наурызбаеваның мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтатқанын жариялап, банктің жана жетекшісін таныстырды. Холдинг

басқармасының шешімімен банк басшылығына бұған дейін холдингінің басқарушы директоры қызметін атқарған Айбатыр Жұмағұлов тағайындалды.

Брифингте «Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ басқарма төрағасы қазір банктің басшы қызметкерлері алған пәтерлерін ерікті түрде қайтару мәселесі қарастырылып жатқанын

мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл түйткіл шешімін таппаған жағдайда холдинг жергілікті атқару органдары мен прокуратура арқылы мәселені сот қарауына жолдамақ.

Брифингте Қуандық Бишімбаев Елбасы тапсырмасына орай банктің қызмет сапасын жақсарту бағытында жұмыстар атқарылатынын жеткізді.

● ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Торғай Петролеум» акционерлік қоғамы 2014 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарының жобасын талқылау мен шешім қабылдау бойынша қоғамдық тыңдау өткізді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

Жалпы «Торғай Петролеум» компаниясы облысымыздағы мұнай өндіретін ірі компаниялардың бірінен саналады. Қазіргі таңда онда 710 ұңғыма қоры бар. Алдағы жылы компания мұнай өндіру көлемін 1214,4 мың тоннаға, ал газды өндіру көлемін 161,2 млн. текше метрге жеткізбекші. Негізгі компания ілесіп мұнай газын пайдаға жарату бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өзінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін толық орындап келеді. Атап айтқанда, ол 2004 жылы қуаттылығы 55 мВт электр энергиясын өндіретін №1,2 және 3-ші газтурбиналық қондырғыларын пайдалануға берді. Сондай-ақ, 2009 жылы қуаттылығы жылына 150 млн. текше метр газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Ал 2011 жылы қуаттылығы 50 мВт-тық қосымша екі қондырғыны пайдалануға берді.

Негізгі алдағы жылы компания табиғатты қорғау қызметі аясында ауа бассейні мен су қорларын қорғау мен тиімді пайдалану, жер қорлары мен жер койнауын және өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін қорғауды жүзеге асырмақшы. Сондай-ақ, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздікті сақтап, ғылыми-зерттеушілік, экологиялық ахуалды жақсарту бағытында насихат жұмыстарын да жүргізеді. Жалпы осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін компания өз қаржысы есебінен 758,241 млн. теңге жұмсауды жоспарлап отыр. Соның нәтижесінде ластанғыш заттардың шығарылуы 150 тоннаға азайып, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру көлемі жылына 1762 тоннаға кемиді деп күтілуде.

Жалпы қоғамдық тыңдауға қатысқан тиісті сала басшылары мен мамандары қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық ахуалды жақсарту бағытындағы өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Жоспарланған істің тиімді болу керектігіне ерекше назар аударылды.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

● СЕМИНАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫҢ
ДЕНГЕЙІ ДЕ ЖОҒАРЫ

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде халықаралық стандарттар күніне орай «Халықаралық стандарттар дамуға жол ашады» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинарды ашқан департамент басшысы Еркнат Кеулімжаев биылғы жылы бұл мерекенің «Халықаралық стандарттар. Жоғары деңгейлі сенімділік құру» ұранымен өткізіліп отырғанын атап өтті. Негізгі МЭК, ИСО және МСЭ стандарттары тиімділікті арттыруда шешуші мағынаны білдіреді. Бұл мәселе ұйымдардың алдына аз ысырап жасап, сапалы өнімдер мен қызмет көрсетуге жол ашады. Өз кезегінде ол бәсекелі экономикалық ортада табысты болуға мүмкіндік береді. Жалпы халықаралық стандарттар әлемдік деңгейдегі сенімділікті қамтамасыз етеді. Соның ішінде ол өнім мен қызметтің сапасына, қауіпсіздігіне, сенімділігіне және тиімділігіне негізделген. Сондықтан да халықаралық стандарттар тұтынушылар мен өнім өндірушілерге және сол өнімді жеткізіп берушіге де өз пайдасын тигізеді.

Семинарда мұнан кейін сөз алған ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалының директоры Әбдіғаппар Әмірғалиұлы мен осы саланың ардагері Абдат Бапалақов басқосуға жиналған көпшілікті халықаралық стандарттау күнімен құттықтады.

Жалпы семинар барысында сала мамандары қызықты хабарламалар жасап, көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ, онда облыста тұрақты сапалы өнім мен қызмет көрсетіп келе жатқан «Рза» акционерлік қоғамы мен «Энергосервис» ЖШС және «Қызылордаэлектротранс» кәсіпорындарына Қазақстан Республикасы Индустрия және жана технологиялар министрлігінің Құрмет грамоталары табыс етілді.

А.АМАНЖОЛҰЛЫ.

«ПАРЫЗ–2013» КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2013» конкурсын ұйымдастыру жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын хабарлайды.

Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізіледі және оған жеке кәсіпкерлік субъектілері (бұдан әрі – үміткерлер) қатыса алады. Конкурс лауреаттарының атақтары үш санат бойынша: шағын кәсіпкерлік субъектісі; орта кәсіпкерлік субъектісі; ірі кәсіпкерлік субъектісі; және мынадай номинациялар бойынша беріледі:

«Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясында өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыратын ұйымдардың қызметі қаралады (енбекақыны және әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру,

еңбекті қорғауды ұйымдастыру, кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және т.б.).

«Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясында қоғамға пайдасын беретін және/немесе негізгі қызметке ұзақ мерзімді болашақта оң әсер ететін, әртүрлі тыныс-тіршілік салаларындағы әлеуметтік жобаларды іске асыратын ұйымдардың және өзге де жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі қаралады.

«Үздік ұжымдық шарт» номинациясында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

«Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Материалдардың құрамында: 1) қосымшаға сәйкес толықтырылған өтінім; 2) үміткердің өз қызметіне

және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша нақты нәтижелеріне жасаған бағасының деңгейін көрсететін есебі.

Үміткердің есебіне мыналар кіреді: занды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тарихы; ұйымдық құрылым; өзге де қосымша ақпарат; 3) есепке қосымша (ұжымдық шарттың көшірмесі, DVD дискілердегі материалдар, альбомдар, брошюралар, басқа да қосымша құжаттар болуы мүмкін).

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер конкурсты ұйымдастырушыларға материалдарды бір данада береді, өтінімдерді беру мерзімі – 2013 жылдың 1 қарашасына дейін, материалдар қағаз және электронды таратушыларда ұсынылады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Б.Асқар көшесі, 47 үй, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы 20 каб. тел. 270206.

Конкурс жөнінде толық ақпаратты Министрліктің www.pariz.kz және www.Enbek.gov.kz сайттары немесе (87172) 74-35-11 телефоны арқылы алуға болады.

● МӘСЛИХАТ ӨМІРІ

Өткен аптада облыстық мәслихатта әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы болды. Жиынға облыстық мәслихаттың хатшысы Бекмырза Еламанов, әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы депутат Асылбек Тоғызбаев пен комиссия мүшелері, аппарат басшысы М.Қосмамбет және Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметеков қатысты. Комиссияда мәжілісте облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 28 маусымдағы «Облыстың денсаулық сақтау саласының жайы және оны

жоспарланып отырғандығын және 13 ауылдық аурухананың ашылуына жергілікті бюджеттен 271 682 мың тенге қаражат бөлінгендігін хабарлар етті.

Тұрақты комиссияда тез арада оң шешімдерін табуға тиісті бірқатар мәселелер де айтылып өтті. №10 сайлау округінен сайланған депутат Ө.Жүсіпов Жалағаш ауданындағы аурухана мен емханалар жағдайының сын көтермейтінін алға тартты.

Сырдария ауданынан сайланған депутаттардың көтерген мәселелерін комиссияға облыстық мәслихат аппаратының басшысы М.Қосмамбет жеткізді. Туберкулез диспансерінде емделіп жатқан

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҮНЕМІ НАЗАРДА

жақсарту шаралары туралы» №33 шешімінің орындалу барысы туралы Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметековтің хабарламасы тыңдалды. Хабарламада денсаулық саласындағы дамытуға ерекше көңіл аударылатын мәселелер жеке-жеке атап өтілді. Басқарма басшысының айтуынша, облысымыз бойынша ана өлімі 2012 жылы 15,7 пайыз болса, 2013 жылы — 8,1 пайыз, сәби өлімі 2012 жылы 18,9 пайыз болса, 2013 жылы — 11,3 пайыз, туберкулез өлім-жітімі 2012 жылы 6,3 пайыз болса, 2013 жылы 4,3 пайыз болған. Туберкулезбен аурушандық осы жылы 6 пайызға, қан айналым жүйесінің ауруларының өлім-жітімі 19 пайызға төмендеген. Облыс азамдарының өмір сүру ұзақтығы 2012 жылы 68,7 жас болса, биыл ол көрсеткіш 69 жасқа жеткен. Бұл көрсеткіштер денсаулық саласындағы жағымды өзгерістерді айқындап тұр.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметеков облыста балаларға көрсетілетін сурдологиялық көмекті жетілдіру мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілгендігін және сурдологиялық кабинет облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығы жанынан ашылып, балаларға мамандандырылған сурдологиялық қызмет көрсетіліп жатқандығын айтты. Енді осы бағыттағы жұмыстың сапасын жетілдіру үшін кабинетті заман талабына сай медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 28 750 мың тенге қосымша бюджеттен қаржы бөлуге ықпал жасауды сұрады. Сондай-ақ, 2012 жылы облыс орталығындағы №3 және №6 калалық емханалар жанынан жасөспірімдер мен жастар мәселелері бойынша мамандандырылған медициналық-әлеуметтік көмек көрсету арқылы жастарды әлеуеттендіру үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету арқылы жастардың денсаулығын нығайту мақсатында «Жастар денсаулық орталығы» ұйымдастырылды. Алдағы уақытта үш жастар орталығын біріктіріп облыс деңгейіндегі бір жастар орталығын ашу жоспарланып отыр. Осыған байланысты ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу үшін бюджеттен 60 млн. тенге қаражат бөлінуіне де ұсыныс жасады.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2013-2014 жылдарға арналған жол картасы аясында шілде айынан бастап 9 ауылдық аурухана қайтадан ашылғандығын, 2014 жылы 4 елді мекендегі ауылдық ауруханаларды ашу

науқастар күзеттің әлсіздігінен тәртіпке бағынбай көше кезіп, халықпен араласуда. Шұғыл түрде арнайы әскери күзет мәселесі қарастырылмаса, Сырдария ауданының орталығы «туберкулез ошағына» айналуы өбден мүмкін деді. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы әскери күзетке байланысты конкурс жарияланғандығын, бірақ қаржысы төмен болғандықтан арнайы әскери күзет мекемесі емес жеке күзет агенттіктері ұтып алғандығын және қаражаты төмен болғандықтан олар өз жұмыстарына жауапсыздықпен қарап жататыны тағы бар екендігін атап өтті. Сонымен қатар, бұл мәселе жөнінде алдағы уақытта жұмыстар жасалатындығын айтты.

Комиссия төрағасы депутат А.Тоғызбаев бұл мәселеге байланысты өз ойын білдірді. Былтыр осы мәселе сессияда көтерілген болатын. Қаржысын есептеген уақытта әскери күзет қаржысы көп шыққан соң, оны әкімшілік те, экономика басқармасы да қолдамады. Бірақ қалалық тубдиспансер, Шиелі аудандық тубдиспансеріне ішінара қаржы бөлініп кетті. Бірақ ол біздің сұраған қаржымыз емес, дегенмен, оның есебі бар. Бұл мәселені бюджеттік комиссияда келесі жылдың бюджетіне салу жөнінде көтерген дұрыс шығар. Аудандық депутаттар тарапынан ұсыныс түскен жағдайда, комиссия бұл мәселені қолдайды, — деді.

Алдағы шешімін күтіп тұрған мәселенің бірі бұл — муниципалды дәріхана. Бұл амбулаториялық науқастарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, уақытылы жеткізіп беру мәселесі. Бұрын осы сұрақ жанжалды мәселелердің бірі болып еді, жылдың басында жеткізілу керек дәрі-дәрмек наурыз айында бір-ақ келіп жатқан кездер де болды. Осындай келенсіз жағдайларды болдырмау мақсатында муниципалды дәріхана ашылады деген жоспар бар. Комиссия төрағасы депутат А.Тоғызбаев облысымыздағы денсаулық саласына өзінің оң бағасын беріп, сурдологиялық көмектің сапасын көтеру мақсатында медициналық құрал-жабдықтар алуға 28 млн. тенге, жастар денсаулық орталығы ғимаратының күрделі жөндеуіне жұмсалатын 60 млн. тенге сұралып, бюджеттік комиссияға ұсынылу керектігін, егер қарсылықтар болып жатса, депутаттар тарапынан қолдау көрсетілетіндігін айтып жиынды қорытындылады.

Облыстық мәслихаты аппаратының ақпараттық тобы.



● ТӘРТІПТІК КЕҢЕС

Отырыстағы бірінші мәселеде Қызылорда облыстық сот актілерін орындау департаментінің сот орындаушысы У.Буганаевтың тәртіптік ісі қаралды. Мемлекеттік сот орындаушысы кері қайтарылуда жатпайтынына және өз өндірісінде жоқтығына қарамастан, осы жылдың 22 тамызында «Алтын Дән ПВА» серіктестігінен инкассалық өкіммен түскен 15 241 425 теңгені кері қайтару жөніндегі арызға қолды шығырып тұрып қоя салған. Кейін анықталғанындай, «Алтын Дән ПВА» серіктестігінен «Ғалам-Авиа» ЖШС пайдасына осы соманы өндіру жөніндегі сот шешімі бойынша атқару өндірісін 2013 жылдың 1 қарашасына дейін тоқтата тұру туралы ұйғарым қабылданған болып шықты. Осы уақытта департамент бастығы міндетін атқарушы болып отырған С.Таңғатаров мән-жайды толық зерттеместен, арызға бұрыштама қойып, департамент маманы С.Оспановқа тапсырма береді. Сот шешімін біле тұра заңды белден басқандардың жең ұшынан жалғасқан әрекетінен кейін миллиондаған қаржы қайтадан серіктестік қоржынына құйылады.

Кенесте талқыға түскен У.Буганаев арызға департамент басшысының міндетін атқарған С.Таңғатаров пен аға сот орындаушы

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ МЕН ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

Мемлекеттік қызмет — ел алдындағы міндет. Осыны түсінгендер ғана халыққа қалтқысыз қызмет етуге тырысады. Дегенмен, мемкызметкер сапында бұл талапқа сай келмейтіндердің де кездесіп қалатынын жасыруға болмас. Осыдан да елге қызмет ететін азаматтарды іріктеу талаптары уақыт өткен сайын күшейіп келеді. Бірақ, жайлы қызмет пен жоғары жалақы алу үшін жалғандыққа баратындардың қандай сүзгіден де өтіп кететіні белгілі болып отыр. Мысалы, Қазалы ауданындағы Тасарық ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы А.Бөлебай деген азамат осы уақытқа дейін жалған дипломмен қызмет етіп келген. Кенесте жоғары білімі жайлы құжаты қолдан жасалған бұл қызметкердің де тәртіптік ісі қаралды. Оның әрекетінде қылмыстық белгі бар деген қорытынды жасаған кеңес мүшелері жалған дипломды

әкімге қатысты материалдарды қаржы полициясына жолдау жөнінде шешім қабылдады.

Отырыста көзі нашар көретін балаларға арналған №5 арнаулы мектеп-интернатының директоры М.Кенжебаевтың та аты аталды. Арнаулы білім ошағын басқарып отырған басшы мектеп-интернат аумағында заңсыз құрылыс жүргізуге жол берген болып шықты. Екіге бөлінген мектеп-интернат аумағының бір бөлігінде тұрған құрылыс нысаны аяқ астынан бұзылып, оның орнына Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің жатақханасы бой көтереді. Кеңес мүшелері «Мектеп-интернат директоры М.Кенжебаев ескі құрылыс нысаны мен жер телімі арнайы белгіленген тәртіппен жекешелендіруі керектігіне назар аудармаған» деген қорытындыға келді. Бір сөзбен айтқанда, білім ошағының басшысы заңсыз

құрылыстың алдын алудың орнына бейғамдық танытып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талаптарын өрескел бұзған. Басқосуда облыстық білім басқармасы басшысы Н.Байкадамовқа мектеп-интернат директоры М.Кенжебаевты орнынан босату туралы ұсыныс жолданды.

Мектеп ауласындағы заңсыз құрылысты тоқтатуға әрекет жасамағандар да заңсыз қалмайтын сияқты. Отырыста дәл осы уақытта облыстық білім басқармасының басшысының міндетін атқарған Қ.Ерташованың да тәртіптік ісі қаралды. Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексінің кей талаптарының бұзылуына жол берген оған қатысты материалдар облыстық білім басқармасы басшысының қарауына жіберілді.

М. АЙДАР.

● БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

СОТ БИЛІГІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТУДА

Сот әділдігін жүзеге асыру барысындағы облыс соттарының тоғызайлық жұмыстары таразыланды.

Алдымен азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Қайрат Адырановтың есебіне тоқталайық. Оның айтуынша, аудандық және оған теңестірілген соттарға 14 мың талап арыз түссе, он бір мыңнан астам іс аяқталған. Осы аралықта қаралған істер бойынша қабылданған сот актілерінің 95,3 пайызына апелляциялық шағым немесе наразылық келтірілмеген. Ал апелляциялық тәртіппен қаралған төрт жүздей шешімнің үш жүзге жуығы, 139 ұйғарымның жүз үші өзгеріссіз қалдырылған. Азаматтық істердің апелляциялық тәртіпте қаралу жайына келер болсақ, 600 істің бес жүзден астамы аяқталып, он жетісі кері қайтарылса, қырық төрт шағым кері шақыртып алынған.

Жыл басынан бері түскен 16 мың 778 әкімшілік істің 15 мың 795-і қаралып, он үш мыңнан астам адам әкімшілік жауаптылыққа тартылса, 2622 адам жөніндегі істер қысқартылған. Қаралған әкімшілік істердің басым бөлігі мамандандырылған әкімшілік сотқа тиесілі болса, Қазалы және Шиелі аудандық соттары алдыңғы үштікті түйіндепті. Кері қайтарылған әкімшілік істер былтырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда қырық тоғыз пайызға азайса, аяқталған істердің 0,7 пайызы қайта қаралған. Яғни, жүзден астам әкімшілік істің қаулылары құқық бұзушылықтың елеусіз болуына байланысты қысқартылған.

Қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық алқада қаралған мың жарым істің 594-іне үкімдер шығарылса, 765 іс өндірістен қысқартылған. Сондай-ақ заңмен тыйым салынған әрекеттерді есі дұрыс емес халде жасаған он бір адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қаралған. Өндірістен қысқартылған істердің көпшілігі онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасап, жәбірленушімен татуласуына байланысты болып отыр. Сонымен бірге, медиаторлармен қаралған жүзден астам іс те сотталушылардың жәбірленушілермен келісімге келуі нәтижесінде қысқартылған.

Өткен тоғыз айда істерді қарау мерзімі бұзылмаған. Осы аралықтағы апелляциялық тәртіппен қаралған істер бойынша төрт үкім бұзылса, жиырма үкім өзгертілген. Сондай-ақ, қырық бес материал бойынша он екі сот қаулысының күші жойылған. Жалпы алғанда облыс бойынша шығарылған сот актілерінің 98,7 пайызы іс жүргізу және материалдық заң талаптарына сәйкес келеді. Өндіріске түскен арыздар санының өсуі сот билігінің қолжетімділігін байқатса, сот актілерінің заңды өрі негізді қабылдануы халықтың сотқа деген сенімінің артып келе жатқандығын көрсетеді. Сондықтан сотқа жүгінген тұлғалардың құқықтарының дер кезінде қорғалуын қамтамасыз ету соттардың басты міндеті болып қала бермек.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



Елімізде «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне дайындық жан-жақты жүргізілуде. Халықаралық көрме Қазақстан тарихындағы жаңа оқиға. Бұл өліміздің бүгінгі қол жеткен табыстарын өлемге айшықтаумен бірге оның келешек көкжиегін айқындайтын үлкен шара. Сонымен бірге, ол өліміздің халықаралық ауқымдағы өз орнын лайықты табуға мүмкіндік береді.

даму сияқты тың бағыт қажет. Жер бетінде дәстүрлі энергия шикізаттарының таусылу қаупі зор. Ал оларды пайдалану қоршаған ортаға орасан залал келтіруде. Сондықтан халықаралық қауымдастықта халықаралық көрме шеңберінде бас қосып, мәселені бірігіп шешу талқы өзегіне айналады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізде «жасыл экономика» бағытына көшіру жөніндегі бастамасы аталған мәселемен үйлесім тауып тұр.

Астанада халықаралық көрмені өткізу қуат

және шетел инвестицияларын тартуға зор мүмкіндік тудыратыны анық.

«Болашақтың энергиясы» тақырыбы өз кезегінде Қазақстанға жаңа технологияларды тартудың жақсы жолы, сондай-ақ ғылыми-техникалық ойды дамытуға түрткі болары сөзсіз.

ЭКСПО көрмесіне дайындық барысында мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылады. Көрмеге келушілерге тұратын орын, сапалы тамақ, аудармашылар, экскурсиялар мен ойын-сауық қажет болады. Сондықтан қосымша табыс табу

ҒАСЫРДА БІР БЕРІЛЕТІН МҮМКІНДІК

«ЭКСПО-2017» көрмесіне 2-3 млн. адам келеді деп болжанып отыр. Жуырда Елбасы Қытайда ресми сапарымен болған кезде, 2017 жылды Қазақстандағы Қытай туризмі жылы деп жариялау туралы ҚХР Төрағасымен келіскен болатын. Сондықтан елімізге келетін туристер қатары артады. Осыған орай ҚХР-дың арнаулы павильоны салынатын болады.


Мемлекет басшысы көрме қалашығының эскиз-жобасын жасауға ерекше мән беріп отыр. Осыған орай «Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің ең үздік эскиз-идеясы, оның ішінде көрме нысанының символы жобасына халықаралық байқау жарияланған болатын. Оған өлемнің 50 атақты сәулетшілері өз жобаларын ұсынды. Осы байқауға түскен жобалардың ішіндегі үздіктерін арнайы құрылған техникалық кеңес іріктеп алды.

«ЭКСПО-2017»-нің шеңберінде екі көрме ұйымдастырылады. Көрмеге қатысатын мемлекеттер өз павильондарын өздері салатын болады. Қазірдің өзінде құрылыс жобасын жасаушыларға тапсырма берілді. Әрбір павильонның өлшемдері бекітілді. Павильондар берік тұғырларға қондырылған едендер арқылы бөлініп, көп қабатты ғимараттарға айналады.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышынан келетін жүздеген мың қонақтарды қабылдауға қонақ үйлердің жетімсіз болатыны айқындалып отыр. Сондықтан көрме қалашығы аумағында жалға беретін тұрғын үй құрылысы салынады. Көрмеге қатысатын мемлекеттер өз павильондарын жарақтандыру үшін алдын ала адамдарын жібереді. Міне, сол кезде оларға тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлерді жалға беру жағы ойластырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша содан кейін бұл үйлер халық игілігіне пайдалануға беріледі.

Олар белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға сатылады. Демек, халықаралық деңгейдегі үлкен шараның соңы еліміздің түйінді әлеуметтік мәселелерінің бірін шешуге мүмкіндік береді.

Жуырда ғана «Астана ЭКСПО-2017» ҰК акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Талғат Ермегияевтің «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында атап өткеніндей, ЭКСПО қалашығы болашақтың қаласы болып табылады. Ол ертеңгі күні елордамыздың ғылыми, мәдени



Жоба

және сәулет орталығына айналады. Оның болашақ нысандары бүгінде ең дамыған озық технологиялар арқылы салынады. Көрме қалашығы біріншіден, балама қуат көздерінен нәр алады. Екіншіден, әрбір ғимарат өзі тұтынатын электр қуатын өзі өндіретін болады. Үшіншіден, осы жаңғыртылған электр энергиясын әрбір ғимарат бір-біріне тарата алатындай технологиямен жабдықталуы керек. Төртіншіден, балама қуат көздері арқылы өндірілген электр қуаты тиімді сақталуы керек. Бесіншіден, көрме қалашығында қатынайтын көліктер де қоршаған ортаға зиянсыз болуы керек. Бұл ретте, электромобильдерді кеңінен пайдалану ойластырылуда. Қысқасы, көрме қалашығында адамзат ертеңінің тұғыры болып табылатын жер энергиясы, күн энергиясы, жел энергиясы жан-жақты пайдаланылатын болады. Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «жасыл экономикаға» көшудің бірінші алғышарты болуы керек.

«Болашақтың энергиясы» тақырыбының маңызы – бүгінгі күні адамзаттың ең өзекті мәселесіне айналған табиғи қуат көздерін тиімді пайдалануды көздейді. Мұны шешу қазір көптеген елдер үшін стратегиялық міндетке айналды. Тақырыптың өзегінде электр қуатын қолжетімді ету және кедейшілік деңгейін төмендету сияқты әлемдік көлемдегі мәселені шешу маңызды болып табылады. Ендігі кезекте бүкіл өлемге «жасыл экономика» және экологиялық қауіпсіз

үнемдеу – күн, жел, теңіз, мұхит және термалдық сулардың энергетикалық ресурстарын енгізу мәселесін кеңінен талқылауға жағдай жасайды. Т.Ермегияевтің атап өткеніндей, Мемлекет басшысы бұл іс-шараға жауапты адамдарды бекітті, Үкіметтің және елорда әкімдігінің алдында тұрған міндеттер мен мақсаттар айқындалды. Енді тек іске кірісу керек. Алдымен, 2017 жылға дейін ең жоғары технологияларды пайдалана отырып, осы ЭКСПО-ға болашақта келіп қатысушы елдер үшін барлық қажетті жағдайлар жасау міндеті тұр.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, көрмені өткізу бұл Елбасының және еліміздің әлемдік сахнадағы зор беделінің айғағы. Бұл тәуелсіз еліміздің тарихи шежіресінде айшықты әріптермен жазылатын оқиға. Ал енді Бүкіләлемдік көрме өткізу экономикамызға едәуір серпіліс беретіні айқын. Акционерлік қоғам басқарма төрағасының пікірінше, біріншіден, өлемнің озық технологияларын елімізге әкелуге жол ашамыз. Ірі компаниялардың жетістіктерінен тәжірибе алмасамыз. Екіншіден, Астана қаласының дамуына үлкен серпіліс жасалады. Әлемдік озық технологиялармен салынған құрылыс нысандары ел игілігіне жаратылады.

Астанадағы және оның маңындағы шағын және орта бизнес саласын, оның ішінде қызмет көрсету саласын, қонақүй бизнесін, ішкі туризмді дамытуға кең жол ашылады. Көрме нысандары Астана қаласының инфрақұрылымын дамытуға

ғалымдар кеңінен көтеріп келеді.

Семинарды Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың проректоры Абайбек Жүнісов ашып, ұлттық тарихымызды жаңаша зерделеудің маңызына тоқталды. Онан соң «Ұлттық тарихты жаңаша зерделеу мен оқытудың

керлердің біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары Сәкен Серікбаевтың, өзге де бірқатар кісілердің баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ, қызу пікір-таласқа кезек берілді. Атап айтқанда, көтерілген мәселеге қатысты тарихшылар

Дайындаған
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ БАСҚАРУ

Бүгінде елімізде жастардың кәсіпкерлік істерді бастауына ықпал ету, оларға ұйымдастырушылық, құқықтық шаралар бойынша кеңестер беру, ауыл, қала жастарына жан-жақты ақпараттық, техникалық, әдістемелік қолдау көрсетуге баса мән беріліп келеді.



Осыған байланысты Қармақшы ауданындағы «Қорқыт елі – Қармақшы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға және ақпараттық қолдау көрсетуге бағытталған ресурстық орталық жұмысын ұйымдастыру» жобасы аясында «Бизнестегі қызметкерлерді басқару» тақырыбында үш күндік семинар-тренинг болып өтті.

Семинар-тренингті «Бастамаларды қолдау» бірлестігінің тренинг бойынша үйлестірушісі Айгерім Жақсылыққызы өткізді. Ол өз кәсіпін ашамын деген жастарға қызметкерлерді басқарудағы арнайы өзгешеліктер, қыз-

меткерлерді басқару жүйесі, басшылықтың және ұйымдастырудың дағдылары, әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау, топтық жұмыс, тағы басқалар жайында дәріс берді.

Бұл семинар-тренингтің аудан жастары арасындағы жұмыссыздық деңгейі төмендеуі мен өз кәсібін ашамын деген жастар қатарының кеңеюіне өз септігін тигізетін сөзсіз. Қатысушы жастарға «Қорқыт елі – Қармақшы» жастар қоғамдық бірлестігінің арнайы сертификаттары табысталды.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.
Қармақшы ауданы.

Студенттер сарайында «Ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы тарихи білім берудің орны» тақырыбында облыс тарихшыларының семинар-кеңесі өтті.

ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҚЫРЫ

Оған Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымдары, бірқатар жоғары оқу орын басшылары мен тарихшылар, мектептердегі тарих пәнінің мұғалімдері мен колледж оқытушылары қатысты.

Елбасы Жолдауларында ұлттық тарихты жаңаша зерделеу бағытында нақты тапсырмалар беріліп, оны

өзекті мәселелері» туралы Қорқыт ата атындағы ҚМУ Қазақстан тарихы, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі Минсара Қараманованың, «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастыру жолдары» тақырыбында облыстық педагогикалық қызмет-

Меруерт Аңсатова, Дастан Сәтбай, Нұрлыбек Мыңжасов өз ойларымен бөлісті. Семинар соңында тарихты жаңа қырынан зерттеу мен Отан тарихын оқытудың әдістемесін жетілдіру төңірегінде ұсыныстар қабылданды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ҚИНАЛҒАНДЫ КӨМЕКСІЗ ҚАЛДЫРМАЙДЫ

Республикалық Қызыл жарты ай қоғамының облыстық филиалында «Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай ұйымының халықаралық XXXI конференциясының резолюциясы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Билік өкілдері мен денсаулық сақтау саласы мамандарының қатысуымен өткен басқосуды филиал директоры Бибіжан Жәукебаева ашты. Дөңгелек үстелде төтенше жағдайлар мен бейбіт өмірде әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған азаматтарды қолдауды үйлестіру мәселесі талқыланды. Сонымен қатар, соғыс құрбандарын қорғау жайлы 1949 жылы қабылданған Женева кон-

венциясының жүзеге асырылуы жайлы да сөз болды.

Облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова ұйым аймақта хоспис ашуға мұрындық болса деген пікірін жеткізді. Қазір Алматы, Павлодар, Өскемен және Қарағанды қалаларында ауыр дертке шалдыққандар үшін осындай емдеу мекемелері жұмыс жасап жатыр.

Шара барысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен Қызыл Жарты Ай ұйымы арасындағы әріптестік жайы, келісімнің жүзеге асуы жайы талқыланды.

Нұр АҚЫНҰЛЫ.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ШАПАҒАТ НҰРЫ

Арал ауданында күллі мұсылман жұртының ұлық мерекесі Құрбан айт кең көлемде аталып өтілді. Бұл күні орталық мешітке жиналған жамағатта есеп болмады.

Айт намазы оқылған соң көпшілікті аудан әкімі Мархабат Жайымбетов қасиетті Құрбан айтпен құттықтай келе, бүгінгі шараның маңызына тоқталды.

Мұнан соң орталық мешіттің бас имамы Мәжит Әбіштегі мей-

рамның дәстүрлерімен таныстырды. Аруақтарға арналып құран бағышталды. Келесі кезекте құрбандыққа мал шалынды. Айта кетерлігі, аудан әкімі Мархабат Жайымбетұлының отбасы, мешіт ұжымы, кәсіпкерлер Қуанышбай Ерді-халыков, Мейрамбек Жұмашов ірі кара малын құрбандыққа шалды. Мұндай игілікті істен бөлім, мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері де қалыс қалмады. Құрбандыққа шалынған малдардың еті тұрмысы төмен отбасыларға таратылып берілді.

ЖҮРЕКТЕН ЖЫЛУ ЖАҚҚАНДАР

«Жабырқағанның жанынан табыл». Қазалыда бұл ұғым бұлжымас қағидаға айналған. Оқушылар үйінде өткен қайырымдылық акциясы мұны тағы да дәлелдеді. Оған қатысушылар алдымен кең залға қойылған көрмемен танысты.

Жиналғандарды жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, психикалық-педагогикалық түзету кабинетінің, жүйке аурулары интернатының, «Шапағат» мүгедек балаларды сауықтыру орталығының тәрбиеленушілері дайындаған көрмелер ерекше қызықтырды. Мұндағы шебер әзірленген түрлі бұйымдар көздің жауын алады.

«Жүрек жылуы» атты тақырыппен жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырған қайырымдылық шарасын аудан әкімінің орынбасары Сұлтан Макашов ашып, осы бағытта атқарылған жұмыстарды шолып өтті. Оның айтуынша, мүгедектердің жай-күйіне ауданда баса мән беріледі. Соңғы жылдардың өзінде бес

мүгедек тұрғын үйлі болған. Сондай-ақ, оларды жұмыспен камту, кәсіби қайта даярлау тұрақты күн тәртібінде тұр. «Игілік» қорының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Өмірзақ Түктібай өз сөзінде қордың атқарған жұмыстарына тоқталып, Жанқожа батыр мешітінің құрылысына қомақты қаржы аударылғанын жеткізді. Екінші топ мүгедегіне компьютер сыйлады.

Акция барысында бір топ әлеуметтік қызметкерлерге, жеке көмекшілерге, ұйым жетекшілеріне алғыс хат, бағалы сыйлықтар тапсырылды. Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал, Қазалы аудандары.

Біздің кейіпкеріміз – ауданда белгілі азамат, өзінің еңбек жолын спорт саласына арнап, талай аламанда ат оздырып жүрген Еркін Атабаев. Ат дегенде сөйгүлік баптап бөйгеге қосып жүрген ол жоқ, спортқа жаны жақын жастарды тәрбиелеп, байрақты бөсекөлдерде қарсыласын шаң қаптыруға баулып жүр.

БАПКЕР БАҚЫТЫ — ШӘКІРТІ

Оның тәрбиелеген шәкірттері Сағымбаев Найза мен Серікбаев Әділбек Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы болса, Алмаханов Дархан, Кетебаев Мұрат, Сарбасова Рашида, Байшылыков Бауыржан, Шакиров Найль республика, әлем біріншіліктерін сарапқа салған жарыстардан жүлдесіз оралмайтын спорт майталмандары.

Мектепке алғаш келген күннен-ақ өз мамандығын ерекше кастер тұтқан жас ұстаз күнделікті сабағын өткізумен шектелмей, қабілеті бар балаларды іріктеп, үлкен жарыстарға қосуды мақсат етті. Осы күнгідей күнде, күнара жарыстар өтіп тұрмағанмен, ол кезде де спорттың әр түрінен мектепаралық, ауданаралық турнирлер ұйымдастырылып тұрушы еді.

Осындай жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болумен бірге, жасына қарай оқушылар даярлап аудан абыройын көтеруге жұмыс жасай бастаған жас жігіт тез көзге түсіп, аудандық спорт комитетіне төраға болып 7 жылдан астам қызмет жасады.

Еркіннің қазақша күрестен Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев атындағы турнир өткізуге бастамашы болғаны бар. 1984-1986 жылдары Жеңіс күніне орай орталық алаңда өткен бұл турнир аудан көлемінде ұйымдастырылып, мектеп оқушыларының іріктелген 42-90 келіден жоғары салмақ арасындағы жасөспірімдер боз кілемде бақтарын сынаған.

Көмекбаевты еске түсіруге арналған осындай турнир ауданда бокстан де өткізіліп, оны Қуаныш Қаражанов ұйымдастырған болатын. Спорт шебері, аудан спортының жанашырлары Жомарт Көшербаев, Бауыржан Әбенғалиев, Қуаныш Қаражановтардың бапкерлік етуімен осы турнирде алғаш көрінген Өміржан Әбдірахманов бұл күндері Америка, Канада, Австрия құрлықтарында өткен полицейлер арасында әлемдік ойындарда бокстан үш дүркін Әлем чемпионы атанды.

Ол жылдары кіші олимпиада деп есептелетін облыстық спартакиада 4 жыл сайын бір өтеді. Бұл аудандық спорт комитетіне төраға болып келген 1979 жыл спартакиада жылы болып, Қызылорда, Ленинск

қалалары мен 8 аудан қатысатын дүбірлі жарыста аудан 10-шы орынды иеленген еді. Егін жинаудың қызған шағы. Жосалы кентіндегі астық қабылдау пунктінде штабта отырған аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Өмірбек Мұхамбедиев штаб мүшелерінің көзінше: — Сенің жұмысындағы кемшіліктер үшін облыстық партия комитетінің бюросында таяқ жеп келдім. Сен не істеп жүрсін? — деп дүрсе қоя бергені.

Алғашында сасып қалғанмен аздан соң Еркін: — Өмеке, сіз студенттердің «Буревестник» спорт

қоғамына мүше болып, волейболдан облыстық команда құрамында талай жарыстарға қатыстыңыз. Мен жұмысқа енді келіп жатырмын. Маған келесі спартакиадаға дейін мүмкіндік беріңіз. Ауданның спорт саласына бөлінетін қаржысын көбейтуге көмектесіп, мекемелер мен кәсіпорындардың спортшыларды жарыс кезінде жұмыстан босатуына ықпал жасасаңыз, 1983 жылғы спартакиадада жүлделі орынға қол жеткізуге уәде беремін, — деді.

Өмекең аккөңіл адам еді, тез сабасына түсіп, спорт саласын дамыту ісіндегі барлық жұмыстарда ақыл-көнесін беріп, қолдан келген көмегін аямай қамқоршы болып жүрді.

Ал, 1983 жылғы облыстық спартакиадада аудан спортшылары Қызылорда, Ленинск, Арал қалаларынан кейінгі төртінші орынды иеленіп еді.

2003 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. «Үздік спортшы — 2006» номинациясын иеленді. 2007 жылы «Қазақстан Республикасындағы Құрметті спорт қайраткері» атанды. Бірнеше рет облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хатын облыстық спорт басқармасының Мақтау грамотасын алды.

«Ағаға қарап іні өсер» дегендей, бүгінгі Еркін сабақ беріп жүрген №30 мектеп оқушылары аудандық білім ошақтарының спортшылары қатысқан оқушылар арасындағы спартакиадаларда жалпы-командалық есепте жүлделі орындардан түскен емес, көп жағдайда бірінші орынды иеленіп келеді.

Ауданда сонау 60-жылдардан бері дәстүрге айналып келе жатқан жеңіл атлетикадан Жеңіс мерекесіне арналып, 9 мамыр күнгі мерекелік салтанатқа дейін өткізілетін дәстүрлі эстафеталық жарыстың үзілмей бүгінге дейін жалғасып келе жатуы да осы Еркіннің тынымсыз жүгірісінің арқасы.

Аудан спортына білікті басшы да болған, үлгілі ұстаз Еркін туралы айтар әңгіме көп, ал біз шамамыз келген жерге дейін ғана айттық.

Шеребай КҮНДАҚБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚҰТҚАРУШЫ — ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ

Адам өмірі мен қоғам мүлкін құтқарып қалу — құтқарушының басты міндеті. Осы сөтте ол көрек десеңіз өз өмірін де сарп өтіп жіберуі мүмкін. Осылайша, өрлік пен елдікті мақсұт өткен адамгершілік пен ар-ожданды басты бағыт ұстанған құтқарушы жігіттер елдің айбыны болып та жүр.

Өз бастамасын сонау жылдары арбамен су тасыған өрт сөндірушілік қызметінен бастаған өрт сөндіру қызметінің тарихы тереңде жатыр. Ал, Құтқарушылар күні кәсіби мерекесі Қазақстан Республикасында 1995 жылдан бастау алады. Яғни, биыл осы кәсіби күннің аталып өтіп келе жатқанына 18 жыл толып отыр. Бұл жылдар Төтенше жағдайлар министрлігінің, оның ішінде біздің облыстағы төтенше жағдайлар департаменті жүйесінің дамуы және жетілуі болып табылады. Сөзімізді әріден бастасак, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдар құрылымдарын жетілдіру туралы» №2541 Жарлығына сәйкес барлық мемлекеттік басқару жүйесін құру кезінде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар

және мемлекеттің Азаматтық қорғанысы саласында өкілетті, орталық атқарушы орган ретінде - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік комитеті құрылды.

Аталмыш комитеттің орталық аппараты құрамында Азаматтық қорғау бас басқармасы және Төтенше жағдайлардың алдын алу бас басқармасы ашылды. Жедел-кезекшілік қызметтерін басқару және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру үшін Бас жедел басқарма құрылды.

Азаматтық қорғаныс бөлімдерінде жедел қызметтегі қатардағы жауынгер қатарынан жалпы профильді құтқарушылар дайындау және оларды келісті жабдықтармен, киім-кешекпен жабдықтау ұйымдастырылды. Жүйені реформалаудың бұл кезеңінде төтенше жағдайлар мәселелерін комиссиялық шешудің үлгілі



тәжірибелері сақталды.

Біздің облысымызда да төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бағытындағы комиссия жұмысын тиісті дәрежеде атқарып, осы тұста көтерілген мәселелерді шешуде өз максаттарына жетіп отыр.

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті облыстағы өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, судан құтқару, басқа да жедел құтқару жұмыстарының басын қосып отыр. Жылдан жылға

облыстағы құтқарушылардың қызметі үшін техникалық жарактандыру, қызметтің дәрежесін көтеру жолында іс-шаралар жалғасын табуда. Тосын жағдай, төтенше оқиға кезінде абдыраған халық апаттан құтқару мекемесі мен өрт сөндірушілерден жәрдем күтеді. Осы ретте әрбір құтқарушы мен өрт сөндіруші әрқашанда «елге қызмет — абырой, міндет!» екендігін жақсы біледі. Біздің құтқарушыларымыздың шеберліктері әр күн сайын дәлелденуде. Осы тұста төтенше жағдайлардан адам өмірі мен қоғам мүлкін қорғау барысына бағытталған қызметтің маңыздылығы күн санап өсіп келе жатқандығы сөзсіз.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында Қызылорда облысы аймағында 81 рет төтенше жағдай орын алды. Одан 80 адам зардап шегіп, 53 адам қаза болды.

Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстарында дабыл бойынша 1000 рет шығыс болып, 330 өрт, 652 жану оқиғасы, 18 авариялық-құтқару жұмыстарына шықты. Өртте өрт сөндірушілер 21 адамның өмірін құтқарған. Суда құтқару қызметі мамандары 67 рет

ізвестіру-құтқару жұмыстарына шығып, 42 адам құтқарылды. Оңтүстік өңірлік аэромобильдік жедел құтқару жұмыстары құтқарушылары осы мерзімде 617 рет құтқару жұмыстарына шығып, 341 адам өмірі ажалдан арашаланып қалды.

Сөз соңында бүгінгі Құтқарушылар күні қарсаңында осы салада еңбек етіп жатқан азаматтарға отбасылары аман, дендері сау болуына тілектеспін! Еліміздің қауіпсіздігі үшін атқарған қызметтерінде құтқарушылар абырой биігінен көрінініздер. Барша сала мамандарына зор денсаулық, мол бақыт, береке мен бірлік тілеймін! Мемлекетіміздің сындарлы саясатын жүзеге асыру барысында халқымызды және оның байлығын төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы жұмыстарыңыз нәтижелі болсын. Кәсіби деңгейлеріңіз өсе берсін!

Сағынбек ӨМІРЗАҚОВ,
Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы,
өртке қарсы қызмет полковнигі.



Газет тілшісімен болған сұхбат барысында өңгіме ауанын осылай бастаған Шиелі ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев өз сөзін өрі қарай былай жалғады:

— Сұлу Сырдария өзенінің бойында орын тепкен киелі мекен — Шиелі ауданының қашанда шоқтығы биік. Осынау шырайлы өлкенің мақтан тұтар тұстары жетерлік. Сондықтан, туған жеріміздің тарихи тағылым беретін орындары мен ұлыларының қадір-қасиетін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, рухани мәнін терең таныта білу парызымыз деп түсінеміз.

Бұл жерді мекендеген халқымыздың бойында еңбекқорлық пен іскерлік, төзімділік пен қайсарлық бар. Бұл елде кара қылды қақ жарған әділ би-шешендері мен акын-шайырлары, білгір көсемдері

«Алтын күз» жиын-терім ғана емес, ұлыларымызды ардақтар кез»

мен ел қорғаған батыр тұлғалары өмір сүрген.

Алты алаштың ардақтысы Мұстафа Шоқай, атақты әнші-палуан Иманжүсіп, Сыр сұлейлері Бұдабай, ағайынды Мәнсұр мен Нартай, қазақ ғылымы, әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдері Әуелбек пен Қалжан Қоңыратбаев, Әбділла Тәжібаев, Шахмардан Есенов, Қалмақан Әбдіқадыров, Мырзабек Дүйсенов, Мүсілім Базарбаев және екі мәрте Еңбек Ері Ыбырай Жақаев бастаған 41 Еңбек Ері бұл өлкенің қасиетті суынан күш, топырағынан нәр алған тұлғалар тізбегі.

Міне, осындай ұлы бабалардың өмір соқпағының ұрпақтан ұрпаққа ұласып, өнер-өзен ағысын жоғалтпағанын айғақтап, жұртшылыққа таныстыру кейінгі ұрпақтың өмірлік ұстанымы.

— Жұртшылық хабарлар болып қалды, биылғы күз мерекесінде Иманжүсіп атамыз ерекше аталады деп жатыр...

— Рас сөз, биылғы жылы «Алтын күз — 2013» мерекесі сал-сері, палуан, әнші, композитор, бостандық пен тәуелсіздік үшін өмір бойы күресіп өткен ардақты азамат «Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдығы» аясында аталып өтетін болады.

Иманжүсіп Құтпанұлының бойындағы ерекше қасиеттер атасы Тұрғанбай датқадан, әкесі Құтпаннан дарып жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанған тұлға.

Оның кең ауқымды әндері Аркада, Жетісуда көп таралған. «Сарымойын», «Бұғалы мен Тағалы», «Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шонай», «Қысырақтың үйірі жиен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын», т.б. әндері өр үнді әншінің азаматтығын танытады.

Өнерзерттеуші Затаевич Иманжүсіптің бірнеше әндерін жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағына енгізген. Соңғы жылдары Иманжүсіптің жаңа әндері де табылып отыр. Акынның «Сейфулмәлік», «Сарыарқа», «Сарыбел», «Ерейментау», «Болған жастан», т.б. әндері әр жылдарғы фольклорлық экспедициялар кезінде жазылып алынған. 2001 жылы жарық көрген батырдың немересі Раушан Көшенованың «Иманжүсіп» атты кітабына жоғарыдағы әндер толық енгізілгендігі де үлкен олжа.

Осы орайда, алты Алашқа аты мәшһүр — Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдық мерейтойын дүбірлете өткізуді, өткен тарихты келешек ұрпаққа насихаттауды және ел ақынын ұлықтауды бүгінгі ұрпақ өзімізге борыш санап отырмыз. Той кәдесіз болмайды, жазба ақындардың мүшәйрасы, ақындар айтысы, басқа да шараларға едәуір қаржы бөлдік.

Бастысы — өткенсіз бүгін жоқ» демекші, Елбасымыздың өз Жолдауларында атап көрсеткеніндей, қымбатшымызды қастерлеп, барымызды бағалай білу, қолда барды қадір тұту деп түсінеміз. Жамағатты ел байлығымен бірге, жан байлығын молайтуға шақырамыз.

— Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұрмахан ЕЛТАЙ.

Халық ардақтаған тұлғалар өсімі тарих төрінде талай ондаған жылдар жабулы күйінде қалып келді. Солардың бірі Тұрғанбай датқа (1794-1850) туралы Қазақстанның оңтүстік өңірі мен Сыр бойында аңыз да, өңгіме де жетерлік. Қарамағындағы халқына істеген ерелі істері талай ақындардың жыр, дастанына айналған. Қоқан хандығы тарапынан тонаушылықтың, зорлық-зомбылықтың, әділетсіздіктің шектен шығуы оны Шілік соғысын (шамамен 1850 жылдары) ұйымдастыруға мәжбүрледі. Жергілікті халықтың ашу-ызасын арқалаған Тұрғанбай датқа бастап Қоқан ханының бегі отырған Түркістанға шабуыл жасаған еді. Бірақ зеңбірекпен қаруланған қоқандықтардан жеңіліс табады. Мұның аяғы адамзат тарихында көзденсе бермейтін, құлақ естіп, көз көрмеген қанды қырғынға ұласады. Тұрғанбай датқаның үстіне қайнап тұрған қазаннан ыстық су құйып, 14 әскер басы дарға тартылып, 40 би істік қадағаға отырғызылып, азаптап өлтіріледі.

Қасиетті өнер мен құдіретті күштің иесі

Тұрғанбайдың жігіт шағында Сарысу бойындағы бір шапқыншылық кезіндегі аласапыранда әйелі Малбике өзінің үш жасар баласы мен Басығара дейтін бес жасар қайын інісің ауылдан алып шығып, жаудан тасалап қалады. Жау кеткеннен кейін екеуін бірдей алып жүре алмаған ол өз баласын тастап, қайынысын алып, ел қарасын табады. Адамдармен қайтып келгенде баласын таба алмай, кері қайтады. Баланы Арқаны беттеген жолаушылар алып кетіп, тағдыр төлкегімен сонда өседі. Сөйтіп, ол Кенесары ханның ұлт азаттық соғысы батырларының бірі атанып, кейін балаларымен бірге Жетісуға жер аударылып, айдауда жүріп, 1914 жылы 93 жасында қайтыс болады.

Ал Тұрғанбай датқаның немересі, 1863 жылы Сарыарқада дүниеге келген Иманжүсіп Құтпанұлы сегіз қырлы бір сырлы талант иесі, композитор, әнші, батыр, қайсар күрескер, дара тұлға болып өседі. Оның атағы ат жалын тартып, ерге отырған кезінен аймағына тарап, басынан сөз асырмайтын намысшыл ер, жауырыны жерге тимеген палуан, өзі сері, өзі әнші, өзі сазгер, өзі акын, не керек, «сегіз қырлы, бір сырлы» талантымен, ерекше қайраттылығымен өсімі елге ерте мәлім болады. Данқы кейін Сыр бойына да жетеді. Нартай Бекежановтың туған ағасы Мәнсұр акынның «Иманжүсіпке хатында» оның ата-бабасының тарихын баяндай отырып:

«Ақ балдақ алмасымның
сынығысын,
Шынардай көленкелі шыбығысын.
Бәйгі аттай жұрттан озған

заманында,
Арда емген арғымақтың құлынысын...» — деп дәріптелген.

Патшалық Ресейдің заманында еркіндікті, бостандықты аңсаған күрескерлердің асыл мұратын орыс және қазақ байлары түсіне алмай қудаласа, кешегі кенестік кезеңде ұлтын шынайы сүйгендігі үшін ұлтшыл аталып, атылғаны, асылғаны белгілі. Иманжүсіп те осындай әлеуметтік әділетсіздіктің құрбаны болғандарды қасына жиып, ұлықтармен ертелі-кеш тартысып, «төрт стражник, переуетшік және ауылнайды қойдан онай бақыртып», олардың есесін қайтарып жүреді. Ауылдың асқақтағандарын жағадан алып, жұрт көзінше сабаған да болатын. Содан:

«Тумай жатып өш болды
маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы

ем шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс», — деуі жайдан-жай емес еді. Қанша мықты болғанымен, сұм

заманның құрығынан құтыла алмаған Иманжүсіптің:

«Дәурен сүрдім бір кезде құстай ұшып,

Тоты құстай сайраған сайға түсіп.
Тел өскен ормандағы айдаһар ем,
Аяндаым жаяулап жолға түсіп», — деп торығуы да занды. Алайда ертелі-кеш ұлықтармен тартысып, мандайынан шұбыртып тер ағызып, менменсіген талайдың көңілін басып, әділеттік үшін күресін бір сәт толостатпайды. Мұндай әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес орыс ұлықтары мен бай-болыстарға ұнамайды. Оны «ұры, басбұзар бұзақы» деп тиісті жерлерге арызданып, артына шала салып түседі. Ол бірнеше рет қамауға да түседі. «Еске түссе, қайтейін, Ерейментау, Көзімнен акты парлап жастарым-ай» деп Өскемен үезіне 5 жылға жер аударылып, мерзімі біткен соң Сарыарқаға оралады. Осыдан кейін Сыр бойындағы ағайындардың ұсынысымен Шиелі өңіріне 1850 жылдарғы Шілік қырғынынан көшіп келген туыстардың ортасына келіп, 13 жыл отырады. Бірақ казакты ақтар да, қызылдар да қырған Азамат соғысында күшейіп алған кеңес үкіметі тағы да зобаланды бастап еді. Ел ішіндегі кедейді байға тенеудің орнына кеңес өкіметі байды кедейге теңестіру шараларына батыл кірісіп кетеді. Атышулы Көмпескенің кесірі датқаның тұқымы, байдың баласы Иманжүсіпке тимей кетуі мүмкін демес еді. Үстінен арыз түсіп, Шиелідегі абақтыға да жабылады. Бірақ өтіріктің өресі бір тұтам дегендей, арызда көрсетілгендер расталмай тұтқыннан босап шығады. Алайда істің мұнымен бітпейтінін жақсы ұғынған Иманжүсіп жасы ұлғайған шағында Арқаға көшеді. Бірақ онда тұрақтай алмай, 1930 жылы Әулие ата уезінің аймағында көшіп жүргенде арнайы іздеп шыққан ОГПУ жасағы тұтқынға алып, 1929-1930 жылдары Мойынқұм даласында болған шаруалар көтерілісіне қатысты деген айып тағылып, 1931 жылдың 2 наурызында ату жазасына бұйырылады. Сөйтіп, туған халқының еркіндігіне саналы өмірін сарп еткен Иманжүсіп 68 жасында дүние салады.

Қасиетті өнер мен алып күштің иесі Иманжүсіптің туған еліне, жеріне деген махаббаты — оның өлеңдерінің алтын тіні. Бұл, әсіресе, елден жырақта, айдауда жүргенде ерекше сезіледі. Сол себепті оның «Қош, аман бол, Сарыарқа, өскен жерім, Кір жуып, кіндігімді кескен жерім» деуін де, «Бүркіт салып басына шығар ма едім, Бір көрінші көзіме, Ерейментау» деп аңсауын да толық түсінуге болады.

«Қатар-қатар салынған
тастарын-ай,

Мұнарланып көрінген
бастарың-ай.
Еске түссен, қайтейін, Ерейментау,
Тия алмадым көзімнің
жастарын-ай».

немесе

«Қайран ел, окта-текте еске түссен
Жасымды тия алмаймын екі көзден» — деген өлең жолдарынан қайсар тұлға бір қарағанда жасық көрінетін сияқты. Шындығына келгенде, өсте олай емес. Бұл оның еліне, жеріне деген шексіз махаббаты, саналы сүйіспеншілігі болатын.

Иманжүсіп асқақ, бірақ астам-шыл емес. Қашаннан талант өз ауқы-

мын, өз биігін біледі, ұғынады, алайда оны мақтаныш етпейді. Оның:

«Толғатып тоқсан қатын
ұл тапса да,
Бірі де Иманжүсіп бола алмайды», — деуі мақтану емес, өзін-өзі шынайы тануы, танытуы. Мұндай жолдар Абайда да бар. «Қазақта кара сөзге дес бермедім» дейді. Абайдың болмысын білгендер мұнысын артық санамайды.

Иманжүсіп, Әбіш Кекілбаевтың тілімен айтқанда, «өзінің бітім табиғаты бойынша — нағыз дала көкжалы» болатын. Оған дәлел қазағымыздың арқалы ақыны, Сыр елінің атақты перзенті Әбділла Тәжібаевтың «Қажымұқан мен Иманжүсіп» деген естелігінен бір мысал келтіре кетейік. ...Арқаның Қоянды базарында бір кесір шалға Қажымұқанның тілі тиеді. Ол қамшы сілтемек болғанда Қажымұқан оны аттың үстінен жұлып алып, боз үйдің үстіне атып жібереді. Шал мұның барлығын базардағы Иманжүсіпке айтып шағынады. Содан ол Қажымұқан қымыз ішіп отырған үйдің сыртына келіп, оны сыртқа шақырады. Иманжүсіптің ашулы түрін байқап, Қажекен қолын қусырып, басын төмен салып, айыпқа мойын ұсынады. «Әкендей кісіге неге азар бересің?», — деп Иманжүсіп еңкейген інісін қамшымен тартып жібереді. Қажымұқанның көзі қарауытып барып, жығылмай әрең қалады. Өңгімеге елтіп отырған Әбекен: «Ойпырым-ай, аямағаны ма?», — деп қалады. Сонда Қажекен: «Бұл аяғаны ғой, әйтпесе екі бөлер еді» деген екен.

Шіркін, ұлылардың істері де ұлы ғой, екі алыптың бір-біріне деген сыйластығын айтсайшы! Қазағымның кешегі берекесін байытқан, бүгін азая бастаған осы дәстүрлер қайта айналып келер ме еді? Тәуелсіздігімізді тұғырлы ете түсетін осындай қасиетті істер екеніне ешкім күмәндана қоймас.

Бүгін еліміз ұлттық тарихымызға ерекше бет бұрып жатқанда кешегі патшалық Ресей, кеңес өкіметі кезіндегі жабылып қалған, тіпті аттарын атауға да болмайтын ұлтымыздың азаттығы мен еркіндігі үшін күрескен, оның рухани құндылықтарын байыта түсуге өлшеусіз үлес қосқан ардақтыларымызды ерекше қастерлеп, айрықша қадірлеп жатыр. Бұл рухани құндылықтарымыз бен асыл мұраттарымызға қызмет етіп, қазіргі аса қажет болып отырған тәуелсіз санамыздың қалыптасуына, ұлттық рухымыздың артуына игі ықпал етері сөзсіз. Өйткені ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз тәуелсіз елдің тұғыры берік болуы мүмкін емес, ондайды өзір адамзат тарихы көре қойған жоқ.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
профессор.

Кеңестік оқулықтарға “Бұл қалаларда Қокан бектері басқарған өзбектер, сарттар, түркімендер және тағы басқа да Орталық Азия өкілдері тұрған, кейін патша әскерлері келген кезде осы қалалар үшін соғысқан да солар, ал қазақтар болса қалалардың сыртында көшіп-қонып, Қокан бектеріне алым-салық төлеп, бұл қалаларға еш қатысы болмаған” делінеді. Кеңес идеологтары “бұл

барлау тобы Қызыл Жыңғыл шаткалына дейінгі жерлерді ғана картаға түсіріп, Райым бекінісіне оралады. Патша барлаушыларының сәтсіз аяқталған жорығына қарамай әрі қазақтардың күшін мейсінбеген В.Перовский сол жылы қайтадан полковник И.Бламбергті, үш зеңбірегі бар 300-ден астам әскерді Ақмешіт бекінісін басып алуға аттандырады. 1852 жылы 18 шілдеде Ақмешіт бекінісіне жет-

ым салады. Перовскийдің бұлайша аландауы шындыққа жакын еді. Өйткені, Сыр өңірінің қазақтары өздерін жаулауға шыққан патша әскерлерінің жорығына барынша зиян келтіріп, оны әртүрлі амалдармен тоқтатуға тырысқаны жөнінде мұрағат құжаттарында көптеген мәліметтер кездеседі. Мысалға, мұрағат құжаттарында патша әскерлері қазақтардан ақшаға түйелеріне

лайша Ақмешіт бекінісін қорғаушылар өз күштерінің әлсіздігіне қарамастан, орыс әскерімен үш аптадан аса аянбай соғысып, ақыры оқ-дәрісі таусылған соң амалсыздан беріледі. Ақмешітті қорғаушылардың осыншама уақыт бойы күші басым жауға қарсылық көрсетуі, олардың сол жердің қазақтары болғандығын дәлелдеп отырған жоқ па? Кеңестік тарихнамада көрсетілгендей

дейді. Осы мәлімдемедің ауыл ақсақалдарынан орыс билігіне қарсы шықпаймыз деген уәдені алған соң жергілікті халықпен тіл табысу мақсатында олардың бәрін де жақын мандағы ауылдарына қайтарғанын хабарлайды. Бұдан шығар қорытынды егерде тұтқынға түскендердің бәрі қазақтар болса, онда бекіністі қорғау кезінде қаза тапқандардың бәрі де немесе басым бөлігі қазақтар болуы әбден мүмкін. Дегенмен, Ақмешітті патша әскерлері басып алса да соғыс аяқталмаған. Мұрағат құжаттары көрсеткендей Ташкент, Түркістан, Созақтағы қазақтар Қоканмен соғысып жатқанына қарамастан, оны азат ету үшін бірнеше рет жорықтар жасаған. Мысалы, 1853 жылы 24 тамызда Ташкенттен Сәбден қожас бастаған 7 мың Ұлы жүз қазығы мен 700 хиуалық (негізін қабақ Әзберген би бастаған шектілер құраған) қазақтар Ақмешітке шабуыл жасайды. Өкінішке орай, олардың Ақмешітке жасаған жорығы орыстарға көп шығын әкелсе де жеңіліске ұшырайды. Оның себебі Сәбден бастаған қазақтарға Худояр хан бастаған сарттар мен өзбектердің ешқандай көмек бермеуінде жатса керек. Сол жылы ташкенттіктер Ақмешітті қайтарып алу жолында тағы да әрекет жасап көреді. 24 қарашада басталған жорықты Ташкент қазақтары Софы бек пен мыңбасылар Қасым мен шанышқылы руынан шыққан Мәмбет басқарады. Жорыққа түйелерге жегілген 17 зеңбірегі бар 10 мыңнан аса адам қатысып, 4 желтоқсанда олар Жөлекті басып алады да, 14 желтоқсанда Ақмешіттің түбіне келіп орналасады. Бұл жолы да ташкенттіктерге Қокан тарапынан көмек берілмейді. Шайқас кезінде ташкенттіктер тағы да ауыр жеңіліске ұшырап, 2000 адамынан өлідей айырылып, орыс әскерлері тарапынан 18-і окка ұшып, 38-і жараланады.

Осы жеңілістен кейін олар Ақмешітті қайтарып алуға әрекеттенбей, қорғанысқа көшеді. Осылайша Перовский бастаған орыс әскерлерінің Сыр бойына жасаған басқыншылық жорығы Ресей

қалалар қазақтар үшін мүлдем жат, сондықтан оны кім жаулап алса да қазақтарға бөрібір болған” дегенді санамызға сіңірген. Нәтижесінде қазіргі кезге дейін халық санасында осы көзқарастар үстемдік құруда. Алайда тәуелсіздік алған кезден бастап отандық тарихшыларымыз тарапынан жүргізген зерттеулер және мұрағаттан табылған көптеген құжаттар бұл пікірдің бұрмаланғанын әрі дұрыс емес екенін дәлелдеп отыр. Мәселен, соңғы зерттеулер көрсеткендей Оңтүстік Қазақстандағы Жаңақорған, Жөлек, Шымкент, Түркістан, Ташкент және тағы басқа да қалаларды патша әскерлерінен қазақтар қорғаған. Тіпті, Ақмешіт, Әулиеата, Мерке, Созақ, Тойшыбек, Шолаққорған сияқты бекіністердің қорғаушылары дерлік қазақтардан тұрған. Бұл туралы бірнеше ғылыми зерттеулер жазылған. Өкініштісі сол аталмыш ғылыми еңбектер монографиялар түрінде жарық көргенімен, осы кезге дейін оқулықтарға енгізілмей келеді. Осыған байланысты кезінде кеңестік кезеңде қалыптасқан көзқарастар әлі де догма күйінде қалуда. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осы қалалардың ішінен Ақмешіт қамалын қорғаған қазақтардың ерлігіне жеке тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Ақмешіт бекінісіне тоқталған себебіміз ол сол уақыттары стратегиялық жағынан өте маңызды қамал болды. Егер патша өкіметі осы қамалды басып алса, онда Ресей империясы Сыр бойына бақылауын орнатып қана қоймай, бүкіл Оңтүстік Қазақстанға емінеркін кіруге мүмкіншілік алатын еді. Осы мақсатты көздеген патша өкіметі Орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийге Ақмешітті қалайда басып алу туралы тапсырма береді. Патша өкіметінің нұсқауын орындауға кіріскен генерал Ақмешітке баратын жолды барлап, оны картаға түсіру үшін 1852 жылы 18 сәуірде топограф Голов басқарған 80 адамнан тұратын әскери топты Сыр бойына аттандырады. Бұл кезде Ақмешіттің қазақтары да патша өкіметі тарапынан қауіп анық төне бастағасын, бірнеше қауіпсіздік шараларын жүзеге асырған. Оны Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатынан табылған құжаттар растайды. Мысалы, осы мұрағаттағы 715 қордың 14-ші ісінде Ақмешіттің елбегі Абдуалидың сұраған көмегіне орай ташкенттіктер 2000 сарбазын жібереді. Оның 400 сарт, ал қалғанының бәрі, яғни, 1600-і қазақтар болған. Құрамында Кеңесарының ұлдары Тайшық, Осман, Кеңесарының ағасы Саржанның ұлдары Қошқарбай мен Иса жүрген. Алайда көмекке келген ташкенттіктер де, Ақмешіттің қазақтары да патша әскерлерімен мәселені шайқасу арқылы емес, бейбіт түрде шешуді көздеген. Олар топограф Головтың 80 барлаушысын Ақмешіттен 80 шақырым жерден қоршауға алады да, кейін қайтуын талап етеді. Орындамаған жағдайда күш қолданатынын ескертті. Амалы құрыған поручиктің



Қазіргі таңда біздің студенттеріміз пен оқушыларымыз Қазақстанның тарихын көшегі кеңес идеологтарының дайындаған оқулықтары бойынша танып жатыр. Ал бұл оқулықтардағы тарихи оқиғалар басынан аяғына дейін бұрмаланған. XIX ғасырдың I жартысындағы оңтүстік өңірдегі Ақмешіт, Әулиеата, Түркістан, Шымкент, Ташкент сияқты қалаларды патша әскерлерінен қорғаудағы қазақтардың рөлі айқындауды қажет етіп келді.

кен полковник таң алдында бекініске шабуыл жасайды. Мұрағат құжаттары көрсеткендей бұл жолы да ақмешіттіктерге дер кезінде көмекке келген ташкенттік қазақтар жауға қарсы шабуылға шығады. Орыс әскерлерінің 15 адамын өлтіріп, 57 адамын жара-лап, кейін қарай қашуға мәжбүрлейді. Осы шайқастан кейін ташкенттік қазақтардан оңбай таяқ жеп, берілген тапсырманы орындай алмаған полковник Бламберг жолында жатқан қазақтардың ауылдарын шауып, малдарын тонап, Күмісқорған және Шымқорған сияқты кішігірім бекіністерді талқандап кетеді. Бламбергтің бейбіт жатқан қазақ ауылдарын шабуының салдарынан жергілікті халықтың наразылығы күшейген. Перовский Ақмешітке келесі жорығын жасамас бұрын оған баратын жолда жатқан қазақтардың көтерілісінен қорқып, әскери жағынан маңызды болмаса да Қазалы аңғарында №1 форт, Қармақшыда №2 форт, Күмісқорған бекінісінің орнына №3 форттарды тұрғызады. Сондай-ақ, екі жорықтан мықтап сабақ алған ол үшінші жорыққа жан-жақты дайындалып, Ақмешіт бекінісінде орналасқан әскерлердің саны мен құрамы, Кеңесарының ұлы Сыздық төре бастаған қазақтар туралы, Орта Азия хандықтарының саяси жағдайы, Сыр бойындағы қазақтардың патша билігіне деген көзқарасы және тағы басқа да мәліметтер жинастыру үшін тыншыларын Сыр бойына жібереді. Тыншыларынан Қокан ханы мен Ташкент бегінің арасында билік үшін соғыс басталғанын, Ақмешітті қорғауға келген сарбаздардың қайтадан Ташкентке қарай аттанып кеткені туралы мәлімет алған Перовский 1853 жылы 22 сәуірде 3 мыңнан аса әскерді бастап жорыққа шығады. Сақтық шараларына мұқият назар аударған ол жорық кезінде әскердің жолында орналасқан қазақтар қарсылық жасауы немесе құдықтардың көзін жауып, түйелерін жем-шөпсіз қалдыруы мүмкін деген қауіппен қазақ ауылдарына әскердің жол бағытына көшіп-қонуға тый-

жем-шөп, болмаса азық-түлік сатып ала алмағаны немесе Ақмешітке баратын оңай жолды көрсетуден бас тартып отырғаны жазылған. Сол үшін Перовский қыпшақтардың биі Досболды біліп тұрып жол көрсетпеді деп жазаға тартқан. Тіпті патша әкімшілігіне адал қызмет атқарып, хорунжий атанған жаппастардың биі Жанғабылдың өзі қыпшақ, табын, әлім, алтындардың билеріне Ақмешітті орыстардан қорғайық деп хат жазған. Оның хаттарының бәрін патша әкімшілігі қолдарына түсіреді. Перовский бұл әскери іс-шараға жоғары деңгейде дайындалғаны соншалықты, оған сол уақыттағы орыс әскерінің барлық түрлері: жаяу әскер, атты әскер, зеңбірек батареялары, инженерлік топ, саперлік бөлім, қазақтар және әскери флотилияны кіргізеді. Ақмешітке жеткен Перовский бастаған патша әскерлері бекініске тік шабуылға шығуға бата алмай, қоршауға алып, батареяларды орналастыру үшін оның жан-жағынан траншеялар қазады. Бекіністі қорғаушыларға сырттан көмекке әскердің келмеу амалын қарастырған Перовский Жаңадариядағы тоспаны бұзып жібереді. Кейін орыстардың осы амалы өз-өзін ақтайды. Өйткені, Ақмешітке көмекке келе жатқан ташкенттіктер дәл осы тоспадан жайылған судан өту үшін өткел іздеп, уақыттарын босқа өткізіп алады.

Жорыққа алып шыққан әскердің азық-түлігі санаулы күнге ғана жететін болғандықтан, бекіністі қоршау арқылы бағындыру жоспары іске аспайды. Қалыптасқан жағдайды талдаудан өткізген ол енді шешуші шабуылға көшпесе, онда жағдайының мүшкілге айналатынын біліп, 1853 жылы 8 шілдеде барлық батареялардан бекініске қарай оқ жаудыруға бұйрық береді.

Бекіністі қорғаушылар жау күшіне төтеп беріп, қарсы шабуыл жасайды. Олардың ерлігіне Перовскийдің өзі де таңғалып, Булагов деген досына жазған хатында “бекіністегі 300 адамы өз еркімен берілуге мәжбүр ете алар емеспін” деп мойындайды. Осы-

Ақмешітке тек Орталық Азия халықтарының өкілдері соғысса онда олар нақты қатер төнген кезден бастап-ақ бекіністі тастап қашып кетер еді. Оған нақты мысал Түркістан қаласы үшін шайқас бола алады. Түркістан қаласын қорғау кезінде Мырзаәулет бастаған сарттар жеңіле бастаған кезде, Кеңесарының ұлы Сыздық төре бастаған қазақтардың көмекке келуін күтпей-ақ, бекіністегі қазақтарды тағдырдың тәлкегіне



тастап қашып кеткен болатын. Соның өзінде де қазақтар Түркістанды жауға бермей бәрі де қаза тауып, Сыздық төре болса бекініс сыртында соғысып, ақыры ішке кіре алмай амалсыздан кейін қайтқан еді.

Ал Ақмешітті қорғаушылар болса дерлік қазақтардан тұрғандықтан, олар ұзақ уақыт бойы өздерінің туған қаласы үшін шайқасты. Сонымен қатар, Ақмешітті қорғаушылардың қазақтардан тұрғанын мұрағат құжаттары дәлелдей түседі. Перовскийдің жоғары жаққа жасаған мәліметінде Ақмешітті қорғау кезінде өлгендердің бәрін қокандықтар деп атаған. “Тұтқынға түскен 74 қорғаушының біреуі ғана бұхарлық саудагер, ал қалғандарының бәрі де сол жердің қазақтары”

империясы үшін әскери стратегиялық және саяси-экономикалық жағынан аса маңызды болды. Орыс әскерлерінің Ақмешітті басып алуы Ресей империясының иелігіне 500 шақырымдық жерді қосып қана қойған жоқ, енді бүкіл Кіші жүз қазақтарының жайлауларымен бірге қыстауларына да бақылау жасауға мүмкіндік берді. Ақмешіт түбіндегі шайқас қазақ тарихының ақталмай жатқан болмашы ғана бөлігі. Ал оның ашылмаған немесе әлі де зерттеуді қажет ететін тұстары қанша-ма?!

Бақытжан ЖҮРСІНБАЕВ,
Айтжан ОРАЗБАҚОВ,
Бауыржан ЕҢСЕПОВ,
Уәлихан ИБРАЕВ,
тарихшы-ғалымдар.

● ҚОҒАМ ЖӨНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ҚОНЫСБЕК ҚАЗАНТАЕВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ

Дана халқымыз: «Асыл туған адамның, алтын жөтпес нарқы бар. Жақсы мәнөн жаманның, аспан мен жерде нарқы бар» дегендей, жақсы адамның өзі де, сөзі де, ісі де, бейнесі де өшпейді, жалғасын табады, табыла береді. Осындай, баға жөтпес із қалдырған ағамыз Қонекенді білмейтін азамат кемде-кем шығар. Қонекен Қармақшы ауданында өмір өсігін ашып, Шиеліде тәжірибе жинақтап, Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш аудандарында бірінші басшы болып шыңдалды. Абырой мен беделге, халық сүйіспеншілігіне бөленді, өнегелі өмір сүрді.

Мен, ол кісіні 1969 жылдың желтоқсан айында әскер қатарынан борышымды өтеп, партиялық есепке тұрарда қабылдауында болғандықтан білемін. Қабылдауында болғанда мұқият сөйлесіп, қандай оқу орнын бітіргенімді, отбасы жағдайымды сұрастырып,

Оның қарауында жұмыс істеп, іскерліктің, еңбекқорлықтың, тазалықтың куәсі болдық. Сол кісіге ұқсауға тырыстық. Менің аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Қармақшы аудандық партия комитетінің

жылдары ауданда қыруар жұмыстар атқарылды, күріштік жерлерді тегістеу, оның өнімділігін арттыру, мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде ірі қара, жылқы, түйе, қой малдарының басып көбейту, ет, сүт, жүн, қаракөл елтірісін өндіруді ұлғайту қолға алынды.

1970 жылдың аяғында, сол кездегі бесжылдықтың қорытын-

Дарабоз Дара тұлға

аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Төлеген Әбілдаевқа тапсырма беріп, аудандық киножүйелері кеңесі төрағасы қызметіне жіберді. Бір жылдан соң аудандық комсомол комитетіне қызметке ауыстым. Ол кісіні жиі көретін болдық. Жастар арасында қандай бір жиын, пленум, тағы басқа шара болмасын уақыт тауып қатысатын, ақыл-көнесін беріп, талап қоятын. Жастарды тәрбиелеу, олардың арасынан белсенділерді кадрлар резервіне қоюға үлкен мән беретін. Қонекеннің тікелей араласуымен жас маман-кадрларды еңбекте шыңдау мақсатында сол жылдары «Тереңөзек» совхозында (қазіргі Шаған ауылы) механикаландырылған комсомол-жастар күріш звеносы құрылып, үлкен жетістіктерге жетті. Звено құрамындағы жастардың барлығының жоғары нәтижесі арнаулы орта-білімдері болды. Оларды жоғарғы білімді агроном Алдаберген Құлбаев басқарды. Құрамында жас-мамандар Наушабай Өмірбаев, Тілек Аяпов, Нүрділда Лекерев, Дініслам Сма-тов, Асарбек Тәуекелов, Нығметжан Алдабергенов, Көбейсін Сәт-тібаев, Иса Оразбаев сияқты комсомол мүшелері бар. Бертін келе осы азаматтардың көпшілігі партия қатарына қабылданып, кейін олардың арасынан совхоз партия комитетінің хатшысы, кеңшар директоры, бас агроном, бас экономистер, мекеме басшылары шықты.

Семей облысы, Шұбартау ауданы комсомол-жастарының республикада қой санын 50 миллионға жеткізу туралы бастамасы ауданда кең қолдау тапты. «Қараөзек», «Іңкәрдария» қой совхоздарында мектеп бітіруші түлектерінің есебінен «Жас дәурен», «Сұңқар» комсомол-жастар шопандар бригадасы жасақталып, нәтижелі жұмыс істеді. Бұл бригадалардың ерекшелігі — оларға мал бағатын жерлерінде тұрғын үйлер, демалатын, спортпен айналасатын нысандар салынды, тұрмыстық қажетті құралдармен қамтамасыз етілді. Бір-екі жыл жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап болған соң оларға жоғары оқу орындарына жолдамамен оқуға түсуге жағдай жасалды. Комсомол-жастар бригадаларын құру, олардың тиянақты жұмыс істеуіне жағдай жасау өндіріс, құрылыс, транспорт, тұрмыстық қызмет салаларында да кенінен орын алды. Осы бригадалардың жұмысы тікелей Қонекеннің бақылауында, қамқорлығында болды.

Қонекеннің кадрға деген қамқорлығын мен өз басым көрдім.

екінші хатшысы сатысына дейін көтерілуім қамқор аға Қонекеннің арқасында деп есептеймін.

Ал, енді тарихқа сәл-пәл шегініс жасайтын болсақ, Қазантаев Қонысбек Төрешұлы Сыр жерінде аласапыран басталып, қазан революциясы зардабынан туған жерінен үлере көшіп-қонып жүргенде дүниеге келген екен. Зорлық-зомбылықты, аштықты, жоқшылықты көріп өскен Қонысбек аға Қазалыдағы орыс-қазақ педагогикалық оқу орнын бітірген тұсында, яғни, 1942 жылы фашистерге қарсы қан майданға аттанып кетті. Табаны күректей үш жыл соғыс даласын көзімен көріп, от пен октын ортасынан тағдырдың жазуымен 1945 жылдың күз айында Қонекен аман-есен елге оралды.

Соғыстың қиыншылығын, әскери темір төртіпті көріп келген ол бейбіт өмірдің кайнаған еңбегіне белсене кірісіп кетті. Жастайынан білімге құмарлығы, еңбекқорлығы, ізденімпаздығы арқасында Қармақшы ауданында жауапты партия, кеңес жұмыстарын атқарып жүргенінде, Шиелі аудандық Кеңесі атқару комитетінің орынбасарлығына, кейін оның төрағалығына жоғарылатылды. Шиелі ауданында он жылдан астам жұмыс істеп, артында игі істер, зәулім үйлер мен ғимараттар, мәдени ошақтар мен мектептер қалдырды. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленді, көптеген пікірлес аға-інілер тапты, оларға қамқорлық көрсетіп, өсулеріне жағдай жасады.

Өткен ғасырдың 60 жылдары Қызылорда облысында күріш өндіруді ұлғайту мақсатында жерлерді инженерлік жүйеде тегістеу, ирригациялық және мелиоративтік жұмыстар жүргізілді. Жанадан шаруашылық орталықтары салынды, әлеуметтік нысандар қарқын ала бастады. Осынау бетбұрыс кезінде шаруаны жетік білетін маман, іскер, жігерлі басшы ретінде Қазантаев Қонысбек 1963 жылдың күзінде Сырдария аудандық өндірістік басқармасы партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Ол кезде Сырдария мен Тереңөзек аудандары біріктірілген еді. Аудан экономикасы нашар дамыған, халықтың әл-ауқаты төмен, шаруашылықтар майда колхоздардан құралған. 1964 жылдан бастап бұл майда колхоздар біріктіріліп, оның орнына ірі мамандандырылған совхоздар құрылды.

1966 жылдың күз айында Сырдария ауданы екіге бөлініп, қайтадан Тереңөзек ауданы құрылды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Қонысбек Қазантаев тағайындалды. Бұл



дысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден Тереңөзек ауданы көш басында болды. Ауданда құрылыс жұмыстары да үлкен қарқын алды. Қазіргі екі қабатты тұрғын үйлер, аудандық мәдениет үйі, №35, №36 орта мектептердің, бірнеше балабақшалардың, аудандық қазынашылық, атқару комитетінің, байланыс торабының ғимараттары сол кезде бой көтерді. Көшелер жөнделіп, асфальттар төселді.

Қонекен кадрларды іріктеу, тәрбиелеу, тағайындауға үлкен мән берді, іскерлегіне, тазалығына, орындаушылық қабілетіне, төртібіне қатаң қарады. Әрине, өмір болғасын «сүрінбейтін тұяқ, жанымайтын жақ болмайды» дегендей, жұмысын алып жүре алмаған, қателік жібергендер де кездесіп отырды. Бірақ Қонекен барынша өділдікпен қарап, жамандыққа жібермеді, жазаламады, қуғындамады, сотты қылмады, қайта қолынан келетін жұмысқа немесе мамандығына жіберіп отырды.

Қонекеннің тазалығы киім киісінен бастап, сөйлеген сөзінен, іс қимылынан, отбасындағы қарым-қатынасынан «мен мұңдалап» тұратын. Ол кісінің басы білімділікке, жүрегі жылулыққа, қолы тазалыққа толы болды десек, артық емес. Өйткені соңынан өсек-аян, жаман сөз ерген жоқ.

Тағдыр Қонекенді тек басшы болуға жазған, ал егерде ол ғылыммен айналысса, танымал академик, шығармашылықпен айналысса, көрнекті ақын, жазушы немесе кез келген мамандықтың көсібі шебері болар еді деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Қонекен Сыр елінде із қалдырды. Сол салған ізбен аудандар атағы, данқы жалғасты, жалғасып келеді, жалғаса береді. Өйткені, дара тұлғаның өнегелі де өркенді ісін енді ізбасарлары, шәкірттері, ұрпақтары жалғастыруда.

Сәбит ОТЫЗБАЕВ,
еңбек ардагері.

ХАЛЫҚ СҮЙГЕН қайраткер

...Жер бетіне кісі келеді екен, Алла берген кесімді мерзімін жүріп өтеді екен. Бірақ сол жолды кім қалай жүріп өтеді? Мәселе осында... Сенен Алланың сұрайтыны да сол.

Уақыт өткен сайын кезінде бағасына жете білмеген тұлғалардың адалдығын түсінеміз, олардың артында қалған парасатты ой-пайымына, зерделі сөзіне, ыждағатты ісіне тәнті боламыз. Ризашылық сезіммен еске алып, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге тұтамыз. Елі үшін туып, елі үшін еңбек еткен азамат, дара тұлға, білікті басшы Қонысбек Қазантаев Тереңөзек ауданын басқарған уақытта адалдықтың арқанын керіп, өділдіктің, турашылдықтың туын желбіретті. Тереңөзек ауданын күмбезді биікке көтерді, ауылдарды қайта түлетті, жасартты, қала типтес бейнеге енді. Жанадан мектептер, бала бақшалар, ауруханалар салынды. Аудан ырысты да күрішті ауданға айналды. Мал басы артты, ет, сүт өндіру еселенді.

Қонекен экономикасы, әлеуметтік жағдайы тұралаған ауданға басшылық қызметке келісімен өзінің алдына ірі де күрделі істерді шешуді мақсат етіп қойды. Соның ішінде 30 мың гектар жер инженерлік жүйеге келтіріліп, тегістелді. Ондаған ауыл орталығы жанадан салынып, қала типтес бейнеге енді. Жанадан мектептер, бала бақшалар, ауруханалар салынды. Аудан ырысты да күрішті ауданға айналды. Мал басы артты, ет, сүт өндіру еселенді.

Қызмет бабын асыра пайдалануға, жеткен жетістікке тоқ-мейісуге ешқашан бармады, өзгелерге де жол бермеді. Оның басшылық дәуірінде бүкіл аудан жұртшылығы жұмылған жұдырықтай, тас түйін болып, жасампаздыққа жұмылдырылды. Сол атқарылған істердің игілігін аудан халқы бүгін де көріп, пайдаланып келеді.

Тереңөзек күріш совхозы «Күріш фабрикасы» атанды, облыста тұңғыш рет мемлекетке миллион пұт күріш өткізген миллионер шаруашылыққа айналды. «Шіркейлі» совхозы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Ильич, Қазақ ССР 50 жылдығы атындағы кеңшарлар жүзмындықтар қатарынан орын алды.

Сауыншы Қызкенже Пірішова, күрішшілер Қыдырқожа Майлықожаев, Бексұлу Синаева, Күләш Әсімова, Райкүл Жалғасбаевалар Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары болып сайланды. Жүздеген диқан, малшы, механизаторлар жоғарғы мемлекеттік марапаттарға ие болды. Қонекен тәрбиелеген шәкірттері Сейілбек Шаухаманов еліміздің екі облысын басқарды, Сәмит Даллабаев облыстың бірнеше ауданын, Жорабек Сарбалаков облыстық тұтынушылар одағын жемісті басқарды. Ондаған азаматтар елге қадірлі, сыйлы, қоғам және мемлекет қайраткерлері дәрежесіне көтерілді. Қонысбек Қазантаев қатал, талапшыл болды, барынша өділ болды. Қонекеннің дәйекті, өділ, шынайы сынынан, қатал тегінен шыңдалған басшылық қызметтегі азаматтар өмірден өздеріне лайықты орындарын тауып, еліміздің игілігі жолында аянбай еңбек етті, абыройға бөленді.

Қонекен негізсіз тапсырма бермейтін, қарамағындағыларға орынсыз талап қоймайтын. Аудан шаруашылықтарындағы күріш егісінің әрбір атызына дейін керзі етік киіп, жаяу аралайтын, малдың жағдайын көзімен көретін. Егіншімен ғалым-агрономның тілінде, малшымен ғалым-зоотехниктің тілінде сөйлесетін, ақылдасатын, кеңес беретін. Шынайы жағдайға қарап шешім қабылдайтын, міндет жүктейтін. Оларға үйрететін, өзі де олардан үйренетін. Іс басындағы азаматтар ол кісіге нақты жағдайды баяндап, жалған ақпарат беруден бойын аулақ салуға, шынайы нәтижеге қол жеткізуге қалыптасты.

Қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленов:

«Сыр бойында болыс көп,

Ең жаксысы Қонысбек» деп жоғары бағалаған.

Қонысбек Қазантаев — шын мәнісінде адалдығымен, өділдігімен, еселі еңбегімен Сыр елінің құрметіне бөленген қоғам және мемлекет қайраткері.

Ауданда қызмет істеген дәуірінде Қонекеннің ел үшін, халық үшін төккен тері, істеген еңбегі мемлекет тарапынан, аудан жұртшылығы тарапынан жоғары бағаланды. Қонекен КПСС-тің XXV съезіне делегат болып қатысты. КСРО-ның ең жоғары наградасы болып саналатын Ленин орденімен үш рет, Октябрь революциясы, Құрмет Белгісі ордендерімен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 2 рет Құрмет грамотасымен марапатталды. Тереңөзек кентіндегі өзі тұрған көшеге есімі беріліп, үйіне мемориалды тақта қойылды.

Есімі елімізге белгілі Қонысбек Қазантаев көзі тірі болса 90 жасын дүрілдетіп тойлап, Сырдария ауданы халқының құрметіне бөленіп, төрде отырса жарасып тұрар еді. Өкінішке орай, бүгінде Қонекен арамдыда жоқ. Қонекен пенделікке парасатын, ұсақтыққа ірілігін, кісәпірлікке кісілігін, қараңғылыққа жарығын қарсы қойып, еңкеймей, тізесі дірілдемей, ұнжырғасы түспей, қайсар қалпында Отан, ел мүддесінен ауытқымай дүниеден өтті. Бұл айтылған мәселелердің барлығы сөзіміздің басында келтірілген адам өмірінің басты сауалдарына, азамат ретінде ұстануға тиіс өмірлік қағидаларына қайраткердің қаншалықты сәйкес тіршілік еткендігін көрсетеді деп ойлаймын. Бақылық өмірінде Жаратқан иеміздің сұрағына Қонекен: «Тірлікте сауапты, игілікті істер жасадым, халықтан алғыс алдым, ынсабымды тыйып жүрдім, сүрінгенді сүйедім, деміккенді демедім, жер бетіне жарығым көп түсті» деп жауап берген шығар, жарықтық.

Қонекен — ел азаматы, қарапайым халықтың қамын ойлаған үлкен парасат иесі. Оның ғибратты ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі болады деп есептейміз.

Жаксының өзі кетсе де, көзі кетпейді. Ақыл-парасаты мол халықтың қамын өз басынан артық қойып, дүние-байлық жинауды мақсат тұтпаған, талапшылдық пен өділдікті қос қана-тұндай қатар ұстаған Қонысбек Төрешұлының өмірі кейінгіге өнеге.

Сырдариялықтар ел үшін туған Қонекендей ерді әрдайым құрметпен еске алатынына шүбәм жоқ. Ардақты тұлғаның 90 жылдық мерейлі тойын сабан тоймен ұштастырып, аудан бойынша дүркіретіп өткізіп, Қонекендей арысқа құрмет көрсетсе, аудандан бір мектептің атын Қонысбек Қазантаевтың атымен атаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Мұндай мерейлі шара арыстарын ардақтай білген, бірлігі ұйыған сырдариялықтарға тән қасиет.

Аббас КАМАЛАТДИН,
Сырдария ауданының құрметті азаматы,
аудандық мәслихат депутаты.

Бетті дайындаған Еркін ӘБІЛ.

Ақын, жазушы Қалмақан Әбдіқадыров 1903 жылы туған. Тұңғыш “Сырдария” атты өлеңі 1925 жылы “Еңбекші қазақ” жарияланды. 1928 жылы “Жалшы” деген атпен жеке жинағы жарық көрді. “Екпін” (1932), “Шахтер” (1934 ж) “Өлеңдер жинағы” (1935 ж) баспадан шықты. “Көлес қызы”, “Мақташы қыз” атты дүниелерінде еңбек адамдарының ерлік еңбегі бейнеленді. “Қажымұқан” (1952), повесін жазды, “Мың бір түнді” (1949, 1955, 1962) аударды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында төртінші Украина майданындағы қазақ тілінде шығатын газеттерде жұмыс істеді. Соғыстан оралған кезеңдерде жазушылар одағында, баспаларда, туған жердегі мәдениет ошақтарында еңбек етіп, өшпес із қалдырды. Бауыр басқан жерінен топырақ бұйырды.

Соғыстың аяқталған шағы. Мәскеуден шыққан пойыз жүйткіп келеді. Паровоз түтінін будақтатып, женіс қуанышына ортақтасқандай белгі бергендей

“ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚТЫҢ” АРБАКЕШІ

боздады. Қызыл вагон іші өңшең соғыстан қайтан жауынгерлер. Бір вагонда Кеңес Одағының үш бірдей Батыры келе жатыр. Солдат біткен осы үшеуді қоршап алған. Ортада ақын, жазушы Қалмақан. Ой, Қалекен әңгімені төгілті-ай. Ескі қиссаларды жатқа айтады. Әңгімені Бұдабайдан бастап, ақын Нартайдың жырларын төге айтады. Парсы тілдерінен хабары мол Қалекен “Мың бір түндегі” хан, уәзірлердің, ханшайымдардың әңгімелерін мөлдірете төгетінін қайтерсін. Жұлдыздарын жарқыратып Жақыпбек Махамбетов, Нағи Лиясов, Жаппасбай Нұрсейітовтер қолға түскенде қояндай болған немістің солдат, генералдарының кескін-келбетін майын тамыза айтқанда ішек-сілен қатады. Жаппасбай ауылдан бір құрдасы “ауылда тұз жоқ!” деп хат жазғанын тігіле тиек етіп, өскерден бір қап тұзды арқалап келе жатқанын айтса, Қалмақан Берлиннен бір қаптың аузын буып, кітап алып келе жатқанын жыр етіп айтып келеді. Қызық өмір-ай, бір солдатта бір қап тұз, екінші офицер, аға лейтенант Қалмақанда бір қап кітап! Шаруа қазақ Жаппасбайда тұз, ақында кітап?! — Жәке бір қап тұзыңыз не? — дейді солдаттар қаумалай түсіп.

— Ой, ауылым “Қызылтауда” тұз жоқ көрінеді. Барған бойда үйді-үйге таратып беремін. Астың дөмі тұз емес пе? Ауылым тұздан тартығып отырса керек.

— Туу, Жәке-ай ауылда тұз бар. Сізді әншейін әуреке салған ғой құрбыларың. — Шынымен солай ма? — дейді аңғал батыр Жаппасбай.

— Сіздің бір қап кітабыңыз не? — дейді сәлден соң солдаттар Қалмақанды ортаға алып.

— Бұл — қазына, сендер не білесіңдер, бір қап толы алтын арқалап келемін. Сендер мұның құнын білмейсіңдер. Ауылға барған соң бұл кітаптарды біртіндеп аудартам, бүкіл батыс, шығыс классиктерінің дүниесімен жерлестерімді сусындатамын! — деп Қалмақан от шашқан көзімен маңайына көз тастағандай болды.

Иә, елге қайтқан батырлар мен жауынгерлер Арал тұсына келгенде қуаныштарында шек болмады. Толқын атқан Аралдың ауасын жұтып, жерлестерінің құрмет-қошеметтерін көрді. Содан Қызылордаға келгенше ән-жыр қалықтады. Әр стансада ақын-жыраулар құшақ жайды. Ақын Нартайдың, Ақмырзаның бригадасы жырдан шашу шашып, бес жыл бойы неміспен арпалысып шаршап-шалдыққан ағаларының көңілдерін көкке көтеріп, қуаттандырып тастады. Жаса, Женіс! — деген Нағидың дауысы санқ етті.

Иә, сол өскерден оралған ағалардың біразымен кейін бейбіт еңбекте тұз-дөмдес болдық. Жаппасбай — шахтер, Нағи мен Жақыпбек колхоз, кеңшар төрағасы болды. Ақын Қалмақан жазушылығын бастады.

Сонау елуінші жылдың орта шенінде Шиелі аудандық “Өскен өңір” газетінде

қызмет істейтін кезім. Қызылордадан партия қатарына өте алмай, содан “ауданға барсаң тез өтесің” деген ақылмен Шиеліге келгенмін. Аудандық газетте журналист Дүйсенбі Ысмайылов жауапты хатшы екен. Ішіміздегі жазғышымыз Дүйсенбі. Өлең, макаланы бұрқыратады. Төрт беттік газетті Дүйсенбі, Шәден Бектасов, Жүніс Шәукебаев төртеуіміз толтырамыз. Сырқатынан айықпай жүрген Сейіткасым Сейтепов окта-текте соғады. Шағын әзіл-сықақтарын жазып,

әңгіме-дүкен құрып кететіні бар.

Бір күні ортамызға әдеби қызметкер болып Қалмақан аға қосылды. Алматыдан салтан келгенін, әйел-бала шағалары Сырға келмейтін сынай байқатса керек. — Бұл кім? — дейміз Дүйсенбіден.

— Бұл ақын, жазушы Қалмақан, Шиелінің тумасы, мына “Бактыата” деген жердегі №16 ауылдың азаматы. Соғыс алдында талай өлең-жырларын жаттап өскенбіз. Алматының дымқыл ауасы жақпай, бұдан былай Сырдың құрғақ ауасында жүруге дәрігерлер нұсқау берсе керек.

— Ой, әлгі “Мың бір түнді” мөлдіретіп аударатын, “Қажымұқанды” жазатын Қалмақан Әбдіқадыров пе? — дейміз Шәден екеуіміз. Жата-жастана оқыған кітап қой, “Мың бір түн!”

Сонымен, Қалмақан ағамен аудандық газетте қызмет жолымыз басталды. Теміржолдың арғы бетінде жеке бір үйде жалғыз тұрды. Газеттің партия, комсомол, совет тұрмысы деген бөлімдері бар. Нөмір сайын сол жайында материал әзірлеу керек. Еңбек адамдары, шопандар, егін орағы, мал қыстату туралы очерк, суреттеме, репортаж жазу тағы бар. Қалмақан аға осы дүниелерді жазуға қатты қаналады. Қаламы жүрмейді. Біз танырқаймыз. Содан Қалекен апта сайын бір жөшік вино алуды шығарды. Бөрімізге бөліп береді. Қалекене берілген тапсырма макаланы кезектесіп жазамыз. Сөйтіп, ақын, жазушыны газет күйбеленінен құтқаруды дәстүрге айналдырдық.


Бір күні Қалекене “Мың бір түнді” аударғаны үшін Алматыдан он мың сомдай ақша келді. Қалекен келген ақшаны өз отбасына түгелдей бөліп берді. Мұны-ңыз не дейміз?

— Ә, Алматыда ақын, жазушылар қаламақыны осылай отбасына бөледі. Мен де солай істедім. Мың сомын “ұры” қалтама бөліп салдым, — деп қарап тұр. Мұны сендерге жұмсаймын, мені макала жазудан құтқарсаңдар, жүйрік атқа мініп, елге шыққандай боламын.

Біз Қалмақан ағаның мінезіне талай танырқалдық. “Мың бір түнді” мөлдіретіп аударған, “Қажымұқан”, “Келес қызы” атты повесті жазған, талай поэма, өлең-жыр жазған Қалекен газет жырларына келгенде аяғына жемсау түскен жүйрік аттай қиналады. Жалпы, ақын, жазушыны газеттің күйбең тірлігіне салып, жанын қинағанымыз обал болғанын сол кезде байқамаппыз.

Бір күні Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов Қалекенді суыт шақырды. Жүзі жайдары, ақын-жазушыны бірден түсінетін Исекен:

— Қалекен, елге оралғаныңыз құтты болсын. Сізбен кездесудің сәті бүгін түсті, айып етпеніз. Қуаныштымыз. Сізге бір су жаңа автоклуб алғызып, мына “Қарғалы” бойындағы малшыларға қызмет көрсететін “Қызыл отауға” менгеруші студі бюро мүшелері қуаттап отыр. Қалай қарайсыз?



— Рахмет, Исатай. Келісемін. Менің қолым «Қызыл отау» ғой, — деді Қалекен жүзі жадырап ауыр жүк арқасынан түскендей. Мына газетің маған қиын соқты!

— Мен өз қаламақыма Алматы облысының “Политотдел” колхозына радио торабын тартқызым, ауылда кітапхананың кітап қорын толықтырдым. Ендігі арманым “Қарғалыны” түлетсем деймін.

— Арманыңыз орындалсын, көмектесеміз, — деп Исекен қолын қысты.

Ақын, жазушы Қалмақан Әбдіқадыров «Қызыл отау» жұмысын жандандырды. “Қарғалыда” мектеп-интернат үйін салдырды. “Жарты ауыл” елді мекенінде мектеп үйі іске қосылды. Бүгінде сол “Қарғалы” ауылы көркейіп, гүлдене түсуде. Аудан орталығындағы кітапхана Қалмақан Әбдіқадыров атында.

Ақын Қалмақан 1964 жылдың 30 сәуірінде дүние салды. Зираты Шиелінің “Алғабас” ауылында. Шиеліге кіреберіс-тегі үлкен жолдың бойында ақын Қалмақанның үлкен форматты суреті тұр. Көзге оттай басылады, тағзым етеміз.

Айтулы ақын, жазушы Қалмақанның туғанына биыл 110 жыл толды. Ақын “Сыр сарбаздары” атты “Келес қызының” бір тарауының циклі іспеттес кітап жазу ойында бар еді. Сол арман жеткізбеді. Жинастырып, құрастырар азамат болса ғой, шіркін!

Бір күні Шиелі аудандық “Өскен өңір” газетінде Қалекенмен әңгіме-дүкен құрғанымыз бар. Майын тамызып, қызық естелік айтқаны күні кешегідей көкіректе сайрап тұр. Бұған да елу жылдан асыпты. Жүйткіген уақыт ғой!

— Мен өскерде пулеметші болдым, талай немістің көзін жойдым. Көздегенім қалт еткен емес. Сендер білмейтін шығарсыңдар, бала кезім жалшылықпен өтті. Байдың қойын бақтым. Еңбегіме арық тоқты алатын едім, ол алмай жатып, жолда өлетін. Содан менің өлең-жырға әуестігімді бірден байқаған “Еңбекші қазақтың” жауапты хатшысы Бейімбет Майлин қызметке алды. Қызмет болғанда — “Еңбекші қазақтың” арбакеші. 1925 жылы 22 жасымда “Қалмақан арбакеш” атандым. Өлең-жырларымыз бұрқырата жаздым. Көзімді ашқан, мені танытқан — “Еңбекші қазақ”.

— Апта сайын “Еңбекші қазақты” арбаға тиіп алып, ауыл-ауылға таратамын. Арбада шоқпардай кекілі бар “Кертөбел”. Жануар ұзақ жолда сыр бермейді. “Еңбекші қазақты алып кал!” деп әр ауылға өлеңдетіп барамын. Сонымен, қойшы, астана Алматыға көшкенше арбакеш болдым. Қала маңайындағы отыз болыс менің екінші үйім болды. “Еңбекші қазақтың” тұңғыш насихатшысы, әрі белсенді таратушысы болғаным ризамын. Бейімбет Майлиннің төрбиесін көрдім, қаламымды ұштады. Шіркін-ай, Бейімбет нағыз сөз шебері еді ғой, — деп Қалекен сөзін жалғастыра бергені, естен кетпейді.

Сан-алуан пікір ойға оралады.

Ақын, жазушы Қалмақан Әбдіқадыровтың есімі Қызылорда орталығындағы бір көшеге берілсе, артық болмас еді-ау деп ой түйемін. Есімі осылайша жаңғырса ғой.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін жүргізілетін шаралардың көшенінде тұқым шаруашылығының алатын орны ерекше зор. Оның негізгі міндеттері: біріншіден, өндірісте өгіліп жүрген күріш сортының тұқымын тауарлы күріш өндіретін шаруашылықтарға жеткілікті мөлшерде дайындап беру. Қандай жақсы сорт болмасын, ұзақ жылдар өгілу барысында тұқымның сорттық сапасы нашарлап, азады және өнім азаяды. Сондықтан, тұқым шаруашылығының екінші міндеті — тұқымның таза сорттылығын, оның биологиялық жоғары шығымдылығын бастапқы қалпында сақтау болып табылады.

САПАЛЫ ТҰҚЫМ – ӨНІМ КӨЗІ



Ауылшаруашылық құрылымдарын күріш дақылдың сапалы тұқымымен қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша қазіргі таңда екі бірегей тұқым өндіруші, үш элиталық тұқым өндіруші және төрт I, II және III репродукциялы аттестатталған тұқым өндіруші шаруашылықтар бар. Атап айтсақ, «Түгіскен» ТШ, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, «Мағжан и К», «III-Интернационал жер» және «Қаптағай К» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері.

Биылғы жылдың 2-тамызында облыс әкімі К.Көшербаевтың басшылығымен өткен «Күріш шаруашылығын дамыту» жөніндегі мәжілісте Жалағаш, Кармакшы және Қазалы аудандарында тұқым шаруашылықтарын ашу тапсырмасы берілді. Қазіргі таңда Жалағаш ауданы бойынша «Сәрке батыр» ЖШС және «Таң ЛТД» ЖШС, Кармакшы ауданында «III-Интернационал жер» ЖШС, Қазалы ауданы бойынша «РЗА-Агро» ЖШС-да тұқым шаруашылықтарын ашуға қажетті құжаттарын дайындау үстінде.

Тұқым шаруашылықтарын қолдау мақсатында мемлекет тарапынан 2000 жылдан бастап субсидия бөлініп келеді. Республика бойынша тұқым шаруашылықтарына 2010 жылы — 2,1 млрд., 2013 жылы 2,5 млрд. теңге субсидия бөлінсе, бұл көрсеткіш 2020 жылға қарай 11,6 млрд.-қа жетеді деп жоспарлануда.

Қызылорда облысы бойынша 2012 жылға тұқым шаруашылықтарында өндірілген элита тұқымға 86 504 804 теңге, I репродукциялы тұқымға 70 997 500 теңге төленсе, биылғы 2013 жылы тұқым өндіруші шаруашылықтарды қолдау мақсатында субсидиялауға республикалық бюджеттен 79 млн. 473 мың теңге қаржы бөлініп, облыстық бюджеттен 140 млн. теңге төленіп отыр. Ал, Жаңақорған ауданында 2013 жылға жеміс-жидек, жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызып, өсіруді қамтамасыз етуге бөлінген субсидия 45 млн. 300 мың теңгені құрайды.

Бұл көрсеткіштер өсіп келеді. Өйткені, тұқым шаруашылықтарын дамыту, бәсекеге қабілетті жана сорттар шығару, ауылшаруашылық құрылымдарын сапалы тұқыммен қамтамасыз ету үкіметіміздің басты назарында.

З.САДАҚБАЕВ,
Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының тұқым шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Жарнама ілудің де жөні бар

Сыр елінің бас шаһары Қызылорда қаласының күннен-күнге көркейіп келе жатқандығы көзді де, көңілді де қуантады. Алайда аялдамалар мен сауда орындарындағы, көпқабатты үйлердің қабырғаларындағы жалбыраған жарнама парақшалары қала ажарына көлеңке түсіріп тұрғанын жасыра алмаймыз.

Кез келген жерге жарнама жапсырып жүргендер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 387 мен 330-бабы бойынша өзіне қалалар мен елді мекендердің көріктендіру ережелерін бұзу, тұрғын үй мен ғимараттарды, ортақ пайдалану орындарын ластағаны үшін айыппұл салынатынын білмейтін болса керек. Бірақ, заң талаптарын білмеу ешқандай жауапкершіліктен босатпайды.

Осы тұста айта кету керек, мысалы: косметика тауарларымен айналысатын жеке кәсіпкер студенттерді жалдап, Төле би көшесіндегі жаңадан қойылған электр бағаналардың бәріне «Жұмыс беремін!» деген жарнама парақшаларын іліп қойғаны анықталды. Бұл кәсіпкер азаматқа Қызылорда ҚІБ Әкімшілік полиция бөлімінің учаскелік полиция қызметкерлері ҚР ӘҚБтК 387-бабымен хаттама толтырып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

Әрине, біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін, жергілікті билік орындары жарнама парақшаларын ілуге арнайы орындар бөлген, жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлер жарнама парақшаларын осы бөлінген бұрыштарға орналастыруы керек.

Қала бөріміздің де ортақ үйіміз, сондықтан да әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қоғамдық тәртіп пен мәдениеттілікті сақтауға көңіл бөлгені артық емес.

Қ.АБДУЛЛАЕВ,
Қызылорда ҚІБ
баспасөз қызметінің
жетекшісі.

Тілбұзарға тосқауыл

Облыс кәсіпкерлерінің назарына!

Тіл туралы заң талаптарын сақтау, аймағымызда мемлекеттік тілді насихаттау және кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында, түрлі жарнамаларында қазақ тілінің бірінші кезекте қолданылуына аса мән беру баршамыздың міндетіміз болуға тиіс.

Төменде суреттері берілген нысан иелері Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заң талаптарын бұзып, мемлекеттік тілдің мәртебесіне мән бермей отыр. Кәсіп иелері бұл заңбұзушылықтарды жояды деген сенімдемеміз.

Алдағы уақытта тіл заңдылықтарын сақтамаған нысан иелерінің аты-жөндері де айдар бетінде жарияланатын болады.

Келіңіз, ағайын! Тілбұзарларды бірігіп тезге салайық!

Қызылорда облысының тілдерді дамыту басқармасы мен «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы жанындағы Жасотандықтардан құрылған «Таза тіл» тобы.




Қорқыт ата көшесі. Нысанның атауы: «Айя» той салону.
Кемшілігі: Нысанның қасбетіндегі сыртқы көрнекі жарнамалары тек орыс тілінде берілген.



Әйтеке би көшесі. Нысанның атауы: бұрынғы «Рембыттехника» ғимаратындағы халыққа қызмет көрсету орындары.
Кемшілігі: Бір ғимаратта орналасқан нысандардың барлық көрнекі ақпараттары орыс және ағылшын тілдерінде жазылып, ілінген.



А.Тоқмағамбетов көшесі.
Нысанның атауы: «Бумер» автокөлік жөндеу орталығы.
Кемшілігі: Нысандардағы барлық көрнекі ақпарат тек орыс тілінде жазылып, ілінген.



Қорқыт ата көшесі. Нысанның атауы: «Мираж» кафесі.
Кемшілігі: Нысанның қасбетіндегі сыртқы көрнекі жарнамалар тек орыс тілінде көрсетілген.



АҚШ дефолтты айналып өтті

АҚШ президенті Барак Обама елді бюджет дағдарысынан шығарып, үкіметтік мекемелер жұмысына қайта кірісетін заң жобасына қол қойды. Осылайша АҚШ дефолттан аман қалды.



Дауға айналып, елді дефолтқа ұрындыра жаздаған заң жобасын Конгресс екі апта талқылаған болатын. Ұзақ пікірталастан кейін ғана 16 қазанда Конгрестегі екі партия мәмілеге келді.

Іле-шала Ақ үйдің бюджет басқармасы «федералдық мекемелерде істейтін қызметкерлер бүгіннен бастап жұмысқа шығуы тиіс» деп мәлімдеді.

Бюджет жобасына қатысты қысқа ғана сөйлеген Обама республикашыл және демократ депутаттарға келісімге келгендері үшін алғыс айтып, «дәл қазір америкалықтардың сеніміне ие болатын уақыт екенін» ескертуді ұмытқан жоқ.

Конгресс мүшелері 17 қазанға дейін

үкіметтің қарыз алу шегін 16 триллион 700 миллиард АҚШ долларынан асыруы тиіс болған. Өйтпеген жағдайда АҚШ-та дефолт жарияланып, ол әлемдік қаржы дағдарысына қосымша себеп болатын еді.

Испания: Кедейшілікке қарсылар акция өткізді

— Испанияның 40 қаласында «Кедейшілікке соқтыратын байлыққа қарсы өрекет ет» ұранымен қарсылық акциялары өтті. Бұл туралы ИТАР-ТАСС дерегіне сілтеме жасап Newtimes.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Ереуілшілер үкіметті жаңа жұмыс орындарын ашуға байланысты қатаң шешімдер қабылдауға және ірі капиталдың ықпалын азайтуға шақырды.

Дамуға арналған қоғамдық бірлестіктердің президенті Мерседес Руис-Хименестің айтуынша, осындай қадамдар арқылы билік назарын кедейшілік шегінде тұрған миллионға жуық испан азаматтарына аударуға болады.

— Сонымен қатар, елдегі салық органдарының мәліметтеріне қарағанда, жыл сайын компаниялар мен ірі иеліктер қожайындарының салықтан жалтаруының кесірінен мемлекет бюджетіне әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалуға тиісті 90 млрд. еуро түспей қалады, — деді ол.

Франция: Бес жүз босқынға орын дайын

Франция БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары Антонио Гутеррестің сұранымы бойынша сириялық 500 босқынды қабылдауға өзін. Бұл туралы бірқатар батыстық БАҚ-қа сілтеме жасап Newtimes.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Ақпарат көзінің мәліметтеріне қарағанда, Франция президенті Франсуа Олланд бұл жөнінде Елисей сарайында Гутерреспен өткен кездесуде мәлімдеген.

Осыған дейін де Сириядағы 3 жылға созылған қантөгістен бас сауғалаған босқындарды қабылдауға 17 ел келісім берген болатын. БҰҰ-ның келер жылдан бастап жүзеге асырыла бастайтын бағдарламасы бойынша қазірдің өзінде 10 мыңнан астам босқынға шет елдерден орын табылып тұр.

Бразилия: Шеру соңы тәртіпсіздікке ұласты

Бразилияның көптеген қалаларында, оның ішінде Рио-де-Жанейро мен Сан-Паулуда мұғалімдерді қолдау мақсатында өтіп жатқан шерулер тәртіпсіздіктерге ұласып, полиция өкілдерімен қақтығыстар болды. Бұл туралы ВВС Орыс қызметі хабарлайды.



Ақпарат көзінің мәліметтеріне қарағанда, басбұзарлар әуелі дүкендер мен көліктерді қиратуға кіріскен. Кейіннен қарасы молайған олар полиция өкілдеріне шабуыл жасауға көшіпті.

Негізгі тәртіпсіздіктер ошағы Рио мен Сан-Паулу болды, — деп атап өтеді ақ-

парат көзі. Қазіргі таңда ел аумағында қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, дүкендер мен банктер жабық тұр. Көшелерді полиция бөлімдері жіті бақылауға алған.

Филиппин: Құрбандар саны 144 адамға жетті

Филиппин билігі магнитудасы 7,1 болған зілзаладан 144 адам қаза тапқанын жариялады, деп жазады УПРО.ru.

Сейсенбі күні болған табиғат апатынан 291 адам зардап шеккен, олардың жиырма-масы хабар-ошарсыз жоғалғандар санатында.

Зілзаланың ел экономикасына тигізген залалы әлі толық есептеліп болған жоқ. Апатқа байланысты пікір білдірген мамандардың айтуынша, мұндай жойқын зілзала соңғы 23 жылдан бері болмаған екен.

Тайланд: Сауда орталығында өрт шықты

Таиландтың Пхукет аралындағы ірі сауда орталығынан алапат өрт шықты.

Жергілікті ақпарат көздері өртте қаза тапқандар туралы мәлімет берді. Алайда, олардың нақты саны белгісіз. Тілсіз жауды ауыздықтауға 50-ге жуық өрт сөндіруші жұмылдырылыпты. Оқиғадан келген шығын шамамен 900 млн. батқа бағаланып отыр. Алдын ала мәліметтерге сай, өртке электр жүйесіндегі тұйықталу себеп болған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жалпы саяхатшылар арасында танымал Super Chear сауда орталығында қауіпсіздік шарасы сақталмайды. Бұған дейін бірнеше рет апаттық жағдайда тұр деп танылған екен. Алайда, шаһар билігі кешенді жөндеуге асықпаған.

МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ЕСЕПТЕНШЫ АРЫЛАТЫН ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

992	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010070403	КҮЗЕМБАЕВ МҰХАНБЕТ -ШАРІП ХАМИТОВИЧ	5,30726Е+11	1079	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017886310	МӘЛІК ҚАНАТ МАРАТУЛЫ	790728302760	1169	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017857834	МУСТАФАЕВ АҚАЙДАР АЯГАНОВИЧ	620427301980
993	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010374236	КҮЗЕНБАЕВ ТАЛҒАТ	7,10525Е+11	1080	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012059876	МАҒАЙ СВЕТЛАНА ВЛАДИМИРОВНА	7,41025Е+11	1170	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	600318803440	МУСТАФИН БАХИТЖАН ИЛЬЯМБЕКОВИЧ	нет
994	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010323070	КҮЗЕНБАЕВ ТҮЛЕШ	6,30514Е+11	1081	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018941147	Мадиевна Несиповна	640613402573	1171	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012485518	МУХАМЕДИЯРОВ САМАТ ГУРАЛИЕВИЧ	7,9011Е+11
995	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010294018	КУЛАБАЕВ АЛТЫНҒАЛИ	5,10728Е+11	1082	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018895425	МАДЕНОВА ГҰЛЫҒИРА ТИЛЕУКУЛОВНА	711013402202	1172	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018968270	МУХАМЕТШИН РУСТАМ РИФОВИЧ	84059302236
996	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012173405	КУЛАНБАЕВ БАЛҒАБАЙ МҰХАМБЕТИРОВИЧ	5,90102Е+11	1083	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012266748	МАДИЕВА ГҰЛЫЖАН САДЫРБАЕВНА	7,60419Е+11	1173	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010490472	МУХАМЕТШИН РҰСТАМ РИФОВИЧ	680113302665
997	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010631466	КУЛАМЕТОВ МҰРАТ АУЭСХАНОВИЧ	750426301872	1084	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012121369	МАЕВОВ АСАНХАН НУРХАНОВИЧ	4,50509Е+11	1174	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012077588	Мұханбеталиева Жанит	7,30815Е+11
998	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120080241	КУЛАМЕТОВА ТАУХАР БЕГЕВНА	8,40804Е+11	1085	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017788805	МАЖАНОВА РОЗА АСКАРОВНА	3,7072Е+11	1175	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010785450	МУХАМЕТОВ УСЕН	570519301304
999	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010587245	Кулжабаев Руслан Рүстемович	790413302598	1086	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018878227	МАЖИКЕНОВ АЗАМАТ АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ	830524301743	1176	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330710165384	МУХАНОВ БЕКМАХАМБЕТ	5,71026Е+11
1000	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012192544	КУЛЖУМУРОВ ТЕМИРБАЙ АБДИКАЛИКОВИЧ	6,70426Е+11	1087	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017989806	МАЖИТОВ МҰЗАРАП	540507301363	1177	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330710185286	МУСАЕВ ӨТЕБАЙ ДОСАНУЛЫ	7,60408Е+11
1001	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010682099	КУЛМБЕТОВА САУЛЕ АМАНҰЛАЕВНА	6,11113Е+11	1088	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330610004600	МАЙМАКОВ АЛЫП СЕЙТЖАНОВИЧ	6,3111Е+11	1178	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330510182981	Мыктыбаев Жомарт Ибраимович	7,90221Е+11
1002	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010782603	КУЛМАНОВА СҰЛУШАШ ТЛЕПОВНА	620105401718	1089	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330411011295	Майғанов Қайрат Қойшабыұлы	7,50123Е+11	1179	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010794785	МЫЛТЫҚБАЕВ АБДУАЛИ ТҮЛЕПЕНОВИЧ	610224301975
1003	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012169528	КУЛТАЕВА КУЛИЯ ГҰРМАҒАНЫТОВНА	6,31018Е+11	1090	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018976252	МАКАРОВ СЕРГЕЙ ДМИТРИЕВИЧ	760222302030	1180	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018858552	МЫРЗАГАЛИЕВА АЙНУР АЛХАНОВНА	820812402187
1004	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010648342	КУЛМБЕТОВ АЛИБЕК	нет	1091	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010062193	МАКЕНОВ ЕРМЕК АҚИМЖАНОВИЧ	6,79004Е+11	1181	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330710013385	МЫРЗАҒҰЛОВА БАЛЗАДА	4,91218Е+11
1005	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010648342	КУЛМБЕТОВ АЛИБЕК	нет	1092	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330520082737	МАКУЛБАЕВ ЕРБОЛ БЕКТЕМИРОВИЧ	8,20606Е+11	1182	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330810262940	МЫРЗАХМЕТОВ АҚДИХМАН АБДУАПУЛЫ	6,20615Е+11
1006	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017927971	КУЛМБЕТОВ АЛИБЕК АРЫСАЕВИЧ	670521301316	1093	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010055751	МАЛЫБАГАРОВА УМИТКУЛЫ	нет	1183	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018910510	МЫРЗАХМЕТОВ АЛИМХАН	530310303075
1007	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010770045	КУЛДАМАНОВ БАХЫТЖАН ЖАҚСЫЛЫКОВИЧ	671118302306	1094	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018936151	МАЛДЫБАЕВ АСКАР АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ	680320302978	1184	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010199419	МЫРЗАХМЕТОВ ЕРТАЙ	3,80601Е+11
1008	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012194914	Кулманова Гулнур Қарлыбековна	5,31002Е+11	1095	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010360537	МАМАКОВ ТЕМҰР	6,20801Е+11	1185	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012265928	МЫРЗАХМЕТОВА АСЕМКУЛ ТАНИРБЕРТЕНОВНА	5,80407Е+11
1009	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017880993	КУНТУХАРОВА ГҰЛЗАДА АБЗАЛОВНА	нет	1096	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120076584	Маманова Жанит Қойшабековна	7,11024Е+11	1186	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330810432817	МЫРЗАХМЕТОВА ДИНАРА ШИРЖАНҚЫЗЫ	8,30506Е+11
1010	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017880993	КУНТУХАРОВА ГҰЛЗАДА АБЗАЛОВНА	нет	1097	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010775794	МАМАШЕВ КАЙРАТ ТЕМИРТАЕВИЧ	761008302199	1187	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018957814	МЫРХИЕВ РУСЛАН ШАЙМЕРДІЕВИЧ	840902301284
1011	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012485864	КУПАҒҰЛОВА НАТИМА САКИБАЕВНА	5,20912Е+11	1098	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012467410	МАМБЕТОВА ГҰЛНАРА ЕСМУХАНОВНА	5,91015Е+11	1188	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010615376	МЫХАЕЛОВА ГҰЛСИМ МҰРАТБАЕВНА	620208401440
1012	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010073342	КУРАБАЕВ ГАНИ АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ	7,40721Е+11	1099	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010176915	МАМЕДОВ РМФИК	4,0112Е+11	1189	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012286997	МЯН ИРИНА ВИДОРЬЕВНА	7,81112Е+11
1013	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012467564	КУРБАКЕВ ШАХЗАДА	5,0022Е+11	1100	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010140155	МАМИРЯЙЕВОВА ШАРИПА	3,60615Е+11	1190	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010537304	НАБИЕВ АСАП ХАЛИМОВИЧ	631121301753
1014	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010195680	КУРБАНОВ ҚАЛДАР	4,10918Е+11	1101	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010600170	МАМУТОВА САРСЕНКУЛ ТИГЕЙБЕКОВНА	750215401128	1191	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018938686	НАТИМБЕТОВ ЕРІАН	380223301296
1015	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012609608	КУРМАНАЛИЕВА КУЛАЙША АБДИЕВНА	6,90812Е+11	1102	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012502489	МАМЫКОВ ТАНАТ ДЖУМАГАЛИЕВИЧ	7,50723Е+11	1192	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010182414	НАТИМЕТОВА КУЛШАРА	5,11231Е+11
1016	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017837642	КУРМАНБАЕВ ДОСАН	4,70606Е+11	1103	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010478096	МАРЧЕНКО НЕЛИЯ АЛЕКСЕЕВНА	420827400703	1193	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018871472	НАГОРНОВА ВИКТОРИЯ АНАТОШЕВНА	700507401671
1017	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012149479	Курманбаев Роман Орыпбасарович	6,70907Е+11	1104	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012291025	МАТАЕВ АМАНГЕЛЬДЫ БЕКБАЕВИЧ	7,00801Е+11	1194	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012455252	НАГЫМОВ КЕНЖАЛЫ ЖАНДЫЛДЫНОВИЧ	7,00221Е+11
1018	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010140287	КУРМАНБАЕВ САДЫР	5,31001Е+11	1105	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010566154	МАТНАЗАРОВА ЖАНМІЛ ЗИЛАЕВНА	640415402224	1195	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017883359	НАЗАРБАЕВ МҰРАТ	нет
1019	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010793110	КУРМАНБЕКОВА ГҰЛНАРА АБШІРОВА	621008402345	1106	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012306203	Маркелова Индира Қайырбековна	7,90505Е+11	1196	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017846080	НАЙЗАРАЕВ ЖУМАГАЛИ БАЖАНОВИЧ	6,00607Е+11
1020	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010662280	КУРМАНГАЗИЕВ АЛМАТ НЫСАНБАЕВИЧ	770729300578	1107	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012203719	Махамбетиров Бахмурад	5,50712Е+11	1197	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012124671	НАЙМАНОВА ЗАМАҒАЛҰЛ УМИТГАЛИЕВНА	6,70106Е+11
1021	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010199133	КУРМАНШЕВ ЖАРЫЛЖАСЫН	7,20826Е+11	1108	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018875189	МАХАМБЕТОВ ӨНУАРБЕК НОБЫҰЛЫ	530303300830	1198	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010200966	НАКИПОВ АРИПХАН	6,30707Е+11
1022	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018928854	КУСАИНОВА ЖАНАТ Ж.А.М.АБДИКОВНА	680102403481	1109	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010651457	МАХАМБЕТОВ ТАЛПАТ АКАНОВИЧ	681218301363	1199	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012220832	НАМ ВЯЧЕСЛАВ ВАЛЕНТИНОВИЧ	5,11011Е+11
1023	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012454892	КУСПАНОВ МАХАМБЕТ ЖАҚСЫБАЕВИЧ	5,80117Е+11	1110	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	3310122126172	МАХАМБЕТОВА АЛТЫНКУЛ АБИПХАНОВНА	5,90519Е+11	1200	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010620295	НАМ ОЛЕГ ИЛЬИЧ	610201302690
1024	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010024179	КУШЕБАЕВ БАХТЫАЙ БОКАЕВОВИЧ	нет	1111	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010076402	МАХАМБЕТОВА РАЙХАН	5,20315Е+11	1201	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010328577	НАРИМОВА МАЙЯ	7,50518Е+11
1025	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017897943	КУШЕНБАЕВ БАХЫТЖАН БЕДІЛШЕВНА	60531301268	1112	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120098772	МАХАМБЕТЖАНОВ ТҮЛЕПЕН АДИПТОВИЧ	7,20608Е+11	1202	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012454914	НАРКЕШБАЕВ БЕРДИЯР ТҰРСУНАЛИЕВИЧ	6,60606Е+11
1026	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331018937875	КУШЕРБАЕВА АЙНУР СЕРАЛИЕВНА	781022402135	1113	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	3310120280398	МАХАМЕТОВ УСЕНБЕК МАДЖИБЕКОВИЧ	6,10418Е+11	1203	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010535638	НАРЫМБЕТОВ КАЙРАТ ОРИКБАЕВИЧ	671111301171
1027	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017964791	КУШЕРБАЕВА КҰНДУЗАЙ ЕЛЮБАЕВНА	820413041675	1114	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017864232	МАХАМБЕТОВА АҚДИДДАР НУРАДИНОВНА	780419404041	1204	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010515820	Наурызбаев Еркен Нұрмағамбетович	660422303025
1028	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017997961	КУШЕРОВ ШАХНАЗАДА	нет	1115	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010226354	МАХАМБЕТОВА УТЖАЛГАС	4,00308Е+11	1205	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010321096	НАУРЫЗБАЕВ АҚМЫРЗА	5,70606Е+11
1029	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012177987	Кушешбаева Кулсайып Кенесовна	7,11129Е+11	1116	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330510218678	МАХАНОВ БОРИШАЙ НАХТАБАУЛЫ	6,91208Е+11	1206	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017847661	НАУРЫЗБАЕВ ЕРМАТАНБЕТ НУРМАҒАНАТОВИЧ	640111302357
1030	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120177699	КХ АДИПЕТ (КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО АДИПЕТ)	нет	1117	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010087232	МАХАНОВ КАЛЫКАЙ АЖИЕВИЧ	5,3031Е+11	1207	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017882010	НАУРЫЗБАЕВ КУАНЫШБЕК АҚМЫРЗАЕВИЧ	810703008085
1031	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120181796	КХ АЙТМУРАТ (КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО АЙТМУРАТ)	нет	1118	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012199849	МАХАНОВ САКЕН ОНГАРОВИЧ	6,80216Е+11	1208	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120205390	НАУРЫЗБАЕВ МАҒИМ МУХАМЕТСАЛИЕВИЧ	5,50423Е+11
1032	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120180177	КХ АЛИХАН (ЕСАЛИЕВ АЛИХАН)	нет	1119	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010008452	МАХАНОВ ТЕМИРБЕК НИЯЗБАЕВИЧ	6,20928Е+11	1209	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012148206	НАУРЫЗБАЕВА ЗБАЙДА КАЛДІЛІЕВНА	6,20713Е+11
1033	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120177666	КХ АНАФИЯ (КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО АНАФИЯ)	нет	1120	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120263112	МАХАНОВА ЗОЯ ЖАҚСЫБАЕВНА	8,51205Е+11	1210	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331017797760	НАУРЫЗБАЕВА ОРЫНКУЛ ХАМИТОВНА	6,51129Е+11
1034	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120181893	КХ АШЫК-МЫРЗА (КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО АШЫК-МЫРЗА)	нет	1121	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	33010619497	МАХАТАЕВ ГАЛЫМ КАМАЛОВИЧ	730419301956	1211	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331012193850	НАУШАЕВ МҰХАМБЕТ БОДЫКОВИЧ	6,60117Е+11
1035	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120181828	КХ БАҒАНАЛЫ БАТТАЛ (КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО "БАҒАНАЛЫ-БАТТАЛ")	нет	1122	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010220581	МАХАТОВА АЛТЫНКУЛЫ	6,71018Е+11	1212	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	331010349228	НАХИЕВА ЗЕЙНЕКУЛЫ	4,70307Е+11
1036	Қызылорда қаласы бойынша СБ	3310	330120181301	К													



● ТАҒЫЛЫМ

Елі үшін еңбек еткен ердің ісі қашанда көптің аузында болары сөзсіз. Сонау Кеңес заманы тұсында, партия деген биліктің қылышынан қан тамып тұрған кезеңде халықтың қамымен жүрген азаматтардың еңбегі қазіргі ұрпақ үшін жай әңгіме секілді көрінер. Алайда өмірдің сол уақытта өркендеп дамуы үшін, коммуналдық шаруашылықтың дамуына үлес қосқан жандардың тынымсыз жұмысы біз үшін үлгі өнеге болатын. Мен өзім жақсы танитын іскер азамат жайында әңгімелегім келіп отыр.

Туған жердің Туғырлы тұлғасы

1969 жылдың қазан айының басында Теренөзек ауданы тұтынушылар одағының төрағасы қызметіне сайланып, енді жұмыс жасап жатқан кезім еді. Сол кезде Әлиакбар Пазылов ағамызбен жұмыс бабында таныстым. Орта бойдан жоғары, сөйлеген сөздері сыпайы әрі мәнді, аудандық Совет атқару комитетіндегі кездесу кезінде бұрыннан танитын адамдай емін-еркін әңгімелесіп кеттік.

— Әлиакбар аға, мен жақында аудандық тұтынушылар одағының бастығы болып сайланып едім. Бізде қоғамдық тамақтандыру орны, нан пісіретін наубайхана, лимонад шығаратын цехтар бар. Осыған ауыз су және көріз су жүйесін тартуға көмектесуіңізді сұраймын, — дедім.

— Көмектесеміз, бәрі жақсы болады, — деді. Көп ұзамай арнаулы бригада келіп, таза су жүргізіп, оның көріз су жүйесін жолға қойып берді. Әлиакбар Пазылов ағамыз арнайы келіп, оларды іске қосуға қатысты. Бізді ол кісінің қарапайымдылығы, іскерлігі, ақкөңілдігі таңғалдырды.

Облыстың коммуналдық шаруашылығын басқарған кезде Қызылорда қаласында да көптеген жұмыстар жасалды. Республикада алдыңғы қатарлы облыстардың бірі болып, қала халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешті. Қалада енді бой көтеріп келе жатқан көпқабатты үйлердің қарқынмен салынған кезінде оның ауыз су және көріз су жүйесін бір жолға түсірді. Соның нәтижесінде облыстың коммуналды шаруашылығы республика бойынша алдыңғы қатарлы орында болып, жылына болатын көшпелі Қызыл Туды бірнеше рет жөніп алды.

Бұл кісі коммуналдық шаруашылықтың бастығы болып 3-4 жыл жұмыс істегеннен кейін Қызылорда қаласына келді. Сол уақытта қалада қонақ үйдің болмауын үлкен мәселе етіп қойды. Бюджеттен қонақ үй салуға қаржы алу да оңай болған жоқ. Жоғары органдарға, Коммуналдық министрлікке дейін шықты. Бір барғанда министр: «Бес жылдан бері бөлінген қаржыны үнемдеп

жұмсап, құрылыстарды салудың жоспарын артығымен орындап келесің. Енді тағы осындай 5 жылда коммуналдық шаруашылықтың жоспарын артығымен орындасан, қонақ үй салуға үкіметке хат жазып, ұсыныс береміз», — депті. Арада тағы да 5 жыл уақыт өткен соң, атқарылған жұмыстар бойынша республикада алдыңғы орынға шықты. Министр сөзінде тұрып, үкіметке ұсыныс беріліп, осы күнгі Қызылорда қонақ үйінің құрылысына қаржы бөлінді. Әлекең тез арада қалалық, облыстық Совет атқару ұйымдарымен келісіп, жерін алып, қонақ үйдің құрылысы басталды. Сол құрылыс аяқталғанша бастан-аяқ қатысып, оның уақытылы, сапалы бітуіне тікелей өзі атсалысты. Сөйтіп кезінде құрылыстың бітуіне өзінің іскерлігімен, еңбекқорлығымен үлес қосты. Өзге де коммуналдық құрылыстарға мән беріп, қала орталығындағы моншаны қазіргі талапқа сай кеңейтіп жөндеп, тұрғындардың алғысына бөленді. Көгалдандыру жұмысының алға

басуына көп көңіл бөлді. Әрбір көшеге су жеткізіліп, ағаш отырғызылып, оған қарайтын адамдар бекітілді. Сол кездері Қызылорда қаласын көгалдандыру жөнінде республиканың бірнеше рет көшпелі Қызыл Туын жеңіп алды.

Ол қазіргі кездегідей өндірісі дамымаған облыста мұндай жетістікке қалай жетті деген орынды сұрақ туады. Өз топшылауымша, ол кісі 1942 жылы 19 жасында әскер қатарына алынып, өзінің жауынгерлік борышын абыроймен атқарып, көптеген ордендермен, грамоталармен, медальдармен наградталды. Атап айтқанда, Сталинградты, София, Белградты, Будапештті, Венаны неміс-фашистерінен азат етудегі ерлігі үшін солардың атындағы медальдармен наградталды. Сонымен қатар, Украина майданында болғанда лейтенант атағын алып, взводтың командирі болды.

Ұлы Отан соғысында осындай ерлік көрсеткен Әлиакбар Пазылов ағамыз елге келіп жұмысқа тұрғанда да іскерлігін көрсете білді. Оның айғағы 28 жыл бойы Қызылорда облыстық Совет атқару комитетінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімін — облкомхозды басқарғанда ешқандай еңбек тәртібі бұзылмай, қаншама дүние-мүлік болса да, түгел сақталып, өз орнына жұмсалып еді. Сондай-ақ, ұзындығы 100 шақырым Аманөткел мен Аралдың ортасындағы ауызсу құрылысы аяқталды. Аудан орталықтарында монша, қонақ үй салынып, көшелерді асфальттау басталды. Қызылорда қаласының орталық көшелері тегіс жөнделді.

Дамыл таппай ізденудің арқасында бұрын артта қалған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын алдыңғы қатарлы орынға жет-

кізді. Сала қызметкерлеріне көңіл бөліп, айлықтарын уақытылы беруге, заңды берілетін тұрғын үйдің дер кезінде өз егесінің қолына тиюіне көмектесіп отырды. Алдына жұмыс бабымен келген адамдарды ықыласпен қабылдап, заңына, ережесіне байланысты мүмкіндігі келгенше мәселені тиімді шешуге тырысатын еді. Қызметтегі адамдармен сөйлескенде өте сыпайы, жағдайды түсіндіріп, алдағы тұрғын міндетті қалай атқаруға болады, оның қандай жолдары бар, соның бәрін талдап-таразылап ақыл беретін. Бірде ағамызға:

— Сіз неге жұмыс бабында бұдан да жоғары қызметке өспелісіз? — дедім.

— Інім, осы жұмысқа шүкір деймін. Мен қызмет бабында жоғарылауды ойламадым, ізденбедім, талпынбадым, коммуналдық шаруашылықта көп жыл жұмыс істеген соң ұжым өз үйімдей болды, соған ризамын, — деді.

Мен ағамыз Әлиакбар Пазыловтың еңбекқорлығына, жұмыстағы тазалығына, адалдығына, мансапқа қызықпайтынына таңғалдым. Соғыс және еңбек майданында аянбай қызмет етіп, бар өмірін ел бақытына арнаған ағамызды ұрпағы әр уақытта құрметтеп еске сақтап, жақсы істерін еш уақытта ұмытпайды деп білем. Қызылорда қаласынан оның атына бір көшенің берілуі осы ойымыздың айғағы. Өзі салдырған «Қызылорда» қонақ үйіне де асыл ағаның атын берсе деген тілегіміз бар. Сонда бұл біздің осындай көрнекті тұлғаны қадірлегеніміз болар еді.

**Жорабек САРБАЛАҚОВ,
экономика ғылымның
докторы.**

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Баспасөз клубында Қызылорда облысы бойынша монополияға қарсы инспекциясы мемлекеттік мекемесінің басшысы Әлім Аймырзаев журналистермен жүздесіп, инспекцияның биылғы жылдың өткен тоғыз айында атқарылған жұмыстар жөнінде айтып берді.

ӘДІЛ БӘСЕКЕЛЕСТІКKE БАСА НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Инспекция басшысының айтуынша, есеп беріп отырған мерзімде тауар нарықтарындағы талдаудың қорытындысы бойынша инспекция агенттікке тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне 4 субъектіні енгізу және 9 субъектіні тізімнен шығару туралы ұсыныс берген. Жалпы биылғы жылдың 1 қазаны бойынша алғанда тізілімде Қызылорда облысындағы субъектілердің саны 24-ке жеткен. Осы мерзім ішінде тиісті тауар нарығында бәсекелестік ортаның жайын бағалау мақсатында 21 тауар нарығына талдау жүргізілген. Соның ішінде 6 отын-энергетикалық кешені, 2 көлік, 3 теле-қатынас, 3 өнеркәсіп, 2 азық-түлік тауарлары мен басқа да екі салаға талдау жасалған. Талдаулар барысында сұйытылған газды көтерме сату, сұйытылған газды бөлшек сату, сол секілді интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің бөлшек саудасы, темір жол техникасына күрделі жөндеу қызметі және тағы да басқа бірнеше сала жұмыстарына талдау жасалған.

Есепті кезеңде инспекция монополияға қарсы заңнамасын бұзушының бойынша 4 субъектіге қарсы 4 тергеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, инспекция мамандарының күшімен 7 әкімшілік іс те қаралған. Соның нәтижесінде 3808200 тенге қаржы

мемлекеттік бюджетке түсірілген. Сондай-ақ, есеп беріліп отырған мерзім ішінде 23 мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік қатысумен заңды тұлғаларды құруға өтініш хаттар да қаралған. Жалпы өтініш хаттарды қарау барысында бір субъектіні құруға бас тартылса, басқа құрылған МКК мен ЖШС-лар білім, спорт, мәдениет және тұрғын үй шаруашылығы саласында жұмыс істейді. Сонымен қатар, өткен тоғыз айда екі экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініш хаттар да түскен. Оның бірі «Байқоңыр» «ӘКК ҰҚ» АҚ-на келісім берілсе, «КүмкөлТрансСервис» ЖШС-на ескертулер болғандықтан өрі оның құрылтайшысы ел аумағының шегінен тыс орналасқанына байланысты келісім беруден бас тартылған.

Негізі аталған мерзімде қолданыстағы монополияға қарсы заңнамалар нормаларын түсіндіріп, адвокаттандыру жұмыстарын жүргізіп, әділ бәсекелестіктің артықшылығымен инспекцияның қызметінің қорытындылары туралы ақпарат құралдарында өз уақытында мақалалар жариялаған.

Баспасөз мәслихаты барысында инспекция басшысы Ә.Аймырзаев журналистер тарапынан қойылған сауалдарға толыққанды жауап қайтарды.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінгі қоғам үшін үлкен мәселеге айналып отыр. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуптіо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Ежелгі Римде де «согуптіге» деген түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген мағына беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, көз қыстылықтың тигізер кесірін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле

би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің дамуына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Қызылорда облысы бойынша бақылау және
әлеуметтік қорғау департаментінің бас маманы.**

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

негізгі азық-түлік өнімдерінің 8 қазандағы бағасы

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.
Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп — 60, жуа — 40, сәбіз — 65, қызылша — 100, қырыққабат 55 тенгеден сатылуда.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласының мөлтек аудандарында ашылған «Изобилие» әлеуметтік сауда дүкендерінде сиыр еті — 845, тауық еті — 399, қарақұмық жармасы — 105, қант — 128, картоп — 70, өсімдік майы 250 тенгеден сатылып жатыр.

Арал ауданы. «Жеміс-Жилек» дүкенінде картоп — 55-60, жуа — 50-60, сәбіз — 90-100, қырыққабат — 70-80 тенгеден. Сонымен қатар, ЖК «Т.Исмайлова» дүкенінде қант — 144, өсімдік майы — 220 тенгеден,

«Береке» базарында I сортты бидай ұнын 53 тенгеден алуға болады.

Қазалы ауданы. «Ырыс-Болашақ және К», «Орын-ай» сауда орындарында жұмыртқаның 10 данасы — 160-170, картоп — 55-60, жуа — 40-50, қырыққабат — 60, сәбіз — 80-90, өсімдік майы 240 тенгеден сатылуда.

Қармақшы ауданы. «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп — 70, сәбіз — 80, жуа — 45, қырыққабат — 60 тенгеден. ЖК «Бекмұрзаева», «Маржан» дүкендерінде I сортты бидай ұны 52 тенгеден саудалануда.


Жалағаш ауданы. «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінен I сортты бидай ұнын 53, жұмыртқаны — 17, ал

тауық етін — 450, өсімдік майын — 240, жуаны — 45, сәбізді — 70, қырыққабатты — 60 тенгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Әділет» базарында ет 1200 тенгеден.

Сырдария ауданы. «Серікбол» дүкенінде картоп — 65, сәбіз — 80, қырыққабат — 60, жуа — 45, қант 140 тенге болса, «Коммуналдық» базарында тауық еті — 425, жұмыртқа 17 тенгеден сатылуда.

Шиели ауданы. «Ә.Шорабаев», «Максат» базарларында картопты — 50, жуаны — 30-40, сәбізді — 55-60, қырыққабатты — 50-60, жұмыртқаның 10 данасын — 160, тауық етін 410-450 тенгеден алуға болады. Сонымен қатар, I сортты бидай ұны 52 тенгеден саудалануда.

Жанақорған ауданы. «Мағжан», «Нұржан» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп — 60-65, жуа — 45-50, қырыққабат — 60, сәбіз — 70, жұмыртқа — 15 тенге. I сортты бидай ұны — 56, тауық еті 400-430 тенгеден сатылса, «Нұр» базарында еттің I келісі 1050 тенге.



ДҮЙСЕНБІ, 21 қазан

Қазақстан-Қызылорда

7.40 Үштаған 08.30 Сүнгүірлер тобы 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.40 Ботақан 12.00 Менің ұлдарым 13.00 Ізі қалған өнерде... 13.30 Жаналықтар 14.10 Жана күн 18.00 Жаналықтар 19.00 Менің ұлдарым 20.00 Дені саудын — жаны сау 20.25 История земли Сыра 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Қазақстан-2050». Новая стратегия развития 21.30 Жаналықтар 22.25 Аспан аруы 23.05 X/ф «Дом, милый дом».

ҚАЗАҚСТАН

17.00 «Менің Қазақстаным» 17.30, 20.30, 23.50 Новости 17.50,3.30 «Өзекжарды» 18.10,3.45 «... Үй болу қиын». Т/с 18.55 «Енбек түбі - береке» 19.00 «Заң және біз». 19.30 Т/с «Алғашқы махаббат». 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Олимп шыңы». Т/с 22.35 «Келін». Т/с 23.20 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 0.25 «Sport.Kz» 0.45 Бокстан Әлем чемпионаты.

ХАБАР

17.00,18.00,20.00,21.00,23.45,00.30, 1.30,3.00 Новости 17.15 «Сүлейман сұлтан». Т/с 19.10 «Біз». Ток-шоу. 20.30 «Бюро расследований». 21.30 Т/с «Пилоты». 22.10 «Орталық ХАБАР». 23.15 Тотальный футбол. 00.15 Журналдар.

ЕЛ АРНА

8.30 Ән арна 8.25 Дәрігер Ахметова 10.50 Мультфильм 11.05 Гео-джуниор 11.40 Ібіліс 2.50 Күн сакшылары 13.30, 18.00, 00.30 Жарайсын 14.00 Дон И 15.10 Женіспен өрілген дәстүр 15.40 Әсем әуен Еларнада 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 М/с Бакутан 17.10 «Закрытая школа» 18.30 Премьера. «Сноски». 19.00 «Инновационный форсаж». 19.30 «Ән арна». 20.20 «Мүмкін емес...» 21.00 Телехикая «Көнізак» 22.10 Күн сакшылары 22.45 Кино. «Ни за, ни против».

КТК

17.05 Не ври мне 18.10 Давай поженимся! 19.15 Бесценное время. 20.30,21.00,3.05 Новости 21.45 Бежать 22.45,00.00 Шаповалов 23.45 «Рейдер» 1.00 Тайны следствия 02.35 Д/ф «Олимпиада каһармандары» 03.30 «Япыр-ай»

ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы

17.00 Новости 17.20 «Давай поженимся» 18.30 , 01.30 Новости 19.00 Вероника 20.00 Братство десанта 21.00 «Новости в 21.00» 21.35 Пусть говорят 23.00 «Семья» 1.00 Караоке такси 02.00 «Контрольная закупка» 2.30 Маруся 03.15 «Понять. Простить» 03.45 X/ф «Зонтик для новобрачных».

АСТАНА

17.00 Мың рет сүйдім 18.00 Жүрек жарған 19.00 Қыз ғұмыры 20.00,0.50 Новости 20.30,1.20 Новости «20.30»21.00 Чкалов 22.50 Kaznet 23.15 Разбивающая сердца 00.00 Открытая студия» 01.50 Ән шашу

СЕЙСЕНБІ, 22 қазан

Қазақстан-Қызылорда

7.40 Жаңалықтар 08.30 Сүнгүірлер тобы 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.30 Жолың болсын, балакай! 12.00 Менің ұлдарым 13.00 Сәтi тускен сұхбат 13.30 Арнайы репортаж 14.10 Жана күн 18.00 Арнайы репортаж 18.30 Бикен апа 19.00 Менің ұлдарым 20.00 Ұлт болмысы-ұлттық тарихта 20.50 Арнайы репортаж 21.00 Бизнес-бағдар 21.30 Арнайы репортаж 22.00 Д/ф «Әлия» 22.25 Аспан аруы 23.05 X/ф «Сардар».

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таншолпан 9.30, 12.30, 17.30 Новости 9.45,21.50 Олимп шыңы 10.40 Айтұға онай 11.25, 16.00 Тәуіп Хо Жун 12.45 Катерлі жихадизм 13.10 Алан 13.55, 19.30 Алғашқы махаббат 17.05 Ұлттық өнім 17.25 Енбек түбі -береке 17.50,3.00 Енселі Елорда 18.10 Үй болу қиын 18.55 Мультфильм 19.05 ЕХПРО жолы 21.05 Айтұға онай 22.35 Келін» 23.20,2.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев 0.25 Бокстан Әлем чемпионаты 04.05 Әлі есімде.

ХАБАР

7.00 «Жана күн». 9.00,10.00,11.00, 13.00, 17.00, 18.00,20.00,21.00,23.30,00.00, 1.00,3.00 Новости 9.10 «Бюро расследований» 9.40 «Табиғи микроәлемдер». Д/с. 10.10 «Біз». Ток-шоу. 11.10,22.10 Т/с «След». 11.50 Т/с «Пилоты». 12.30 Көзкарас 13.10 Білгенге маржан... 16.00 Телефон доверия 16.50 Подари детям жизнь 17.15,18.15 «Сүлейман сұлтан 19.10 Біз 20.30 Арнайы хабар 21.30 Мужская история». 23.00 «Опасный жихадизм». Д/ф.

ЕЛ АРНА

8.30 Ән арна 9.25 Дәрігер Ахметова 10.50 Мультфильм 11.00 Инновационный форсаж 11.20 Әсем әуен Еларнада 11.40 Кино. «Байғұс гусар туралы бірдене денізіші» 12.50 Күн сакшылары 13.30,18.00,00.20 Жарайсын 14.00 Дон И 15.10 Денсаулық А-дан Я-ға дейін 15.30 Пятый угол 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 Бакутан 17.10 Закрытая школа 18.30 «Шіркін, life - Бұрайыда!». 19.30 Ән арна 20.20 «Архифакт»- тарихи-танымдық бағдарлама. 20.40 Әзіл Tube 21.00 Көнізак 22.10 Күн сакшылары 22.45 Кино. «Ради будущего».

КТК

6.10,15.15 Қайран заман! 7.15 Япыр-ай 8.15 Айкуне 8.30, 12.00, 20.30, 21.00, 2.35

БЕЙСЕНБІ, 24 қазан

Қазақстан-Қызылорда

7.40 Жаналықтар 08.30 Сүнгүірлер тобы 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.30 Жолың болсын, балакай! 12.00 Менің ұлдарым 13.00 Біздің ауыл 13.30 Жаналықтар 14.10 Жана күн 18.00 Жаналықтар 19.00 Менің ұлдарым 20.00 Туған жер — түнған шежіре 20.30 Енбек түбі — береке 20.50 Салық және халық 21.00 «17» жастар бағдарламасы 21.30 Жаналықтар 22.25 Аспан аруы 23.05 Опасный жихадизм (2-часть) 23.30 «Қызғыш құс» к/ф.

ҚАЗАҚСТАН

7.00 «Таншолпан». 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.50 Новости 9.45 «Олимп шыңы». Т/с 10.40 «Айтұға онай...» 11.25,15.55 «Тәуіп Хо Жун» Т/с 12.45 «Агробизнес» 13.10 «Біз қазақша сөйлейміз» 13.55, 15.55 Алғашқы махаббат 14.55 Әйел бақыты 17.00 Мың түрлі мамандық» 17.50 Қылмыс пен жаза 18.10,3.20 Үй болу қиын 18.55 Мультфильм 19.05,2.10 «Жана Казакстан-2050» 21.05 Айтұға онай 21.50 Олимп шыңы 22.35 Келін 23.20,2.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев 00.25 Махаббат және пицца.

ХАБАР

7.00 «Жана күн». 9.00,10.00,11.00, 13.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.30, Новости 9.10 Жана қоғам 9.30 Табиғи микроәлемдер 10.10 Біз 11.10, 22.10 След 11.50,21.30 Мужская история 12.30 Көзкарас 13.10 «стана махаббатым менің 14.05 «Білгенге маржан...» 14.50 Музыкальные путешествия 15.10 Т/с «Танго с ангелом». 16.00 «Афганистан. Затерянные во времени». Д/ф. 16.35 Журналдар 16.50 «Подари детям жизнь». 17.15,18.15 Т/с «Сүлейман сұлтан». 19.15 «Біз». Ток-шоу. 20.30 Арнайы Хабар 23.30,00.30 Журналдар

ЕЛ АРНА

8.30 «Ән арна» 9.25 Дәрігер Ахметова 11.00 «Инновационный форсаж». 11.20 Кино. «Шатакқұмар шалдар». 12.50 Ұзақ жол 13.30,18.00,00.30 «Жарайсын». 14.00 Телехикая Дон И 15.10 Денсаулық А-дан Я-ға дейін 15.30 Сенім. Білім. КЗ. 15.50 Мультфильм 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 Опасный жихадизм 17.10 Закрытая школа 18.30 Махаббатка 10 кадам 19.30 Ән арна 20.20 Побочный эффект 20.30 Туған өлке 21.00 Көнізак 22.10 Ұзақ жол 22.45 «Каллас навсегда».

КТК

6.10,15.00 Т/с “Қайран заман!” 7.20,3.20 “Япыр-ай” 8.25 “Айкуне” гимнастикасы Абай Баймағамбетовпен 8.40, 12.00,20.30,21.00,2.35 Новости 9.10 Т/с “Пусть говорят” 11.00 “Семейные драмы” 12.40,23.45 “Рейдер” 13.00,21.45 Т/с “Бежать” 14.00,22.45 Т/с “Шаповалов” 16.15 Т/с “Махаббат мұны” 16.45 “Х-фактор” - news 17.05 “Не ври мне” 18.10 “Давай поженимся!” 19.15 “Бесценное время. Продолжение” 21.45 Лига европы УЕФА. “Шахтер” (Казахстан) - “Аз” (Нидерланды). 0.15 “В городке” 0.25 Обзор матчей лиги чемпионов 0.55 Лига Европы УЕФА. “Уиган” (Англия) - “Рубин” (Россия). 2.50 Деректі фильм “Бағынған белес”

ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00,3.15 «Понять. Простить» 6.45, 10.00, 10.35, 18.30 Новости 7.00 Доброе утро 10.05, 14.30 Сапа бақылауда 11.05 Домработница 12.10 Женский доктор 13.00 Модный приговор 14.05 Самый лучший муж 15.00 Новости днем 15.30 «Судебные истории» 16.25 Зверобой 17.20 «Давай поженимся». 19.00 Вероника 20.00 Братство десанта 21.00 «Новости в 21.00» 21.35 «Пусть говорят» 23.00 «Моя большая семья» 1.00 Караоке такси 02.00 Контрольная закупка 02.30 Маруся 03.45 «Самая обаятельная и привлекательная». X/ф

АСТАНА

7.00,20.30,1.20 Новости «20.30» 7.30, 10.00, 13.00,14.00,20.00 Новости 8.00,1.50 Ән шашу 8.10 Обзор интернета «Kaznet» 8.30 Домашние войны» 9.00,10,10,16.50 «Мың рет сүйдім» Т/с 10.20 «Алдар Көсенін көңілі оқиғалары». М/ф 10.30,18.00 Т/с «Жүрек жарған» 11.30,19.00 «Қыз ғұмыры» .Т/с 12.20 Ән шашу 12.30 Нагима Ескальева. «С несней по жизни» 13.10 «Ел аузында» 13.40 «Лица столицы» 14.10 Сериал «Исаев» 16.00 Сериал «Элина» 21.00 Сериал «Исаев» « 23.15 Т/с «Разбивающая сердца» 0.00 Ток-шоу «Status Quo»

ЖҰМА, 25 қазан

Қазақстан-Қызылорда

7.40 Жаналықтар 08.30 Сүнгүірлер тобы 09.00 Балапан 09.55 Мұражай 10.20 Дүниені дүр сілкіндірген күндер 10.45 Бала күтуші 11.40 Сыр жұлдыздары 12.00 Менің ұлдарым 12.50 Сыр сүлейін сұрасан... 13.30 Жаналықтар 14.10 Жана күн 18.00Жаналықтар 19.00 Менің ұлдарым 20.00 Дін мен діл 20.50 Сөз-анық 21.30 Жаналықтар 22.25 Аспан аруы 23.00 Арнайы репортаж 00.00 Дүниені дүр сілкіндірген күндер

ҚАЗАҚСТАН

7.00 «Таншолпан» 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.45 Новости 9.45 «Олимп шыңы». Т/с 10.40 «Айтұға онай...» 11.25,15.55 «Тәуіп Хо Жун» Т/с 12.45 «Менің Қазақстаным» 13.20 «Келбет» 13.50,19.30 «Алғашқы махаббат».Т/с 14.55 «Әйел бақыты» 17.00 «Жан жылуы» 17.25 «Енбек түбі - береке» 17.50,3.50 «Өзекжарды» 18.10,4.05 «ЕХПРО-2017 — прогресс козгалтық» 18.40 «Парламент» 19.05 «Иман айнасы» 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Ұлттық шоу» 22.55 «Келін». Т/с 00.15 «Жайдарман» 0.40 Бокстан Әлем чемпионаты. 02.15 «Парламент» 02.35 «Иман айнасы» 03.00 «Жан жылуы» 03.25 «Келбет» 04.30 «Ғасырлар пернесі»

ХАБАР

7.00 «Жана күн». 9.00,10.00,11.00, 13.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00 Новости 9.10 Арнайы Хабар 09.35 Табиғи микроәлемдер 10.15 Біз 11.10, 22.10 След 11.50,21.30 Мужская история 12.30 Көзкарас 13.10 Астана махаббатым менің 14.05 Білгенге маржан 14.50 Музыкальные путешествия 15.10 Танго с ангелом 16.00 Телефон доверия 16.50 Подари детям жизнь 17.15, 18.15 Сүлейман сұлтан 19.10 Біз 20.30 Вектор развития 23.30,0.30 Журналдар

ЕЛ АРНА

8.30 «Ән арна». 9.25 Телехикая «Дәрігер Ахметова». 10.50 Кино. «Чучело». 12.50 Ұзақ жол 13.30,18.00,00.20 Жарайсың 14.00 Дон И 15.10 Д/ф «Герои олимпиады». 15.40 «Сноски». 16.10 Әселдің құрбы - құрдастары 16.40 Д/ф «Опасный жихадизм». 17.10 Закрытая школа 18.30 «Фобия» 19.30 «Ән арна». 20.20 «Бәрі есімде». Тамар Асармен бірге. 21.00 Көнізак 22.10 Ұзақ жол 22.45 Кино. «Ликвидатор»

КТК

6.10,15.00 Т/с “Қайран заман!” 7.20 “Япыр-ай” 8.25 “Айкуне” гимнастикасы Абай Баймағамбетовпен 8.40, 12.00,20.30,21.00,2.35 Новости 9.10 X/ф “ Королева льда” 11.00 “Семейные драмы” 12.40,23.45 “Рейдер” 13.00 “Случайный попутчик”.X/ф 16.1-,2.50 Т/с “Махаббат мұны” 16.45 “Х-фактор” - news 17.10 “Юрмала - 2008” 19.15 Бесценное время 21.45 «Наша правда» 22.45 «Диагноз» 23.40 «Смотреть всем» 00.40 «Марли и я».X/ф 00.00 Обзор матчей лиги чемпионов

ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00,3.15 «Понять. Простить» 6.45, 10.00, 10.35, 18.30 Новости 7.00 «Доброе утро» 10.05,14.30 «Сапа бақылауда» 11.00 «Жұма уағызы» 11.15 X/ф «Эгоист» 13.05 «Модный приговор» 14.05 «Самый лучший муж».Т/с 15.00 «Новости днем» 15.30 «Охота за тенью» 17.25 «Жди меня» 19.00 ТВероника 20.00 «Братство десанта».Т/с 21.00 «Новости в 21.00» 21.35 «Поле чудес» 23.00, «Антиснайпер 4. Выстрел из прошлого» 01.00 «Человек и закон» 02.30 Маруся 03.15 X/ф «О бедном гусаре замолвите слово»

АСТАНА

7.00,20.30,00.50 Новости «20.30» 10.00, 13.00, 14.00, 20.00, 0.30 Новости 8.00, 1.20 Ән шашу 8.10,12.40 Kaznet 8.30 Т/с «Домашние войны» 9.00,10,10,16.50 «Мың рет сүйдім» .Т/с 10.20 «Алдар Көсенін көңілі оқиғалары». М/ф 10.30,18.00 Т/с «Жүрек жарған» 11.30,19.00 Т/с «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мы вместе» 13.10 Ток-шоу «Status Quo» 14.10,21.00 Т/с «Исаев» 16.00 Сериал «Элина» 23.15 Т/с «Разбивающая сердца» 00.00 «Внимание. ЧП!» 01.30 Ән шашу

СЕНБІ, 26 қазан

Қазақстан-Қызылорда

9.00 Жаңалықтар 09.50 X/ф «До свидания, Мелое!» 11.15 Дені саудын — жаны сау 11.40 Байқоңыр тынысы 12.00 Сөз-анық 12.30 Енбек түбі — береке 12.40 «Қазақстан-2050». Новая стратегия развития 13.00 Шанырақ 13.50 М/с. 14.00 Байқоңыр қаласы көркемөнерпаздарының мерекелік концерті 18.00 Санжар мен Қайсар 18.30 Әлемдегі шөл далалар 19.00 Біздің ауыл 19.25 Туған жер — түнған шежіре 20.00 Ақиқат аланы 20.40 Бизнес-бағдар 21.00 Бәйге 21.30 Үштаған 22.00 Қарағанды облысының мәдениет және өнер күндерінен концерт 00.00 X/ф «Возвращение Олмеса».

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт. 8.10 Мәлім де беймәлім Қазақстан 8.40 «Еріншектер елі». М/с 9.35 «Агробизнес» 10.00 «Дауа» 10.35 «Ас мәзірі» 11.10 «Қазақстан дауысы» 12.35 «Енселі елорда» 12.50 «Телқоныр» 13.35 «Мың түрлі мамандық» 14.05 «Білгірлер отауы» 15.00 «Туған елдің түтіні» 16.00 «Шетелдегі казак балалары» 16.30 «Жарқын бейне» 17.00 «Жиканкез» 17.50 «Келін». Т/с 19.40 «Жан жылуы» 20.05 «Арнайы репортаж» 21.05 «Жайдарман» 22.40 «Сіз не дейсіз?» 23.10 Новости 23.45 Бокстан Әлем чемпионаты. 1.15 «Ұлттық шоу» 2.15 «Арнайы репортаж» 2.40 «Енселі Елорда» 2.50 «Дауа» 3.20 «Ас мәзірі»

ХАБАР

7.00 Махаббат мерейі 8.35 Темір есіктін құпиясы 9.55 Подари детям жизнь. 10.00,11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, Новости 10.10 Народный эксперт. 10.25 Ұлт саулығы. 11.10 Едим дома 11.40 ПРОД. ВОПРОС 12.00 Халық сарапшысы 12.15 Наследие Земли 12.30 Контуры на карте 13.10 «Жансарай». Әшірбек Сығай 13.50 Журналдар. 15.10 «Волшебная лампа Алладина» 17.15 Бармысын, бауырым? 18.15 Сүлейман сұлтан . 22.45 X/ф «Большие надежды» 01.50 К/ф «Эдип патша».

ЕЛ АРНА

8.30 Әсем әуен Ел арнада 9.00 Архифакт 9.20 Оян. KZ. 10.10 Суперпапа 11.00 Саз әлемі 12.10 Сенім. Білім. KZ 12.30 М/с 13.10 Алтыбакан 13.40 «Ду-Думан» 15.30 «Жаным» 16.50 X/ф «Биле, биле» 19.00 X/ф «Две судьбы. Новая жизнь» 20.00 «Что наша жизнь...» 20.30 Кино. «Черный ястреб» 23.00 Кино. «Махаббат бекеті». 0.15 Концерт «Әсем әуен Ел арнада».

КТК

7.05 Д/ф «Женіспен Өрілген дәстүр» 7.45,12.00 Новости 8.15 «Юрмала-2008» 10.00 «Бақытын Өз қолында». Концерт Алишера Каримова 12.45 «Рейдер» 13.05 «Наша правда» 14.00 Диагноз 14.40 Смотреть всем! 15.40 Мега-караоке 16.40 Жүрекжарды 17.40 Табыстылар табылымы» 18.00 «Кривое зеркало». 20.00 «Х-фактор 21.00 Другая правда 22.10 X-фактор 22.45 «Хроники недели» 23.20 X/ф «Дом на краю» 01.20 «Звездная жизнь» — Топ звездных страхов 02.15 К/ф «Тайны судьб» 03.55 «Кыз кылығы»

ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00 «Маруся. Испытание» 6.45 X/ф «Кадриль» 8.15, 9.00 Новости 8.45 Смешарики 9.10 «Право на качество» 9.55 Т/с «Золотые ножицы» 11.30 Фабрика грез 12.00,12.45 Сенбілік жаналықтар 12.15 Тілші түйін! 13.00 «Ду кол шоколад» 14.00 Премьера. «Куб» 15.10Ж/ф «Испытание верностью» 19.20 «Минута славы. Дорога на Олимп» 21.00 Новости в субботу 21.35 «Ледниковый период» 1.05 «Что? Где? Когда?» 2.15 X/ф «Комиссар Монтальбано» 3.10 «Котовский».X/ф 3.55 «Понять. Простить» 4.25 X/ф «Кадриль»

АСТАНА

8.00 Новости «20.30» 8.30 Новости 9.00 «Қызықты қаржы» 9.15 Чудеса от Zepfer 9.40 М/с 10.00 Домашние войны 11.00 Одиссея сыщика Гурова 14.30 Лица столицы 15.00, 22.10 Красавчик 15.30 Қыз ғұмыры 18.00 Астана кеші көңілді 19.40 «Казнет» 20.00 Елаузында 20.30 Күнделік Армангүл Токтамұратпен ақарттық-сараптамалық бағдарламасы 21.20 «Мейрамбек Беспаев. Құс жолы» 21.50 Ваша честь 22.30 «Саған сенемін» 00.00 X/ф «Рокки».

ЖЕКСЕНБІ, 27 қазан

Қазақстан-Қызылорда

8.30 «Ән тербеген Қызылорда» 10.40 М/с 11.00 Бәйге 11.15 Асқарай 12.00 Дін мен діл 12.40 «Қазақстан-2050. Дамудың даңғыл жолы» 13.00 Үштаған 13.25 Өмір-өлен 13.50 Кала күніне арналған мерекелік концерт. 18.00 М/с 18.30 Әлемдегі шөл далалар 19.00 Байқоңыр тынысы 19.25 Сыр сүлейін сұрасан... 20.00 Шанырақ 20.40 Маржан сөз 21.00 «17» жастар бағдарламасы 21.30 Жүректен козғайық... 22.20 «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне» д/ф. 22.45 X/ф «Песни Абая».

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8.10 «Жиканкез» 8.35 «Еріншектер елі». М/с 9.30 «Айгөлек» 11.05 «Сыр-сұхбат» 11.35 «Аксауыт» 12.05 «Сіз не дейсіз?» 12.40 «

Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 26 орналасқан Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мәдени және демалыс паркі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос қызмет орнына конкурс жариялайды:

Функционалдық міндеттері:

- қолданыстағы заңнамаларға, Жарғыға сәйкес, парк қызметінде қабылданған шешімнің салдарына, сондай-ақ оның қызметінің нәтижесіне толық жауапкершілік ала отырып басшылық жасайды;

- парк аймағындағы мәдени-тұрмыстық және спорттық заттарды, жалға беру базасын, түрлі аттракциондар және басқа да халыққа қызмет көрсету нысандарын ұйымдастырады, көркемөнерпаздар ұйымдары, түрлі секциялар ұйымдастырады, бактық-саябақтық шаруашылықты баптайды және сақтайды;

- кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржы экономикалық, шаруашылық қызметін жалпы басқарады;

- кәсіпорын иелігіндегі мүліктердің түгелдігін, олардың мақсатты және нәтижелі пайдалануын қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Кәсіпорынның бейініне сәйкес жоғары экономикалық білім. Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне (функционалдық бағыттарына) сәйкес саланың лауазымдарында кемінде 1 жыл жұмыс өтілінің болуы;

- ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін (жалпы және негізгі бө-

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

лім), ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдеде Заңын, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын, ҚР «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңын, осы кәсіпорын жұмыстарын жүргізуге қатысты «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2335 Заңын, осы кәсіпорындарының қызметті саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу.

Өз саласы бойынша экономика және менеджмент саласындағы тәжірибесінің, стратегиялық жоспарларды талдай білу қабілеттілігінің болуы.

Сондай-ақ мемлекеттік басқару органы бекіткен тиісті кәсіпорын басшысының біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулығының негізінде кәсіби білімі анықталады.

Конкурс «Мемлекеттік кәсіпорындарының басшыларын тағайындау және аттестаттау ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі №635 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар «Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келесі құжаттарды тапсырады.

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- еркін нысанда жазылған өмір-дерек;
- нотариалды куәландырылған

білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

- нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі (түп-нұсқамен бірге) және соңғы жұмыс орнының келісім-шарты;

- денсаулық жағдайы туралы анықтама (Ф 86);

- 3х4 өлшемдегі сурет пен кадрлар есебі бойынша толтырылған іс-парағы (нақты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуі тиіс).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, т.б) ұсына алады.

Конкурсқа жіберілген үміткерлермен әңгімелесу құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған соң 3 жұмыс күні ішінде Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде **Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №21 үй, II қабат мекен-жайы бойынша өтеді.**

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде **Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №21 үй, II қабат, 3 кабинет мекен-жайы бойынша тапсырылуы тиіс. Анықтама телефондары (87242)30-57-40, 27-43-66.**

Аталмыш лауазымға орналасқан азамат үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің конкурстық комиссиясы.

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ӘРІПТЕС

Қырық төрт жасқа қараған шағында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты Джакешов Кенжебек Сарыбайұлы дүниеден озды.

Кенжебек Сарыбайұлы 1970 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1994 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушылық қызметтен бастаған ол қысқа ғұмырының 20 жылға жуық уақытын ұрпақ тәрбиесіне арнады.

Үлкенге қадірлі, кішіге бауырмал бола білген аяулы жан әріптестері мен шәкірттерінің арасында әрдайым сыйлы, іскер азамат ретінде көпке үлгі-өнеге бола білді.

Ақжарқын азаматтың бейнесі туған-туыстары мен жолдастарының, әріптестері мен шәкірттерінің есінде ұзақ уақыт сақталады.

Марқұмның жаны жаннатта болып, пейіште нұры шалқысын.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы.



САҒЫНДЫҚ, АНА, ЖҮЗІНДІ

Осыдан қырық күн бұрын әулеттің ұйтқысы, отбасының ардақтысы, балаларының аяулы анасы, немерелерінің сүйікті әжесі Жиёмұратова Күлән Төрешбайқызы дүниеден өткен еді.

Анамыз Күлән Төрешбайқызы Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. Үйдің үлкені болғандықтан еңбекке ерте араласып, өзінен кейінгі бауырларына қамқоршы болды. Тұрмыс құрып, өмірлік жары дүниеден өтсе де, балаларына жақсы тәрбие беріп, жоғары оқу орнында оқытып, бір-бір мамандық алуына бар күш-жігерін жұмсады. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды, немере-шөбере сүйді.

Күлән Төрешбайқызы өзінің турашылдығымен, адалдығымен бауырларына, ағайын-туысқа, абысын-ажынға сыйлы болды.

Жан ана, сіз едіңіз жан шуағы, Шанырақтың шұғылалы шамшырағы. Өзіңіз жоқ болған соң күн көмескі, Қайткенде көңіл, шіркін, ашылады. Жар болсын бәрімізге тәңіріміз, Сіз салған адастырмас тағылым, із. Ас беріп, дұға қылдық, қабыл қылсын, Нұрлансын аяттармен қабіріңіз...

Аяулы анамыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын.

Күлән Төрешбайқызының қонақасы 2013 жылдың 19 қазанында сағат 17.00-де, қыркы 20 қазанда сағат 12.00-де Қызылорда қаласы, М.Тілеулиев көшесі 38 үйде болатынын барша ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастарға хабарлаймыз.

Еске алушы: бауырлары, балалары, немере-шөберелері.



Қызылорда облысы бойынша бос жұмыс орындары туралы ақпарат

1.Арал ауданы бойынша

1.Арал аудандық Кеңес беру емханасы
Стоматолог -1

2.Қазалы ауданы бойынша

1. «Асыл-Ғани» ЖШС
Инженер-маркшейдер-2
Инженер-электрик-1

2. «Актілек» мейрамханасы

Аспазшы-1
Зал менгерушісі-1

3. «РЗА-Асыл түлік»

Кондитер-2
Малдәрігері-1
Зоотехник (жоғарғы білімді)-1

Программист (жоғарғы білімді)-1

4. «РЗА-Агро»

Инженер-механик (жоғарғы білімді)
Информатик (жоғарғы білімді) ер бала
Агроном (жоғарғы білімді)-2

Гидротехник (жоғарғы білімді)-1

Механизатор-10

Жұмысшы-30

5. «Қазалы психикалық-жүйке аурулар интернаты» мемлекеттік мекемесі

Дәрігер психиатр-1

Дәрігер психотерапевт-1

Дәрігер терапевт-1

3. Шиелі ауданы бойынша

1. «Шиелі аудандық емханасы» ШЖҚ МКК

жоғары білімді

1. Хирург - 1

2.Офтальмолог - 1

3.Маммолог — 1

4.Эндоскопист — 1

5.Жалпы тәжірибелі дәрігер — 3

11. «Шиелі аудандық ауруханасы» МКК

жоғары білімді

1.Инфекционист — 1

2.Акушер-гинеколог — 1

4. Қызылорда қаласы бойынша

1. «Фирма Best-Servise» ЖШС

Наубайханашы (вахталық әдіспен) -1

аспазшы-1

2. «Теплотехникс 2» ЖШС

КИПИА операторы -1

3. «ЕР-Дан и К» ЖШС

жұмысшы-10

4. «Сеним» ЖШС

терапевт-2

педиатр-2

окулист-1

5. №9 мектеп гимназиясы

Аудашы-1

6. ГКП «Қызылорда су жүйесі»

Мем. сатып алу бойынша маман -6

газоэлектросварщик—6

электрик линейный-6

электрик сменный-6

слесарь-19

автоэлектрик-1

медник-аккумуляторщик-1

7. филиал ЖШС «Zhelken trade»

автокрановщиктер (вахталық әдіспен, еңбек

өтілі 5 жыл)-3

экскаваторщиктер (вахталық әдіспен, еңбек

өтілі 5 жыл)-3

электромонтажниктер (вахталық әдіс-

пен, еңбек өтілі 3 жыл)-8

8.Жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедек-

терге арналған интернат үйі

9. «Асбөл» ЖШС

Еден жуушы -5

Ағаш ұстасы-6

жұмысшы-10

дәнекерлеуші-10

сылақшы-10

электрик-3

бетон құюшы-10

кузетші-3

10. «Шах-Исмаран» ЖШС

жұмысшы-5

11. «Жуманов Т» ЖК

жұмысшы-1

12. «Аль-Асад» ЖШС

Сауда делдалдары-2

зангер-1

кадр қызметкері-1

13. «KAZPETROL GROUP» ЖШС

инженер-технолог-1

КИПИА слесарі -2

ДЭС дизельшісі-2

электрик-2

14. «Озыс» ЖШС

Тігінші -25

15.ИП «Татиев Б»

Наубайханашы -4

жүргізуші-6

жүк тасымалдаушы-2

16. ЗК-169/1 мекемесі

акушер-гинеколог-1

врач-фармацевт-1

врач-рентгенолог-1

17. КРЭК АҚ

жүргізуші-1

18. «DPS Қызылорда» ЖШС

Бас директор-1

Бас технолог-1

19.Т «Латона» ЖШС

бетоншы-4

плотник-4

электрик-2

каменщик-5

штукатур-маляр-4

жұмысшы-7

20. «Керемет Сауда» ЖШС

кассир-1

экспедитор-2

жүргізуші-2

жүк тасымалдаушы -3

21.УИС

Қазақ тілі маманы, филолог-1

22. «Жедел-Сақшы» ЖШС

кузетші-2

электромонтер-1

23. «Гелиос» ЖШС

АЭС операторы -5

КИПИА инженері -1

24. «Қызылорда көп салалы колледжі»

Еден жуушы-2

25. «Келешек Б» ЖШС

Аспазшы-1

Қарауыл-1

Автослесарі-1

Фельдшер-1

Наубайханашы -1

26. «Гео инжиниринг Қазақстан» ЖШС

жұмысшы-2

Облыс тұрғындары мен заңды тұлғалардың назарына!

«ҚуатАмлонМұнай» біріккен кәсіпорнының Қоныс кенішінен Құмкөл кеніші бағытымен мұнай құбыры тартылған, жалпы ұзындығы 74 км. Құбыр бойына арнаулы айғақтағыш белгілері қойылып, құбырдың қорғаныс аумағы көрсетілген. Құбырдың автокөлік жолмен қиылысатын жерлеріне автокөлік нысанының тоқтауына тыйым салатын белгілер қойылған. Осы себепті де Сіздерден құбыр бойымен жүрген кездеріңізде қауіпсіздік шараларын сақтауыңызды сұраймыз.

БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Қызылорда МАЭ сотының 10.07.2013 жылғы шешімімен «NKM GROUP 1» ЖШС Қызылорда қаласы, Қаратоғай көшесі н/з (БСН 040240012106) банкрот деп танылды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Қызылорда қаласы, Бұдабай ақын көшесі 11 үйде қабылданады. Байланыс телефоны: 8(7242) 24 29 11.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Сарбалаков Жорабек Оспановичтің атына Қызылорда қаласы, Буденный (Аманқан Сәдуақасов) көшесі №76 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-006-1128 №0113562) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Утемуратов Мажит Жамитовичтің атына Қызылорда қаласы, Горький көшесі, №119 үйге берілген 1995 жылғы 7 сәуірдегі №Д-707 сатып алу-сату шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жанабергенова Бахыт Барбосыновнаның атына Жалағаш ауданы, Ақарық ауылындағы №124 орта мектебін 1992 жылы бітіргені жөнінде берілген А №199301 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«

● БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ



— Алдымен, балалар мен жасөспірімдер театрының сырбойылық көрерменге ұсынар сыйы туралы айтсаңыз. Репертуарларыңызда қандай спектакльдер бар?

— Қызылорда қаласындағы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында өтетін гастрольдік сапарымыздың шымылдығын Т.Теменов режиссерлік еткен М.Әуезовтің «Ай-Қарагөз» трагедиясымен ашамыз. Одан әрі С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясы, Иран-Ғайыптың «Фатима» қасірет-намасы (режиссері М.Ахманов), Ж.Солтиеваның «Сағым қуғандар» мистикасы (режиссері Б.Сейітмамытұлы), Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы (режиссері Ж.Хаджиев) және балаларға арналған Ө.Боранбаевтың «Ер көжек» музыкалық ертегісі (режиссері И.Әбілмәжінов) спектакльдерін назарларыңызға ұсынады.

Театрдың бүгінгі шығармашылық бет-алысынан, актерлік шығармашылық ойындарынан хабардар ететін гастрольдік қойылымдарда көрермен қауым Лидия Кәден, Гүлжамал Қазақбаева, Сағат Жылғелдиев, Жаксыбек Құрманбеков, Райхан Қалиолдина, Күлжәмила Белжанова, Рахман Омар, Мұхитдин Шынтаев, Әсет Иманғали, Жанар Макашева, Сәния Ерзат, Ақбота Қаймақбаева, Бейбіт Камаранов, Аида Жантілеуова, тағы басқа театр жастарының өнерлерін тамашалай алады.

— Балалар мен жасөспірімдер театрының репертуары туралы мәліметтер іздей отырып, ғаламтор бетінен Ай-Қарагөз трагедиясы туралы көптеген пікірлерге кезіктім. Негізінен қойылым сезімнің құдіретіне қарсы келу мүмкін еместігін баяндайды. Кейбіреулер ақылына көркі сай делінген бас кейіпкердің жеті атаға дейін қыз алыспаған ата-баба қағидасын білмеуін жазғырады.

— М.Әуезовтің шығармасы бойынша сахналанған қойылымда халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мағлұмат беріледі. Көтеретін тақырыбы қосылмаған,

Таяу күндері, яғни 21-26 қазан аралығында Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры Сыр еліне гастрольдік сапармен келеді. Өнер ұжымының қазақ театрының қазығы қағылған өмір тұрғындарына ұсынатын репертуарынан хабардар болу үшін театр директорының орынбасары, актер Жомарт Зейнәбідді әңгімеге тартқан едік.

КӨРЕРМЕННІҢ КӨБЕЙГЕНІ – ӨНЕРДІҢ ӨСКЕНІ

турасын айтқанда, қосылуға құқы жоқ ғашықтар тағдыры. Қаракөзге біреулердің жаны ашиды, енді біреулер, сіз айтқандай, жазғырып жатады. Спектакль қызу талқыланып жатса, кейіпкерлердің образдарын көкейдегідей етіп сомдаған театр өртістерінің шеберлігі деп айтуға болады.

— Бүгінгі заман — бәсекелестіктің дәуірі. Қазір ашылып жатқан әсеке театрлар мемлекеттік театрларға бәсекелес бола ала ма?

— Жеке театрлар өз бағытын қалыптастырып келеді. Мәселен, “Ақсарай” театры үйреніп қалған соқпақтан шығып, өз жолын іздеп жүр. “А.И” театрының тұсауы жақында ғана кесілсе де, классикалық шығармаларды сахналау арқылы денгейін дәлелдеді. Театрдың көбейгені жақсы. Біздің елдегі барша театрлардың саны бір Мәскеудегі өнер ордаларының санына да жетпейді.

— Өзіңіз елге белгілі театр және кино

өртсізсіз. Жаныңызға жақын рөліңіз қайсы?

— Мен Шиелінің Тартоғайында туып-өскенмін. Қазір Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында еңбек етемін. Сахнада сомдаған рөлдерімнің бәрі де жанымға жақын. Әсіресе, “Тұншыққан сазімдегі” — Ескендір, “Қорқыттың көріндегі” — Қорқыт, “Исатай-Махамбеттегі” Махамбет рөлдерін ерекше көремін. Соңғы қойылым Махамбеттің 200 жылдығында бас жүлдені жеңіп алды.

— “Театрға көрермен келмейді, спектакльдерде зал бос тұрады” деген пікірге

көзқарасыңыз қандай?

— Рухани байлық екінші кезекке ысырылып қалған кезеңнен өттік деп ойлаймын. 2000-жылдардың басындағыдай емес, халық театрға орала бастады. Көрермен сахнадағы өтіп жатқан құбылыстарды бетпе-бет отырып көргісі келеді. Аншлаппен өтетін спектакльдер көбеюде. Көрермен театрымыздың актерлік, өншілік, бишілік қасиеттері бір бойынан табылатын орта және жас буынының өнеріне тәнті болары анық. Бұл қойылымдар көрерменіне өнер қуанышын сыйлайтынына және Қызылорда қаласындағы өнер сапарымызды табысты өткіземіз деген сеніміміз мол.

— Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының 21-26 қазан аралығында Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық Қазақ музыкалық драма театрында өтетін гастрольдік репертуары		
21 қазан дүйсенбі	Ай-Қарагөз... (трагедия)	авт. М.Әуезов, реж. Т.Теменов
22 қазан сейсенбі	Келіндер көтерілісі / Бунт невесток / комедия	авт. С.Ахмад, ауд. А.Сүлейменов реж. М.Ахманов
23 қазан сәрсенбі	Фатима (қасірет-нама)	авт. Иран-Ғайып, реж. М.Ахманов
24 қазан бейсенбі	Сағым қуғандар /Мираж / (мистика)	авт. Ж.Солтиева реж. Б.Сейітмамытұлы
25 қазан жұма	Қозы Көрпеш – Баян сұлу (трагедия)	авт. Ғ. Мүсірепов реж. Ж. Хаджиев
Басталуы: сағат 18.30-да. Бағасы: 500, 700, 800 тт		
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СПЕКТАКЛЬ:		
22-25 қазан аралығында	Ер көжек музыкалық ертегі	авт. Ө.Боранбаев реж. И.Әбілмәжінов
Басталуы: сағат 12.00-де. Бағасы: 300, 400, 500 тт		
ШИЕЛІ АУДАНЫНДА ӨТЕТІН СПЕКТАКЛЬ		
22 қазан сейсенбі	Тұншыққан сезім (лирикалық комедия)	авт. Э. Хушвақтов ауд. И. Сапарбай реж. Б. Сейітмамытұлы
Басталуы: сағат 16.00-де. Бағасы: 500 тт .		

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!

Сіздерді 21-22 қазан күндері Қызылорда қаласында және Шиелі кентінде өтетін «Алтын күз-2013» мерекесі мен ақын, әнші-сазгер Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Алты Алашқа аты мәшһүр Иманжүсіп» атты мерекелік шараларға қатысуға шақырамыз.

Бағдарламада:

21 қазан сағат 10.00-де

«Алты Алашқа аты мәшһүр Иманжүсіп» атты ғылыми-практикалық конференциясы

Өтетін орны: Қызылорда қаласы Болашақ университеті

Сағат 11.00-де

«Даланың дархан тұлғасы» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы

Өтетін орны: Шиелі кенті Бұдабай атындағы аудандық мәдениет үйі

Сағат 16.00-де

«Ақ балдақ алмасымның сынығысын» атты республикалық ақындар айтысы және Иманжүсіп Құтпанұлының өндерін орындаушылардың фестивалі

Өтетін орны: Шиелі кенті, Салтанат сарайы

22 қазан күні сағат 09.30-да

Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрменкесі

Өтетін орны: Шиелі кенті Ыбырай Жақаев көшесі

Сағат 10.00-де

«Алты Алашқа аты мәшһүр

Иманжүсіп» атты театрландырылған қойылым және республикалық ақындар айтысының ақтық сайысы

Өтетін орны: Шиелі кенті Орталық стадион

Сағат 10.30-да

«Алтын күз-2013» мерекесіне орай сала үздіктерін марапаттау

Өтетін орны: Шиелі кенті Орталық стадион

Сағат 11.00-де

Қазақстан эстрада жұлдыздарының ән шашуы

Өтетін орны: Шиелі кенті Орталық стадион

Сағат 18.00-де

Қазақстан эстрада жұлдыздары Каспий тобы, Клара Төленбаева, Бауыржан Оспанов және т.б. өнер жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт, мерекелік оташу.

Өтетін орны:

Шиелі кенті Орталық стадион

Келіңіздер! Мерекелік іс-шаралардың куәсі болыңыздар!

Социалистік Еңбек Ері Цай Ден Хактың 100 жылдық мерейтойының БАҒДАРЛАМАСЫ

26 қазан 2013 жыл.

Қармақшы ауданы,

III Интернационал ауылы



УАҚЫТЫ	ІС ШАРА
10.00	Қонақтарды күтіп алу
10.00-10.40	Цай Ден Хак атындағы мұражайдың жұмысымен танысу
10.40-11.00	Цай Ден Хактың және «Тағзым» ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою
11.00-12.30	«Әлемнің әміршісі - еңбек» атты салтанатты жиын
12.30-13.00	«Алтын күз» егін жинау жұмыстарының қорытындысымен озаттарды марапаттау рәсімі
13.00-14.30	Мерекелік ас
15.00-18.00	Мәдени-спорттық шаралар /ақындар мүшәйрасы, ат шабыс (бөйге), қазақ күресі, гір тасын көтеру/
18.00-18.30	Мерекелік шараны қорытындылау, марапаттау рәсімі
18.30	Гала-концерт, мерекелік от шашу

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 23-74-62

Бас редактордың орынбасары 23-58-62

Жауапты хатшы 23-76-64

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50

экономика - 23-72-38, 23-78-08

әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08

жарнама - 23-80-38, 23-78-50

есеп-қисап - 23-81-06

заңгер - 23-64-20

компьютер орталығы - 23-77-45

корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:

Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-22-46

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қағамқа тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "PRINT" баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49.

Газеттің басылу сапасына

"PRINT" баспаханасы - 27-24-94,

таралымына "Қазпошта" - 23-54-51,

"Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: 120008

Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.

Таралымы 21148

Тапсырыс № 1885